- Қызықтыру үшін қосымша сабақтар ашу т.т.

Қорыта келгенде, оқушылардың, студенттердің, жалпы жастардың дене тәрбиесін дамыту жұмысында ұлттық ойын түрлерін, әдіс-тәсілдерін кіргізу жұмысының үлкен мәні бар. Әсіресе, спортшы, әскери мамандықта оқитын студенттерге атқа міну практикасын енгізу қажет деп санаймыз. Өйткені ат адамға күш беріп, рухын көтереді. Көшпенділердің, оның ішінде ат үстіндегі қазақтардың жауынгерлік рухы туралы халық арасында кең тараған тәмсiлдер жетерлік. Сондықтан ұлттық спорт түрлерін тек хобби не ескіден қалған мұра деп емес, ұрпақ, ұлт тәрбиесінің маңызды бөлігі деп қарауымыз қажет.

Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті

ӨМСИ Дене шынықтыру және спорт кафедрасының мұғалімдері

Аға оқытушы п.ғ.к К.С. Абишев аға оқытушы В.В. Погодин аға оқытушы Ашимхан Г.Р. Жумагулов А.А. оқытушы Сағат Н.С.

### **Әдебиеттер**

1. Әбішев К.С. Қазақ халқының ұлттық ат спорты. – Алматы, 2022 -41бет.
2. Болғанбаев М. Казакские национальные виды спорта. – Алматы, 1980 г.-75стр.
3. Буркитбаев А. Қазақтың ат спорты, Алматы, 1974ж., -32бет.
4. Абишев К.С. Ұлттық ат ойындары. Алматы, 2022 ж., -131бет.
5. Сатай Р. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы, 1991 - 175бет.
6. Дүйсенбайқызы А. Ұлттық ойындар ұмытылып барады...// <https://anatili.kazgazeta.kz/news/9804>.

## ЖҮЗУДІҢ СПОРТ ТҮРІ РЕТІНДЕ ДАМУ ТАРИХЫ

**Исаева Ә.Н. Phd доктор, аға оқытушы, Азтаев А.А. магистр, аға оқытушы Беков А.А. магистр оқытушы оқытушы**  
**Шымкент университеті, Шымкент қаласы**

**Аңдатпа:** Жүзе білу – өмірге өте қажет. Адам баласы ерте заманнан бері суда жүзумен айналысып келеді. Ал жүзуді, сүнгуді, судын бетінде қалқуды адам іштен туа білмейді. Мұны бала кезінен үйренген жөн, есейе келе ол кімге болса да қиынға соғады.

**Кілтті сөздер:** жүзу, жүйелі түрде жүзумен айналысу, салауатты өмір салты, жүзу сабақтары.

### HISTORY OF DEVELOPMENT OF SWIMMING AS A SPORT

**Isaeva A. N. Phd senior teacher., Aztaev A. A. senior teacher., Bekov A. A. senior teacher**

**Abstract:** Knowing how to swim is very necessary for life. Humans have been swimming in water since ancient times. And a person does not know how to swim, dive, float on the surface of the water. It is better to learn this from childhood, as it becomes difficult for anyone.

**Key words:** swimming, regular swimming, healthy lifestyle, swimming lessons.

**Өзектілігі:** Жоғарғы оқу орындарындағы дене шынықтыру қазіргі заман маманын даярлау мен қалыптастырудың ұлттық бағдарламасына енеді. Барлық мамандықтардың оқу пәні ретінде кәсіби дене дайындығын, саналы түрде салауатты өмір салтын ұстануға, денсаулығын нығайтып, студенттердің дене және психологиялық жағдайын тұрақтандырып, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастырады.

«Денсаулық – зор байлық, адам бақытының бастауы» - дейді халқымыз. Ата бабаларымыздың бұл дана ой-пікірі талай ғасырлар белесінен өтіп бізге жеткен. Ұлттың денсаулығы ұлан асыр байлық екені рас, тек оған ие болу үшін көп күш жұмсауымыз қажет. Денсаулық адамға бірақ рет берілетін табиғат тартуы. Ол тұрақты, мәңгілікке берілмейді, үзбей өзгерісте болады. Оны сақтау үшін еңбек сіңіріп, ауырмай тұрып іс-әрекет жасау керек. Оған нақты білім, ынта-ықылас, ерік-жігер қажет, онсыз баянды, әрі ұзақ денсаулықты сақтау қиын.

Елбасы өзінің 2015 жыл 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланыңдар. Жұмыс пен сұраныс бар өңірге батыл барыңдар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін, болашақ үшін жасалуда» деген болатын. Ендеше, еліміздің болашағы жас мамандардың денсаулығы біздің, оқытушылардың қолында. Оларға бағыт-бағдар беру, жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігін тәрбиелеу, әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алуға барынша назар аудару – ең басты бағыт болуы тиіс деп ойлаймын. Менің пікірімше, бұл үшін жұмыс орындарында, университеттер, мектептер мен балабақшаларда спортпен айналысуға жағдай жасалып, жұмыс күндері дене жаттығуларынан басталуы қажет, өйткені дене белсенділігі – салауатты өмір салтының бір көрінісі.

Біздің елімізде мемлекет тарапынан әр адамның спортпен айналысуына мейлінше жағдайлар жасалған. Жыл сайын халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа спорт нысандары пайдалануға беріліп жатыр, сондықтан жалпыхалықтық спортпен айналысу үшін қолда бар барлық ресурстарды белсенді пайдалану қажет. Сонда ғана біз, Елбасы талап еткендей, қазақстандықтардың 30 пайызына дейін жапыхалықтық спортқа тарта аламыз.

Бүгінгі таңда салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелерімен айналысатын ұйым өте көп. Бұл, әрине қуанышты жайт, өйткені бұл азаматтардың денсаулығын жақсарту және өмір жасын ұзартуға ықпал етеді.

Салауатты өмір салтын насихаттаудың тағы бір тиімді жолы – жоғарғы оқу орындарында жүзу сабақтарын жоғары деңгейде ұйымдастыру.

Жүзе білу – өмірге өте қажет. Адам баласы ерте заманнан бері суда жүзумен айналысып келеді. Ал жүзуді, сүнгуді, судың бетінде қалқуды адам іштен туа білмейді. Мұны бала кезінен үйренген жөн, есейе келе ол кімге болса да қиынға соғады.

Жүзе білетін адам судағы неше түрлі кедергілерді жеңеді, біреу суға батып жатса, оны құтқаруға мүмкіндігі болады.

Судың ішінде адам салмақсыз болатындықтан, денеге көп күш түспейді де омыртқа жотасы созылады, бұлшық ет талшықтары ұзарады. Соның әсерінен адам тұлғасы сымбаттанып, қимыл-қозғалысы еркін де әсем көрінеді.

Жүзу кезінде адам кеуде мен қарынға түсетін судың қысымын ішке терең дем тарту арқылы жеңеді, мұның өзі тыныс алу жүйелерін жетілдіріп, жұмысын жақсартады, оттегімен қамтамасыз етіп, өкпенің көлемін ұлғайтады.

Жүзу дегеніміз – судың бетімен немесе ішімен белгілі тереңдікте қолмен және аяқпен есу қимылдары арқылы адамның ілгері жылжуы. Осыған сәйкес бір-біріне ұқсас екі тәсіл болады: жүзу тәсілі және сүңгу тәсілі. Бірақ олардың бір-бірінен айқын айырмашылығы бар.

Алға қойылған мақсатқа қарай, жүзуді негізінен мынадай үш түрге бөледі: жалпы жұртшылықтың жүзе білуі, спорттық жүзу және қолданбалы жүзу.

Жұртшылықтың жүзе білуінің маңызы – жалпы халықтың дене шынығуын жетілдіруге тигізетін көмегінде. Мұны жүзеге асыру үшін, екі түрлі жұмыс атқарылды:

1. Көпшілікке жүзуді үйрету.
2. Жүзудің көмегімен денсаулықты және дене дамуын нығайту.

Жүзе білудің негізгі құндылығы – суға батып бара жатқан адамдарды құтқару, оларға уақытында көмек көрсету. Осыған байланысты халықты, әсіресе еліміздің болашағы – жас мамандарды жүзуге үйрету – маңызды міндет.

Суда жүзудің пайдасы – адамның денсаулығын нығайтатындығы, сонымен қатар, ол адам өзін таза ұстауға және денесін шынықтыруға көмектеседі.

Жүзу – адам ағзасын тепе-теңдікте өсуін жан-жақты қалыптастыратын спорт түрінің бірі. Жүзу дағдылары балаларға да, ересектерге де күнделікті өмірде қажетті.

Сол сияқты жүзудің емдік қасиеті де маңызды. Дұрыс ұйымдастырылған жүзу сабағы студентті жан-жақты дамытады, күштің қалыптасуына ықпал етеді, шыдамдылықты, ептілікті, жылдамдықты және басқада қабілеттерді қалыптастырады.

Жүзумен үнемі айналысу, әсіресе, жастайынан айналысу адамның өсуіне оңтайлы әсер етеді. Суда адам денесінің қалықтайтын жағдайда болатыны белгілі. Дененің суда көлденең жағдайда қалықтауы тірек-қозғалыс мүшелерін қатайтады, түрлі дене мүшелерінің жүйесін өсіреді, ішкі ағзасының жұмыс жасау үдерісін жеңілдетеді. Сонымен қатар, су теріні тазалаумен қатар терінің тыныс алуына да, балаларда жүрек қан тамырларының жүйесін, тыныс алу бұлшық еттерін жақсартады, өкпенің толық тыныс алу жолданы ашуына көмектеседі. Жүзудің орта жүйке жүйесіне оң әсер ететіні де барлығына белгілі.

Жүйелі түрде жүзумен айналысу омыртқаның дұрыс жетілуіне, гигиеналық тазалықтың сақталуына дағдыландырады, әр түрлі ауруларға қарсы күресу үшін организмді шынықтырады. Жоғарыда айтылған себептерге негізделе отырып, жүзу денсаулығы нашар балаларға да қажетті екені айқындалды. Жүзумен 1 сыныптан бастап айналысқан дұрыс, себебі, ол жастағы балалар жүзу техникасын тез ұғынады, ересектерге қарағанда олардың жүзу қабілеттері мен дене қимылы жылдам болады.

Сонымен, біз жүзудің мазмұнын сатылай меңгерту, алған білімдерінің практика жүзінде біліктілігі мен дағдыларын қолданыс табуы, оларды өз бетімен қолдана білуі, дидактикалық ережелердің сақталуы «белгіліден белгісізге» және «жеңілден ауырға көшуі» негіздеріне бағытталған.

Студенттердің жан-жақты дамуымен толығымен шынығуына, жүзу шеберлігін дамытуға бағытталған. Бұл өмірде қажет болатын біліктілік пен дағдыны, сонымен қатар, жалпы теориялық мазмұнды практика мазмұнымен тығыз байланыстыра отырып, студенттер жүзуді меңгереді.

Оқу-әдістемелік құралда жүзудің шығу тарихымен қатар, жеке гигиенаны сақтау, жүзудің өзіндік ерекшелігі, жүзу сабақтарын ұйымдастыру үлгілері ұсынылады.

**Қорытынды:** Қозғалыс мүшелеріне байланысты жүзудің бастапқы деңгейінде өз бетінше денесін шынықтыру мен жүзу дайындығына, жеңіл жарақаттарда дәрігерге дейін алғашқы медициналық көмек көрсетуге де үйретеді. Осы біліктіліктер болашақ маманның қалыптасуына, салауатты өмір сүруіне әсер етеді.

Студенттердің салауатты өмір салтын сақтап, жүйелі түрде дене шынығу және спортпен, соның ішінде жүзумен айналысуға баулу, жалпы және жан-жақты денесін дамыту.

Сонымен, оқу-әдістемелік құралдың мынадай міндеттерді іске асырады:

1. Студенттерді жүзу сабақтарына оңтайлы ету;
2. Жүзудің өмірге қажетті дағдыларын қалыптастыру;



3. Жүзудің негізгі (етпеттеп кроль, шалқалап кроль, брасс, баттерфляй) техникаларын үйрету және жетілдіру;

4. Студенттердің денесін сауықтыру, ойлау және дене шынығу іс-әрекеттерін оптималды (бірқалыпты) деңгейде ұстау, спорттық жаттығуын қадағалау;

5. Теория түрінде гигиеналық тазалықтың, дәрігерлік, дене шынықтыру және емдік-спорттық жүзудің қажеттілігі туралы ойларын қалыптастыру;

6. Дене шынықтыру қабілеттерін жақсарту және дамыту, оларды мектепте білім алу кезінде жоғары деңгейде ұстау;

7. Жоғары деңгейде тәрбиелік қасиеттерін қалыптастыру; ұжымдық сезімдерін, бір-біріне көмек көрсетуге, Отанға деген махаббатын тәрбиелеу.

Біздің университетімізде жүзу сабағы міндетті түрде оқу пәні ретінде өтеді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Белиц-Гейман С.В. Плавание / М.: Просвещение, 2000.
2. Булгакова Н.Ж. Плавание / М.: Просвещение, 2001.
3. Булгакова Н.Ж. Познакомьтесь – плавание /Н.Ж. Булгакова. – М.: ООО «Издательство АСТ»; ООО «Издательство Астрель», 2002. – 160 с.
4. Булгакова Н.Ж. Игры у воды, на воде, под водой. - М.: ФиС, 2000.
5. Велитченко В. Как научиться плавать. - М., 2000.
6. Викулов А.Д. Плавание. - М.: Владос-пресс, 2003.
7. Кардамова Н.М. Плавание: Лечение и спорт. – Ростов на Дону: Феникс, 2001.

### **ФУТБОЛШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДЫҢ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОҒАН БЕРІЛЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СИПАТТАМА**

**Исаева Ә.Н. Phd доктор. аға оқытушы, Садыкова Д.Б магистр,  
аға оқытушы Қосаков М магистр оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қаласы**

**Аңдатпа:** Футболшыларды дайындау процесінде шеберлік пен дағды тәрбиеленеді. Шеберлік пен дағдының ең биік шыңына жету үшін жаттығуларды бірнеше рет қайталау керек, сонда ғана тек шеберлік пен дағдыны тәрбиелеп қоймай, сонымен қатар барлық мүшелердің дамуына мүмкіндік туғызады.

**Кілтті сөздер:** футболшыларды дайындау процесі, футболшының алаңдағы ойыны, шеберлік пен дағды, ілімдік пен тәсілдік.

#### **METHODS OF TRAINING FOOTBALL PLAYERS AND PEDAGOGICAL DESCRIPTION**

**Isaeva A. N., Phd senior teacher., Sadykova D. B. senior teacher, Kosakov M. teacher**

**Abstract:** Skill and skill are brought up in the process of training football players. In order to reach the highest peak of skill and skill, the exercises must be repeated several times, and only then will not only develop skill and skill, but also create an opportunity for the development of all organs.

**Key words:** training process of football players, football player's game on the field, skill and skill, teaching and method.

**Өзектілігі:** футбол - спорт ойындарына жатады, себебі бұл ойынның өзіне тән заңдары мен ойын ережесі бар және нақты ұйымдастыру жүйесі бар. Демек, ойналған ойынды талқылаған кезде, біз оның қнегізгі қорытындысын айта отырып, футбол ойынының жүйесін белгілейміз. Мұның бәрі футбол ойышының негізгі заңдары мен принциптеріне жатады және футбол ойынының үйренуіне талаптар қояды. Футбол ойынының негізгі заңдары мен принциптері.

Ойында екі қарсылас команда болғаннан кейін әрқайсысы жеңу үшін жанын салып, соған жетуге тиімді жолдар іздеп, негізгі принциптерді қолдана білу керек, демек, жеңіске жету, бір жағынан допқа болып қарсылас қақпаға енгізу, екінші жағынан осыны қарсылас "Командаға орындатпау. Ойын барысында шабуыл мен қорғану екі командаға тән. Шабуыл мен қорғануды ойын фазасы деп айтады. Бұл екі фазаның екеуі де ойынның негізі. Бір ойында әр команда орта есеппен алғанда допқа 120-150 рет ие болады, демек, бір команда осынаша рет шабуылға немесе қорғануға мүмкіншілігі бар.

Лімдік және тәсілдемелік зерттеу үшін өткен ойынды талқылау әр команда алдына қойылатын талап, ал ойын жүргізу әдістерін жаңарту немесе арттыру үшін керек. Сондықтан ойын фазалары /шабуыл-қорғану/ кіші бөлшектерге бөлініп - ойын кесінділері деп аталады. Ойын барысында командаларға қысқа уақыттың ішінде бірнеше ойын жүргізу әдістерін пайдалануға талап қойылады. Оған: ұйымдастыру, жүргізу және шабуыл; аяқтау, шабуылдан қорғануға өту, қақпаны қорғау жатады.

Фазалар мен ойын бөлшектері бірнеше ойын көріністерінен тұрады.

Ойын көрінісі - бірнеше нақтылы ойын қимылдарынан тұрады. Қысқа уақыттың ішінде футболшы алдына қойылған талаптарды орындау керек.

Ойын заңы бойынша көріністер бірнеше рет қайталана береді. Сондықтан жаттығу жүргізген кезде осы ойын жүргізу әдістеріне үйреткенде әр фазалар қанша бөлшектерден немесе көріністерден тұратынын белгілеп алып, жаттығуларды сол ойын көріністеріне жақындатқан дұрыс.

Төреші ойынды тоқтатқан кездегі тағы бір көрініс - стандартты ойын қозғалысы деп аталады, /допты қойып қақпаға тебу, лақтыру, айып добын ойынға қосу/. Бұл көрініс қимылдары ойын тәртібінде белгіленген. Ойын фазалары, бөлшектері, көріністерінің белгі-категориясын жасай отырып, ойынның бар заңдарын көрсетеді.

Ойын көріністерін футболшылар жекелей немесе ұжыммен орындайды. Ол көріністер бірнеше қимылдардан тұрады. Негізгі фазаларға сәйкес, футболшы шабуыл немесе қорғану қимылдарын орындайды.

Ойын қимылдарының физиологиялық негізі - қалыптасқан динамикадан, ал динамикалық қалыптасу әр түрлі факторлардан тұрады. Олар ойынның алаңдағы жағдайында және ойыншының организмінің ішкі процестерін және бар жинақталған қарым-қатынастарды көрсетеді. Әр футболшының ойын қимылдарын, ойын тәсілдерін шебер орындауы және оны дер кезінде сыртқы күштерді және отырып, ойын көріністерінде орындай білуі. Ойын жүргізу әдістерінің жағынан қарағанда, футболшы ойын қимылдарын, психологиялық процестері және мидың жұмысына қарай ойын көріністерінде неғұрлым дұрыс жолдарын шеше білу.

Бұл ойынның негізгі екі компоненті, әр ойыншының шеберлігін және айқындығын көрсетеді.

Футболшының алаңдағы ойынының қимылдары екі бөлімнен тұрады: алаңдағы ойыншылардың шабуыл және қорғану қимылдары.

Футболшыларды дайындау процесінде шеберлік пен дағды тәрбиеленеді. Шеберлік пен дағдының ең биік шыңына жету үшін жаттығуларды бірнеше рет қайталау керек, сонда ғана тек шеберлік пен дағдыны тәрбиелеп қоймай, сонымен қатар барлық мүшелердің дамуына мүмкіндік туғызады. Спорттық дайындық дегеніміз көптеген факторларға, оның ішінде құралдарға, әдістерге және жағдайға байланысты процесс.

Демек, футболшының дайындығын дамытуды оқыту, /үйрену/ және жаттығу түрінде қарастырған жөн.

Оқыту дегеніміз көбінесе бастапқы кезеңде футболшыларға ойын тәсілдерін үйрету және шеберлік пен дағдыны, бір жүйеге келтіру процесі. Ал оқытудың негізгі мазмұны ойын тәсілдерін: қарапайым өзіндік, топтық және командалық ойын жүргізу әдістері мен қозғалыс мүмкіншіліктерін үйрету болып табылады.

Жатығу дегеніміз - дайындық процесінің жалғасы, оның негізгі мақсаты - үйреткен тәсілдерін, шынықтырудың түрлерін арттыру және оны баянды ету. Ал спорттық жаттығу дегеніміз бір жүйемен тәсілдемелердің түрлерін басқарып, дайындық жұмысын жүргізу.

Оқыту және жаттығуды көп жылдық арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процесс деп білу керек. Бұл екі процестің арасында еш белінбейтін біртұтас педагогикалық негіз бар. Себебі оқыта, үйрете отырып біз бір кезеңде жаттықтырамыз, ал жаттықтыра отырып, үйретіп оқытамыз.

**Қорытынды:** оқыту және жаттықтыру процесі спортшыны тәрбиелеу негізінен тұрады. Себебі оқыта және жаттықтыра отырып, футболшылардың мінез құлқын, психологиялық негізін, ерекшеліктерін тәрбиелейміз.

Сонымен қатар оқыту-жаттығу процесі әрине бапкерге /жаттықтырушыға да/ байланысты. Бұл педагогикалық процесте жаттықтырушы негізгі орталық фигура болып саналады. Сондықтан жаттықтырушы әр өтетін сабаққа мұқият дайындалу керек және өзінің, білімін күнделікті көтере, арнайы кәсіпқойлық жаңалықтарды біле отырып, тәжірибе жүзінде пайдалана білуі тиіс.

Футбол-атлетикалық ойын түріне жататындықтан ол адам ағзасының дене сапаларының жылдамдығын, ептілігін, төзімділігін, күш және иілгіштік қасиеттерінің жетілуіне септігін тигізіп келеді. Ойын барысында футболшы үлкен жүктеме алатын, оның септігі функционалдық мүмкіншілігінің өсуіне, ерік-жігер сапаларын тәрбиелеуге ықпал жасайды. Футбол ойынының негізгі екі коллектив арасындағы күрес болғандықтан, олардың ойыншыларының жалпы мақсаты-жеңіс,

жеңіске деген ұмтылыс коллективтік іс-әрекетіне өзара көмеке, жолдастық және достық сезімін тәрбиелейтіні белгілі болды.

Футбол ойынының алғашқы даму сатысында XIX – ғасырдың басында, спорттық әдістеме тәрбиесінің дамуына ықпал жасайтыны таныла бастады. Соғыстан кейінгі жылдардан бастап футбол клубтарында жаттығушылар жұмыс атқара бастады. Сол жылдары футбол клубтарының арнайы оқу-жаттығу жоспарлары құрылды. Ойын техникасы мен тактикасына басты назар аударылды.

1950 жылдардың басында футболшылардың жаттығу процестері циклдік сипатта болды. Жаттығу процесін жоспарымызда апталық, бір айлық және жылдық циклдерде жұмыстардың өткізілу жиілігіне байланысты, кезеңдегі жүктемені түсіру, жаттығудың кезеңдері мен этаптарында олардың көлемі және қарқынының өзара байланысын ескеріп отырды. Оқу-жаттығу процесінде дене-күш дайындығын жетілдіру сабағында, өзара әсер ететін жүктемені әрбір футболшыға жекеше жоспар құру арқылы іске асыру қажеттігі туындады. Бұл жерде әр футболшының жеке ерекшеліктеріне, олардың дене-күшінің деңгейіне қарай жоспар жасалынды.

Жеке жаттығудың негізгі формасы болып, жаттықтырушы және дәрігердің бақылауымен футболшының өзінше дайындығы саналады. Жекелей жаттығудың құрамын: дене-күш, техникалық, тактикалық, психологиялық, дайындықтарын тәрбиелейтін арнайы іріктелген жаттығулар енеді. Жүргізілген оқу-жаттығудың қай саласын алсақ та, ол дене-күш, техникалық, тактикалық, функционалдық және психологиялық дайындықты дамыту сабағы болып топтап өткізу әдісімен, жекелей дәріс берудің тиімділігі өте маңызды. Әрине тактикалық әдісті үйрету және жетілдіру сабағында және футболшыға жеткілікті түрде сабақ өткізу мүмкін емес. Тәжірибелеік маңызы футболшылардың оқу-жаттығу процесінің ары қарай дамуы теориялық және ғылыми - әдістемелік негіздегі бағытта болуды көздейді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Айкенов Ж., Азнаев М., Құрымбаев Е., Ерепбаев Н. Футбол ойыны.- Шымкент. 2009.- С.83.
2. Волков Н.И., Несен Э.Н., Осипенко А.А., Корсун С.И. Биохимия мышечной деятельности. – Киев; Олимпийская литература, 2000. – 503.
3. Голомазов С, Чирва Б, Футбол. Теоретические основы и методика контроля технического мастерства. Москва, Физкультура и спорт, 2001г.
4. Люкшинов Я.М. Искусство подготовки высококлассных футболистов. Москва, Физкультура и Спорт, 2003г.
5. Мак-Комас А.Дж. Скелетные мышцы.

### **МЕКТЕПТЕГІ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРІНЕН ӘДІС-ТӘСІЛДІК ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Исаева Ә.Н. Phd доктор. аға оқытушы, Казмамбетова А.А. магистр,  
аға оқытушы Шыныбек Н.Н. магистр аға оқытушы  
Шымкент университеті, Шымкент қаласы**

**Аңдатпа:** Болашақ спортшыл балуандарымыз қазақты әлемге танытып жүрген еліміздің мақтанышы болаған Балуан Шолақтың (Нұрмұхамбет), Қажымұқан Мұңайтпасовтың, А.Айхановтың, Ж.Үшкемпіровтің, Д.Тұрлықановтың және т.б. тәжірибелерін оқу-жаттығу сабақтарында қолданса олардың өн бойында жауапкершілігі артады және жаттығудың күрделілігін, қиындығын жеңіп, еліміздің көк туын әлемдегі талай мемлекетте желбіретері сөзсіз.

**Кілтгі сөздер:** қазақ күресі, ұлттық спорт түрлері, ұлттық энциклопедия, Балуан Шолақ күресі, палуан.

### **BASICS OF METHODOICAL PREPARATION FOR NATIONAL SPORTS AT SCHOOL**

**Isaeva A.N. Phd. senior teacher, Kazmambetova A.A. senior teacher,  
Shinibek N.N. senior teacher**

**Abstract:** Our future sports wrestlers, who are the pride of our country, who are introducing Kazakhs to the world, wrestler Sholak (Nurmuhambet), Kazhimukan Munaytpasov, A. Aikhanov, Zh. Ushkempirov, D. Turlykanov and others. if they use their experience in training classes, their responsibility will increase in their career and they will undoubtedly overcome the complexity and difficulty of training and fly the blue flag of our country in many countries of the world.

**Key words:** Kazakh wrestling, national sports, national encyclopedia, wrestler Sholak wrestling, wrestler.

**Өзектілігі:** Еліміздің егемендік алып, еңселеніп келе жатқан Қазақстан жерінде дене шынықтыру, ұлттық спорт ойындар мәселесіне сын көзбен қарауды қажет етеді. Біз қарастырғалы

отырған тақырыпқа орай осы кезге дейін талай ғылыми еңбектер мен мақалалар жарық көрді. Ұлттық спорт тақырыбында қаншама диссертациялар қорғалды. Оның барлығы сайып келгенде қазақтың ұлттық спорт ойындарының басқа халықтардыкінен айырмашылығы – оның шығуы мен пайда болуының ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінде. Ғалымдарымыз дене шынықтыру пәнінің теориялық дәлелдемесін қазақтың ұлттық ойындарының тәжірибелік жағымен біртұтас алып қарайды. Ұлтты ұлт етіп ұйытатын ата дәстүріміздің сақталуында. Біздің ұлттық спортымызға мемлекет тарапынан батыл бетбұрыстар қажет болып тұр. Олимпиада ойындарына қазақ спорт түрлерінің ішінен іріктейтін болса оған қазақ күресінен қолайлысы жоқ.

«Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған». Ал енді, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған».

Қазақ даласында балуандық өнердің өте көне тарихы бар. Бұдан 18 ғасыр бұрын 371-381 жылдар арасында ғұндар патшасы Баламбер (Атиланың бұрын) өзінің ұрыстардағы жеңістерімен ірі мемлекеттік келісімдерден соң үлкен той-жиын өткізіп, ат жарысы, балуан күресі, садақ тарту, найза лақтыру секілді сайыстар ұйымдастыратын болған. Ғұндар тілімен осы сайыстар «Ээр хүреш» деп аталған екен.

«Азиялықтардың күрес түрлері: қазақтарда белдесу немесе «күрес», өзбектерде «курэш», қырғыздарда «күреш», әзірбайжандар мен түркімендерде «гүлеш», татарлар мен башқұрттарда «күрящ» деп аталады. «Күрес» атауының этимологиялық түбіріндегі сәйкестіктің өзі, бір дәстүр, бір тектен тарағанын байқатып тұр».

Тарих түкпіріне үңілетін болсақ елімізде кең тараған күрестің бірнеше түрлері болған. Атап айтар болсақ мынадай түрлері белгілі:

- жалаң аяқ күресу;
- белбеусіз күресу;
- шапан киіп күресу;
- белдік буынып күресу;
- кеудені жалаңаштап күресу;
- аяқ киімді шешпей күртеше немесе шапан киіп күресу;
- күрес үстінде ұрып құлату;
- отырып күресу.

Ал қазіргі таңда Қазақстанда ресми түрде жалғыз ғана қазақ күресінің түрі ғана бар. Осы күрес басқа түрлерінің насихатталмай қалуы Кеңес өкіметінің солақай саясатының салдарынан жарыққа шыға алмай тұмшаланған күйінде қалып қойды. Президентіміздің бастауымен жандана бастаған мәдени мұраларымыз халыққа қайтарып жатқан тұста төл күресімізді де жаңғыртудың сәті оңынан туып тұр. Төл күресіміздің бірнеше түрін халық арасына кеңінен насихаттауды мықтап қолға алу керек.

Спорт түрлерінің ішінде қазақ күресінің өзіндік ерекшелігі күрес түрлерін зерттеп жүрген ғалымдарды қызықтырып жүр. Қазір дүние жүзіне әбден мойындалған, Олимпиада бағдарламасына кірген дзю-до, еркін күрес, грек-рим секілді күрестерде балуандар жерге итжығыс түссе де бірін-бірі мыжғылап, аяқ-қолын қайырып, лып етіп артына өтіп ұпай ала береді. КСРО халықтары күрестерінен жинақталған, орыстар жауынгерлік өнеріміз деп меншіктеп жүрген самбо да солай. Ал қазақ күресі – бекзат өнер. Тізеден төмен күреспейді. Жерге жығылған балуанды әрі қарай таптамау спорттағы тектілікті байқатады. Қазақ күресінің спорттағы басқа күрес түрлерімен салыстырғанда ешқайсысына ұқсамайтындығын айта кету керек. Мұнда партер деген мүлдем жоқ. Қазақ күресінің ерекшелігі сол – мұнда тік тұрып күреседі. Бір балуанды партерге жүрелетіп, екіншісінің оның артынан жабысу деген болмайды. Бұл нағыз ерлердің күресі деп айтуға болады. Бұл күресте адамгершілік, әділеттік қағидасы жүреді. Тек мықты болсаң, ғана құламайсың. Құладың екен, жеңілдің деген сөз. Екі балуан бірін-бірі жеңе алмаса белдесуге жіберіледі. Белі күшті балуан жеңеді. Атадан балаға тараған бұл күрес ептілікті, күштілікті, өжеттілікті талап етеді.

Қазақ күресінің басты ерекшелігі – табан тіреп ұстасқан сәтте тобықтан қағуға, шалуға рұқсат етіледі, ал ұстасқан бетте қолмен аяқтан алуға болмайды. Қазақ күресінің ауқымы кең. Қазақ күресі

жетік меңгерген кез-келген адам өзге халықтардың күресіне еркін түсе алады. Кейбір әдістер күрестің грек-рим түрлеріне сай келеді.

Халық арасында балуандарды белдесуге шығарудың дәстүрлері әр түрлі болған. Балуан шығарушы жақ өз балуанының жеңуін қалап, ол туралы мақтау мен мадақтауды аямаған. Балуанды атқа, түйеге мінгізіп әкеліп, елді таңдандыру, қарсыласының мысын басу мақсатында ноқталап, шынжырлап алып шыққан.

Балуандар күресін ел арасында күресу, белдесу, алысу, жекпе-жек, арысқа шығу, сынасу деп атайды.

Балуанның күрестегі дәрежесін көрсету мақсатында қолданылатын сөздерге: Бал балуан, Түйе балуан, Атан балуан, Нар балуан, Өгіз балуан, Сұңқар балуан, Тархан балуан, Толағай балуан, т.б. жатады.

Балуан адамдарға қаратып айтылатын сөздер: дәу, мықты, шоң, тегі жай емес, жауырыны жерге тимеген, тізесі бүгілмеген, басынан адам аттатпаған, бітімі бөлек, өр тұлға, батыр, білегі күшті, т.с.с. болып келеді.

XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан – Қажы Мұқан Мұңайтпасұлын мақтанышпен айта аламыз. Ол бар саналы ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қандастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген балуанымыз. Орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы! Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 28 мемлекетте күреске түсіп, 56 медаль олжалаған Қажымұқандай мықты XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазақта ғана болды. Ресейдің балуандар тобында Қажымұқаннан күші асқан ешкім болмағанын да айтуға тиіспіз. Дүние жүзінің чемпиондары Иван Поддубный, Иван Шемякин, Алекс Аберг, Иван Заикин, Георг Лурих, Георг Гаккеншмидт, Поль Понс, Вейланд Шульц сынды жампоздармен қатар жүру, боз кілемдегі айқастарда осы балуандарды шегінен жығып, бәйге алу – сол заманда нағыз ерлік еді. Ол кезде империяның буына семірген Ресей күресінің қожайындары қазақты шын мәнінде менсінбеуші еді. Қажымұқан сондай ортада намысын жатқа берген жоқ. Кеудесін ешкімге бастырмаған, күрес қожайындарының, төрешілердің сан мәрте әділетсіздігіне белі бүгілмеген, еңсесі түспеген нағыз қазақтың алып батыры десек қателеспейміз.

Болашақ спортшыл балуандарымыз қазақты әлемге танытып жүрген еліміздің мақтанышы болаған Балуан Шолақтың (Нұрмұхамбет), Қажымұқан Мұңайтпасовтың, А.Айхановтың, Ж.Үшкөмпіровтің, Д.Тұрлықановтың және т.б. тәжірибелерін оқу-жаттығу сабақтарында қолданса олардың өн бойында жауапкершілігі артады және жаттығудың күрделілігін, қиындығын жеңіп, еліміздің көк туын әлемдегі талай мемлекетте желбіретері сөзсіз.

М.Болғанбаев өз еңбегінде: «1928 жылға дейін күрестің бірыңғай ережесі болған жоқ. Жарысқа түсетін балуандардың салмағы ескерілмеді. Сондықтан көбінесе қарсыласынан күші ғана емес, салмағы да артық балуандар жеңіске жетіп келді. Жарыс жергілікті жерде ежелден қабылданған немесе алдын ала келісілген шартқа сәйкес ереже бойынша өткізілді. 1928 жылы қазақша күреске тән бүкіл әдіс-тәсілдерді түгелдей қамтыған бірыңғай ереже жарияланды», – деп жазады.

1938 жылдан бастап Қазақстанда тұңғыш рет салтанатты спорт жарыстары өткізіле бастады. Бұл жарыстың бағдарламасына қазақ күресі де енді. Сол кездегі астана Алматыда колхозшылардың бірінші республикалық спартакиадасында ұлттық қазақ күресінен алғашқы жеңіл салмақ категориясы бойынша 65 килограмға дейін болса, орташа салмақта 75 килограм және ауыр салмақта 76 килограмнан асатын салмақтағылар белдесуге түсті. Бұл қазақ спортындағы қазақша күрестен балуандығымен көзге түскен Семей облысының спортшылары С.Адасқанов, К.Алтыбасаров, И.Түменовтердің жеңімпаз атанғаны тарихтан белгілі.

1938 жылы республика чемпионаты алдында әр облыстарда біріншілік өткізілді. Онда жеңімпаздар «Қазақстан чемпионы» атағы үшін күресі жолдамасына ие болды. 1938 жылы Семей қаласында Қазақстан біріншілігі өткізіліп, Алматы, Павлодар, Семей, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарының балуандары қатысты. 1939 жылы Республика чемпионы атағын Құрманбаев (Алматы облысынан), Досқалиев (Батыс Қазақстан облысынан), Мусин (Павлодар облысынан) жеңіп алды.

1940 жылы бес салмақ категориясы бойынша республика біріншілігі өтті. Салмақ категориялары: аса жеңіл, орты, жеңіл, жартылай ауыр және ауыр салмақ болып бөлінді. Республика чемпионы атағын салмақ дәрежелері бойынша Байдәулетов, Құрманбаев, Төлегенов, Мохманов және Жұмабаевтар жеңіп алды.

**Қорытынды:** Ұлы Отан соғысы жылдарында бұрынғы бүкіл Кеңес одағындағы спорттың дамуы біршама тоқтап қалды. Тек 1944 жылы қазақ халқының батыры Аманкелді Имановтың мерейтойында спорттың түрлерінен жарыстар өткізіліп, қазақша күрестен де балуандар сайысқа түсті. 1945 жылы Ұлы Отан соғысы аяқталып, Ұлы Жеңістің мамыр айында құрметіне колхоздар мен совхоздарда қазақша күрестен жаппай жарыстар өткізіле бастады. Дәл сол жылдан бастап Қазақстанның спорт өмірінде ұлттық спорт түрлерімен айналысу кеңінен өріс ала бастады. Әрбір өтетін спартакиада бағдарламасына қазақша күрес те қалмай еніп отырды.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Айкенов Ж., Азнаев М., Құрымбаев Е., Ерепбаев Н. Ұлттық спорт ойыны.- Шымкент. 2009.- С.83
2. Волков Н.И., Несен Э.Н., Осипенко А.А., Корсун С.И. Биохимия мышечной деятельности. – Киев; Олимпийская литература, 2000. – 503.
3. Голомазов С, Чирва Б, Футбол. Теоретические основы и методика контроля технического мастерства. Москва, Физкультура и спорт, 2001г.
4. Люшкинов Я.М. Искусство подготовки высококлассных спортсменов. Москва, Физкультура и Спорт, 2003г.
5. Мак-Комас А.Дж. Скелетные мышцы.

**СПОРТТЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ӘЛЕМДІК МАҢЫЗЫ**

**Кулманбетов Төрехан – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистр оқытушысы, Түркістан, Қазақстан,**  
**Абуов Ербол – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистр оқытушысы, Түркістан, Қазақстан,**  
**Жолаев Нурсултан - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты,**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада, халықаралық спорттық байланыстардың халықтар арасындағы өзара түсіністікті қалыптастырудағы орны, осы бағыттағы әлемдегі ауқымды халықаралық шаралар жөнінде мәліметтер беріледі. Азия, Еуропа, Әлем чемпионаттары мен Олимпиадалық ойындардың әлемдік маңызы, бүгінгі таңдағы халықаралық спорттық шаралардың ұлттараралық достық, толеранттылық пен бейбітшілікті нығайтудың басты маңызды факторы екендігі жөнінде баяндалады. Қазақстандағы спорт, дене шынықтыру, саламатты өмір салты, бұқаралық спорт осы бағыттағы игі істер мен бастамалар жөнінде қысқаша мысалдар келтіріледі.

Мақала тақырыбына арқау болған әлемдік бейбітшілік пен халықтар арасындағы толеранттылықты дамытуға жағдай жасау Халықаралық Олимпиада Комитетінің басты ұстанымы болатын. Алайда, 1896 жылдан бастап қайта жаңғырып, өткізіліп келе жатқан Олимпиада ойындары Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде кезекті түрде өткізілмей қалғаны спорт тарихынан белгілі.

**Кілт сөздер:** спорт, іс-шаралар, әлемдік спорт, халықаралық деңгей.

**WORLD SIGNIFICANCE OF SPORTS EVENTS**

**Kulmanbetov Turekhan – Master teacher of Khoja Ahmet Yasawi International  
Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan,**  
**Abuov Erbol – Master teacher of Khoja Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University,  
Turkestan, Kazakhstan,**  
**Zholaeв Nursultan – Master student of Khoja Akhmet Yassawi International  
Kazakh-Turkish University**

**Annotation.** This article provides information on the role of international sports relations in the formation of mutual understanding between peoples and large-scale international events in this direction. The world significance of Asia, Europe, World Championships and Olympic Games, the fact that today's international sports events are the main important factor in strengthening international friendship, tolerance and peace are reported. Brief examples of good deeds and initiatives in this direction are given in Kazakhstan in sports, physical education, healthy lifestyle, and mass sports.

The main position of the International Olympic Committee was to create conditions for the development of world peace and tolerance between peoples, based on the topic of the article. However, it is known from the history of sports that the Olympic Games, which have been revived since 1896, were repeatedly canceled during the Second World War.

**Key words:** sport, events, world sport, international level

**Кіріспе.** Әлемдегі толеранттылық пен бейбітшілікті нығайтудағы басты бағыттың бірі – ол үлкен қоғамдық-саяси маңызы бар халықтардың мәдени ынтымақтастығы негізінде дамып отырған Халықаралық спорттық байланыстар (ХСБ). Өзінің даму барысында бұл байланыстар ұйымдастырушылық және құрылымдық өзгерістерді бастан кешіріп, олардың идеологиялық принциптері өзгерді. Қазіргі кезде халықаралық қауымдастықтың қызметінің арқасында халықаралық спорттық байланыстар халықтар арасындағы достық пен өзара түсіністікті, толеранттылық пен бейбітшілікті нығайтуда маңызды роль атқарады. Халықаралық спорттық байланыстар негізгі екі бағыт бойынша дамуда: – халықаралық спорттық қозғалыс (ХСК); – мемлекетаралық спорттық қатынастар (МСҚ). ХСК – бұл спортты дамыту, құрлық, әлем, олимпиадалық ойындардың чемпиондарын анықтау мақсатында Ұлттық спорт ұйымдарының, халықаралық спорт бірлестіктерінің көмегі арқылы түрлі елдердің спортшыларын мемлекетаралық біріктіру [1].

Көп ұлтты біздің еліміз үшін де толеранттылық пен бейбітшілікті берік ұстанып, нығайту мақсатында жоғарыда аталып өткен халықаралық спорттық ойындар мен шараларды ұйымдастыру, спорт саласындағы халықаралық байланыстарды жоғары деңгейде дамытудың маңызы аса зор деп есептейміз. Әрине, егемендік алғаннан бастап бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасында спорт саласына қатысты ауыз толтырып айтарлық игі бастамалар мен ауқымды шаралар жүзеге асырылып келе жатқаны да белгілі. Олардың бірсыпырасын келесі дәйектерден көруге болады: – 1992 жылы егеменді Қазақстан Республикасы спортшыларының тәуелсіз достастық елдердің бірлескен командалары құрамында алғаш рет Барселонадағы Олимпиада ойындарына қатысуы; – 1992 жылы Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитетінің құрылуы; – 1995 жылғы ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Жарлығы; – 1999 жылғы «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңы; – 1996 жылғы ҚР Президенттік тестілеудің бекітілуі туралы ҚР Үкіметінің Қаулысы; – Қазақстанның спорт түрлері бойынша федерацияларының құрылуы; – 2006 жылғы ҚР дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы Мемлекеттік бағдарламаны қабылдау туралы Президент Жарлығы; – 2007 жылғы ҚР дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар Жоспарын бекіту туралы Үкімет Қаулысы; – Қазақстан спортшыларының 1996, 2000, 2004, 2008, 2012, 2016 жылдардағы жазғы Олимпиада ойындарында жалпы саны 69 медальды иеленуі; ISSN 2306-5540 Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. №2(48) 2017 67 Досқараев Б. М., Алтынбек Е.Т. – 2011 жылы Қысқы Азиада ойындарын өткізуі; – 2011 жылы ҚР Президенті жүлдесі үшін Қазақстан барысы республикалық турнирінің алғаш рет ұйымдастырылуы; – 2012 жылы ҚР Президенті жүлдесі үшін Еуразия барысы халықаралық турнирінің алғаш рет ұйымдастырылуы; – 2016 жылы ҚР дене шынықтыру мен спортты дамыту 2025 жылға дейінгі Концепциясының қабылдануы; – 2017 жылы Қысқы Универсиаданы өткізуі және т.б.

Жалпы айтқанда, спортты дамыту түрлі жарыстарда, әсіресе, Еуропа мен әлем біріншіліктерінде, Олимпиада ойындарында жеңіске жету, спортшының өзінің де, оның ұжымының да, өзі тәрбиеленген аймақ пен өмір сүретін елінің де атақ-даңқын көтереді. Спорттық жарыстарға қатысу мен спортшылар арасындағы қарым-қатынастар спортшылар, халықтар, елдер мен құрлықтар аралық өзара түсіністікті жақсартады. Сондай-ақ, ол түрлі ұлттарды біріктірудің жарқын мүмкіндігі болып есептеледі [2].

**Зерттеу мақсаты:** әлем халықтары арасында бейбітшілік пен сыйластықты нығайтудағы халықаралық спорттық іс-шаралар мен халықаралық спорттық байланыстардың орны мен маңызын анықтау.

**Зерттеу әдістері:** ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, тарихи материалдар және сала мамандарының жұмыстары мен пікірлерін жинақтап қорыту.

**Негізгі бөлім:** Мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырысты іске асыру 2021 жылғы 1 мамырдан бастап іске қосылды. қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен қамтамасыз етілді.

Мемлекеттік тапсырысты енгізу 4-17 жас аралығындағы 82 241 бала мен жасөспірімге тегін негізде спортпен және шығармашылықпен айналысуға қосымша қатысуды қамтамасыз етеді, оның ішінде үйірмелермен – 30 172 адам, секциялармен – 52 069 адам.

Жоғарыда көрсетілген шараны іске асыру шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларында шұғылданатындардың санын арттыру үшін қолайлы жағдай жасайды. сондай-ақ тиісті инфра-құрылымды және қосымша жұмыс орындарын дамыту бөлігінде бизнес қоғамдастық пен бейінді ұйымдарды жандандырады. балалар үйірмелері мен спорт секцияларын жан басына қаржыландыруды іске қосу процесін автоматтандыру мақсатында artsport.edu.kz ақпараттық жүйесі әзірленді. қазір өңірлерде мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыс қызметтерін жеткізушілер анықталып, ата-аналарға балалардың секциялар мен үйірмелерге баруы үшін ваучерлер беріледі [3].

Қазір қазақстан ірі қоғамдық-саяси, мәдени, сонымен қатар халықаралық ауқымдағы спорттық іс-шараларды өткізу үшін беделді алаңға айналды. жыл сайын еліміздің аумағында спорт түрлерінен

отызға жуық аса маңызды халықаралық іс-шаралар өткізіледі. мұның барлығы – қуантарлық жайт. Ал тәуелсіздік жылдары өткен жарыстардың ең маңыздысы әрі есте қаларлық эмоция сыйлаған додалардың ішінде 2011 жылы алматы мен астана қалаларында өткен қысқы азия ойындары мен 2017 жылы алматы қаласында өткен қысқы бүкіләлемдік универсиада деп ойлаймыз.

Елімізде халықаралық деңгейдегі тәжірибесі бар спорт саласы заңгерлерінің қажеттілігі туындағаны рас. айта кетерлігі, мәдениет және спорт министрлігі қазақстандық допингке қарсы ұйыммен, ұлттық олимпиадалық комитеті және барлық спорттық ұйыммен бірлесе спортта допингті қолдануды болдырмауға бағытталған жұмысты жүйелі түрде жүргізеді [4].

Осыған орай, министрлік допингке қарсы қағидаларды бұзғаны үшін тұлғалардың жауапкершілігін күшейту мақсатында заңнамаға тиісті толықтырулар енгізіп, қазақстанның допингке қарсы қағидаларын қабылдады. министрлік қазақстандық допингке қарсы ұйыммен бірлесе спортта допингті қолдануды болдырмауға бағытталған жұмысты жүйелі түрде жүргізеді.

Дегенмен, өкінішке қарай, отандық спортшылар арасында допингке қарсы қағидаларды бұзу фактілері анықталған жағдайда спортшылардың қол жеткізген жетістіктерінен айырылған жайттар тіркелген болатын. осындай жағдайда спорт түрінен қазақстандық, республикалық федерация тарапынан спортшының құқығын қорғау мақсатында шетелдік халықаралық дәрежедегі заңгерлер жалдап, жан-жақты қолдау көрсетеді.

Елдің атын шығарар спортшыны бала кезден тәрбиелеу керек. Сол үшін қандай жағдай жасалып жатыр? Ірілі-ұсақты қалаларды былай қойғанда, мегаполистерде тұрғын үй алдындағы алаңқайлардың жайы мәз емес.

– Иә, бұл – негізгі мәселелердің бірі. Дегенмен еліміздің спорт резервін тәрбиелеу үшін ерекше орын балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріне беріледі. Бұл - жоғары дәрежелі спортшыларды дайындау жүйесінде алғашқы баспалдақ. Олардың мақсаты – бұқаралық спортты дамыту.

Республикада 2022 жылдың қорытындысы бойынша, 477 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс істейді. Онда 367 727 бала және жасөспірім шұғылданады. БЖСМ-де халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері – 330 спортшы, спорт шебері – 2 126 спортшы, спорт шеберіне кандидат 17 357 спортшы, 1-разрядты санатта 11 139 спортшы құрайды. Сонымен қатар 188 908 мың бала мен жасөспірімдерді қамтитын 602 - балалар-жасөспірімдер клубы, 119 - балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру клубы жұмыс істейді.

Дене шынықтыру және спорт сабақтарын, спорттық жарыстар және спорттық - бұқаралық іс - шаралар өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары (бұдан әрі - Қағида) «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және дене шынықтыру және спорт сабақтарын, спорттық жарыстар және спорттық - бұқаралық іс - шаралар өткізу кезінде Қазақстан Республикасы аумағында орындалуға міндетті қатысушылар мен көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі шараларын көздейді [5].

Қазақстан Республикасы аумағында спорттық жарыстар және спорттық - бұқаралық іс - шаралар өткізуді дайындауға және өткізуге тікелей қатысатын мына мемлекеттік органдар мен ұйымдар үшін міндетті болып табылады: Ішкі істер, денсаулық сақтау және мемлекеттік өрт қауіпсіздігі органдары; Жоспар бойынша спорттық жарыстар және спорттық - бұқаралық іс – шара-ларды өткізетін жергілікті атқару органдары;

Дене шынықтыру және спорт сабақтары (бұдан әрі - сабақтар), спорттық жарыстар және спорттық - бұқаралық іс - шаралар өтетін спорт ғимараттарының ұйымдары (бұдан әрі - ұйым). Жүйелі түрде, бапкердің (нұсқаушының) басшылығымен өтетін дене шынықтыру және спорт сабақтары тек ғана дәрігердің қарауы мен дене шынықтыру және спорт сабақтары, спорттық жарыстар және спорттық - бұқаралық іс - шараларға қатысуға рұқсатынан кейін ғана өткізіледі. Жарыстың бас дәрігері, ғимараттың медициналық қызметі, команда дәрігері спортшыларға, жаттықтырушы - оқытушылар құрамына және қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне қауіп төнген барлық жағдайда жарыстарды және спорттық бұқаралық іс - шараларды өткізуді болдырмайды [6].

**Қорытынды.** «Спорт – денсаулық кепілі» демекші, спорттың адам өмірінде алатын орны ерекше екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау», деп бекер айтпаған. Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Хош. Бүгінгі біздің әңгімелеп отырған спорттық іс-шаралар өткізу орталығының атқарып отырған жұмысын жүйелі деуге әбден негіз бар. Оны біз орталықтың белсенді қызметкерлерінің ұдайы әрі тынбай өткізіп отыратын спорттық іс-шараларынан-ақ анық аңғарсақ болады.



Жалпы алғанда, бүгінгі таңдағы спорт, әсіресе, олимпиадалық ойындар мен халықаралық спорттық іс-шаралар ұлттар мен халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықты нығайтудың, өзара тиімді ынтымақтастықты қалыптастырудың, спорттық байланыстарды кеңейту мен спорттық интернационализмді дамытудың маңызды құралына айналды. Ал әлем елдерінде Ұлттық Олимпиада Комитеттерінің құрылуы спорт саласындағы әлемдік қауымдастық қатынастарын дамытуға даңғыл жол ашты. Сондықтан да қазіргі кезеңдегі олимпиадалық қозғалыстар әлемдегі ең қуатты әлеуметтік құбылыс болып табылады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Озерцкая Е. Олимпиада ойындары – М., 1986. – 42 б. 2 Кун Л. Дене тәрбиесі мен спорттың жалпы тарихы. – М., 1982.
2. Кун Л. Дене тәрбиесі мен спорттың жалпы тарихы. – М., 1982
3. <https://paralympic.kz/images/doki/doc14.pdf>
4. Охупкина Н.Ю. Массовая физкультура и спорт как важный фактор повышения качества жизни и здорового развития молодежи // Инновационные научные исследования: теория, методология, практика: материалы IV международной научно-практической конференции. – М.: «Наука и просвещение», 2016. – С. 288-290.
5. Психология физической культуры: учебник для физкультурных вузов / под ред. Б.П. Яковлева, Г.Д. Бабушкина. – М.: Спорт, 2016. – 624 с.
6. Горская Г. Б. Психологическое обеспечение многолетней подготовки спортсменов: учебное пособие. – Краснодар: КГУФКСТ, 2008. – 220 с.

**КРИТЕРИИ ОЦЕНКИ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ПРИРОСТА ТЕХНИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВЛЕННОСТИ КВАЛИФИЦИРОВАННЫХ БОКСЕРОВ**

**Мейрамбеков Рамазан - магистрант 2 курса;  
Л.И. Шалабаева - и.о., профессора, доктор PhD  
Казахская академия спорта и туризма, Алматы, Казахстан**

**Аннотация:** В статье, авторами были изучены проблемы отбора и подготовки спортсменов боксеров, экспериментально доказано критерии оценки показателей прироста технической подготовленности квалифицированных боксеров. На основании глубокого анализа, были описаны динамика показателей технической подготовленности боксеров. Обоснована степень эффективности ударов разной направленности, описаны критерии оценки каждого маневра и перехода.

**Ключевые слова:** тренировка, бокс, критерии оценки, специальные показатели.

**CRITERIA FOR EVALUATING THE INDICATORS OF THE INCREASE IN TECHNICAL READINESS OF QUALIFIED BOXERS**

**Ramazan Meirambekov - 2nd year Master's student;  
L.I. Shalabayeva - Acting Professor, PhD  
Kazakh Academy of Sports and Tourism, Almaty, Kazakhstan**

**Abstract:** In the article, the authors studied the problems of selection and training of athletes of boxers, experimentally proved the criteria for evaluating the indicators of the increase in technical readiness of qualified boxers. Based on an in-depth analysis, the dynamics of indicators of technical readiness of boxers were described. The degree of effectiveness of strikes of different directions is justified, the criteria for evaluating each maneuver and transition are described.

**Keywords:** training, boxing, evaluation criteria, special indicators.

**Введение:** Деятельность боксеров КГ и ЭГ оценивалась экспертной группой в количестве пяти высококвалифицированных тренеров из различных спортивных клубов. Динамика показателей технической подготовленности определялась по результативности: прямого удара левой в голову с шагом вперед; выполнению бокового удара дальней от противника рукой в голову из разноименной стойки; атаки ударами в голову; боковой левой - прямой правой. Первый боковой удар должен быть ложным с целью раскрытия защиты противника, второй – акцентированный с точным попаданием в заданную болевую зону.

Эффективность проведения прямого удара левой в голову с шагом вперед оценивалась по следующим показателям:

- внезапность проведения атаки;
- своевременный разрыв с применением приемов защиты;
- навык точной оценки обстановки на ринге;
- выбор способа эффективного проведения атакующего удара;
- объективность оценки пространственно-временных и силовых характеристик действий противника;
- сформированность навыков экстраполяции моторных актов [1].

**Цель:** Определить методику повышения уровня спортивного мастерства квалифицированных боксеров на основе использования интегративного подхода.

Техническая подготовленность определялась по качеству нанесения прямого удара левой в голову с шагом вперед по следующим критериям: неожиданность проведения атаки, выбор наиболее удачного момента для ударного действия; точность оценки пространственных, временных и силовых параметров моторных актов соперника, навыков выбора наиболее эффективных двигательных действий на основе экстраполяции движений [2].

Критерии оценки:

5 баллов – точный отвлекающий маневр; быстрый, сильный, прицельный удар, разрыв дистанции с серией защитных приемов; адекватная оценка возникающей ситуации между противоборствующими сторонами, применение результативного варианта реализации ударного действия; высокая точность прогнозирования моторных актов противника; опережение его действий посредством сформированности навыков вариативности и экстраполяции движений.

4 балла – высокая скорость перемещения по рингу, имитация атаки левой рукой, внезапный скачок вперед с последующим ударом правой, недостаточное количество защитных действий; точное восприятие обстановки на ринге в каждый момент ведения боя; использование удачного способа проведения атакующего удара; реальный прогноз параметров двигательных действий соперника; использование эффективного способа атаки на основе экстраполяции движений противника.

Осуществление разработанной исследовательской программы имеет конечной целью использование полученных результатов в плане реализации всей системы управления подготовкой в спорте. Основной и ведущей детерминантной в совершенствовании системы управления будет соревновательная деятельность, развитие которой предопределяет совершенствование системы управления подготовкой спортсменов высокого профессионального уровня. В этом плане собственно тренировочная деятельность будет рассматриваться как структурный элемент системы соревновательной деятельности. Такое практико-профессиональное понимание проблем управления подготовкой заложено в разработанной перспективной программе БИР в области спорта высших достижений.

Теоретическое и экспериментальное изучение соревновательной деятельности спортсменов высокой квалификации имеет своей целью как повышение эффекта самой соревновательной деятельности, так и повышение процесса подготовки в спорте высших достижений. В этой связи наиболее важными выступают две взаимосвязанные прикладные проблемы:

- управление подготовкой субъекта (индивидуального, группового, командного), соревновательная деятельность; научно-методическое обеспечение процесса подготовки спортсменов высокой квалификации.

Комплексное решение названных проблем позволит более эффективно осуществить внедрение результатов научного исследования соревновательной деятельности в практику спорта высших достижений. Такой принципиальный подход будет положен в основу работы технического комитета Федерации футбола Казахстана. Этот подход позволит интегрировать теорию, эксперимент, практику и реальный выход на решение профессионально-прикладных задач современного спорта высших достижений.

Проблемы управления подготовкой спортсменов высокой квалификаций в современном спорте, выступают как педагогические при необходимости понимания спортивной педагогики как профессиональной области интегративного специфического спортивного человекознания. Переход к такому пониманию спортивной педагогики в настоящее время - перспективный путь развития как спортивной теории, так и современной практики спорта высших достижений. Узловой проблемой в этом случае выступает проблема управления подготовки спортсменов высокой квалификации. Постановка этой проблемы нуждается в исследовании, как минимум, следующих вопросов: человек в системе управления, человек в системе педагогического управления, коллектив (группа) и коллективное управление, индивидуальность (личность) и индивидуальное управление и объект управления, технология (пути, средства, методы) управления.

Рассмотрим некоторые вопросы применительно к практике педагогического управления в спорте высших достижений, в практике подготовки.

Прежде всего, необходимо указать, что человек является главным компонентом любой социальной системы, в том числе и в спорте. Управленческая деятельность занимает важное место в системе деятельности человека, в которой он выступает как субъект управления. СД в спорте является объектом познания в плане изучения проблем управления, в особенности проблем педагогического управления как в организации ИСД, так и в подготовке к ней. Проблема управления в данном случае выступает как проблема социально-педагогическая, и решение её предполагает соответствующее комплексное изучение субъекта и объекта управления. Здесь надо отметить, что именно педагогическая наука, на наш взгляд, может дать столь необходимые научные рекомендации по совершенствованию этого сложного вида деятельности. Наиболее характерной чертой управленческих отношений подобного типа является то, что в реальной деятельности, особенно в условиях СД, мы рассматриваем концепцию педагогического управления в спорте и, в частности, спортивных играх.

#### **Литература**

1. Касымбекова С. И. Факторы здорового образа жизни//Сборник трудов Международной научно-практической конференции «ТИПФКиС». - Алматы, 2006.
2. Кульназаров А.К. Спорт в современном мире//Вестник «Ф/К и спорт». - Алматы, 2004. -С. 5-6.
3. Акпаев Т.А. Психологический тренинг в педагогике высококвалифицированных футболистов//Сборник трудов Международной научно-практической конференции. - Алматы, 2006.
4. Платонов В.Н. Система подготовки спортсменов в олимпийском спорте. Общая теория и ее практические приложения / В.Н. Платонов – К.: Олимпийская литература, 2004.

## ҚАЗАҚ КҮРЕСІ – ҰЛТТЫ ҰЛЫҚТАЙТЫН БРЕНД!

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің дене шынықтыру және спорт кафедрасының профессоры, п.ғ.к. **Мұхиддинов Е.М.**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушысы **Усбанов Н.С.**

Қазақстан-британ техникалық университеті, дене тәрбиесі және спорт секторының лекторы  
**Сүйеншбеков Есқали Жарқынбекович**

**Андатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасының - ұлттық спорт түрі қазақ күресі туралы, оның даму тарихы мен өзекті мәселелері сипатталған. Бұл ұлттық спорт түрі қазіргі таңда шет елдерде кеңінен танымал болып келеді. Күрестің бұл түрі ежелгі қазақ спорт түрлерінің бірі.

**Түйін сөздер:** ұлттық күрес түрлері, дзюдо, грек-рим, самбо, сумо.

## KAZAK KURES – THE NATIONAL BRAND!

**Abstract.** The article describes the history, uniqueness and actual aspects of the national wrestling of the Republic of Kazakhstan - Kazakh Kures, which is becoming very popular outside the country. This wrestling is one of the ancient Kazakh sports.

**Keywords:** national wrestling, judo, greco-roman, sambo, sumo

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қай халықтың болмасын ғасырлар бойы қалыптасып, ұлт қанына сіңісіп кеткен ұлттық спорт түрі мен өнері болатыны даусыз. Бірақ, сол спорт пен өнер түрлерін сақтап қалу мен оларды әрі қарай дамыту мәселелесіне келсек, оның жөні мүлдем басқаша. Шындығына келсек, қай ұлт болмасын өзінің болмысына жақын спорт түрі мен өнерін өз еркімен өгейсітуге әсте бармайды. Ал, ондай келеңсіздіктер орын алып жатса, оның себебін белгілі бір ұлттың өзінен емес, сол ұлтты билеп-төстеп, оған өз ықпалын жүргізген империялық күштердің солақай саясатынан іздеген жөн. Ондай жағдайдың халықтың асыл мұратындай көрінетін спорт түрлері мен ұлттық ойындарға аса ауыр тиетініне қызыл империя дәуірінің өзі-ақ көз жеткізген еді. Кеңес дәуіріндегі билігі күшті коммунистік партияның сана-сезімді шырғауықтай шырғаған идеологиялық саяси үгіт-насихатына имандай сеніп, жаппай советтендіру идеясынан сусындаған жас ұрпақ өзінің ұлттық құндылықтарынан ажырап, мән-гүрттік пен немқұрайдылықтың ми батпағына батып кетті. Кеңес дәуірі кезінде қазақ жұрты өзімен бірге ғасырлар бойы бірге жасасып келе жатқан ұлттық ойындары мен спорт түрлерінен айырылып қалуға шақ қалды. Әйтсе де, қазақ халқына деген Тәңірінің пейілі дұрыс екен. Құдайға шүкір, қаншама аумалы-төкпелі заманды бастан өткерсек те, Алла тағала біздің пешенемізге асыл мұралардан біржола көз жазып қалуды жазбапты. Рас, империяның тепкісі қос өкпені тесердей тегеурінді болғанымен, ол біздің ғасырлар бойы қалыптасып, халық санасы мен болмысында орнығып қалған спорт пен ұлттық ойындарымызға деген сүйіспеншілігіміздің тамырына балта шаба алмады.

**Зерттеу нысаны** қазақтың ұлт мақтанышы - қазақ күресі.

**Зерттеу пәні** қазақ күресінің педагогикалық мәні.

**Зерттеу мақсаты:** қазақ күресі халқымыздың қанына сіңіп, оның өмір-тіршілігінің ажырамас бір бөлігіне айналғандығын айқындау.

**Зерттеу әдістері** - ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиет сараптамасы; сауалнама жүргізу; педагогикалық бақылау.

**Зерттеу нәтижелері мен сараптамасы.** Ал, ұлттық спорт түрлері ішіндегі қазақ күресіне келсек, оның орны ерекше. Өйткені, бүкіл өмірі жаугершілік заманда аттың жалы мен түйенің қомында өтіп, ұлан-ғайыр жерін сыртқы жаулардан ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, ел тәуелсіздігі жолында басын бәйгеге тіккен ата-бабаларымыз үшін қазақша күрес тек ұлттық спорт түрінің бірі ғана емес, ел іргесін қорғайтын ұрпақты жауынгерлік рухта тәрбиелейтін сарбаздық тәлім-тәрбие мектебі саналған еді. Өмірі алыс-жұлыспен өтіп келе жатқан Қап тауы өңіріндегі халықтардың ұлттық күрес түрлері жайлы да, грузиндердің чаодобасы мен молдованың триньтасы, өзбектердің курашы, т.б. жөнінде дәл осыны айтуға болады. Осы тұрғыдан алсақ, қазақ күресі халқымыздың қанына сіңіп, оның өмір-тіршілігінің ажырамас бір бөлігіне айналған, халықтың жауынгерлік айла-тәсілдерге жетіктігін, рухының биіктігін, мінезінің өзінің байтақ даласындай кеңдігін көрсететін ғажап өнер деуге тиіспіз. Ақиқатқа жүгінсек, оның кешелі-бүгін ғана емес, сандаған ғасырлар қойнауына желі тартатын өзіндік тарихы бар екені де күмәнсіз. Бұл күрес бағзы замандардан бері тамыр тартып, сан түрлі айла-



тәсілдерге баулып, шыңдаудан өткізетін жауынгерлік мектеп дәрежесіне дейін көтерілмесе, бертінгі дәуірлердегі әйгілі палуандар қайдан шыққан? Қазақ күресінің айла-тәсілдерінен сабақ алып, шеберлігін шындамаса, атақты күш атасы Қажымұқан бабамыз төрткүл әлемді шарлап, қазақ атын байтақ жұрттарға паш етер ме еді? Қазақ даласының күміс көмей әншісі, сазгері һәм жауырыны жер иіскемеген палуаны Балуан Шолақ (Нұрмағамбет) атамыз жайлы да дәл осындай ой желісін түзуге болады. Мұның бәрін тәптіштеп айтып жатқан себебіміз - қалың жұртшылықты қазақ күресі жоқ жерден пайда болмаған, жауынгер қазақ халқының нақты өмірлік сұранысы бойынша әрі мойнына белгілі бір мүдделік міндеттер жүктелген ұлттық спорт түрі болған деген тұжырымға иландырып, ұйыту. Өткенге назар салсақ, сан ғасырлар бойы жылқы мінезді қазақ халқының ат жарыстырып, палуан белдестіріп, қыз қуып, бүркіт салып, тазы жүгіртіп, тоғызқұмалақ ойнап, басқа да көптеген ұлт ойындарын қызықтағанына көз жеткізер едік. Осы ойындар ішінде қазақтың делебесін қоздырып, ішкен асын жерге қойғызатын екі ұлттық ойын түрі бар, олар қазақ күресі мен ат бәйгесі. Бар ғұмыры жаугершілік заманда атыс-шабыспен өткен халық үшін аттың айрықша қымбат, бағалы түлік саналатыны өз-өзінен түсінікті. Ал, ел тәуелсіздігін қорғау жолында жүргізілген күресте жүрегі жаудан таймас жалынды сарбаздарды дайындауда қазақ күресінің жас сарбаздардың шеберлігін шыңдау мектебі болғаны анық. Қызыл империяның боданында болған 74 жыл қазақтың ұлттық ойындарының дамып, нығаюына айтарлықтай зиянын тигізді, бұл - шындық. Десе де, осы бодандық кезеңнің өзінде де халық өзі сүйетін қазақша күрестен біржолата көз жазып қалған жоқ. Сол тұстағы тарихи деректерге жүгінсек, қазақ күресінен алғашқы жарыс 1938-жылы өткен екен. Сол жылы Алматы қаласында колхозшы спортшылар арасында тұңғыш рет Спартакиада өтіпті. Осы жылды Кеңес дәуірінде қазақша күрестің әрі қарай дамуына жол салған алғашқы баспалдық десе болады. Бұдан кейін 1939-жылы Семейде қазақ күресінен алғаш рет Қазақстан біріншілігі өтсе, бұл дәстүр келесі 1940 жылы әрі қарай жалғасты. Рас, екінші дүниежүзілік соғыс нәубеті салдарынан басқа ұлттық ойындармен қатар қазақ күресі де қанатын кеңге жая алмай қалды. Бірақ, бойында ұлттық қаны бар жекелеген азаматтардың көп күш-жігер жұмсап, қажыр-қайрат танытуының арқасында қазақ күресінің бойына қан жүгіріп, 1952 жылдан бастап осы күрес бойынша жарыстар қайта жанданды. Шет ел мамандары алпыс айлалы қазақ күресінің шалт қимылмен орындалатын сан түрлі әдіс-тәсілдеріне кеше де, бүгін де таңдай қағып, бас шайқаумен келеді. Осының өзі-ақ қазақ күресінің күллі шетелдік білікті мамандарды мойындатқан ғажап өнер екендігіне дәлел болса керек. Әр халық өзінің ұлттық өнерін әлпештеп, мақтан тұтады, бұл - әлбетте, заңды құбылыс. Мысалы, кезінде қара халықты қорғау мақсатымен жапондар ойлап шығарған каратэ мен дзюдо күрес түрлері әлемге қаншама танымал болғанымен, сол жапондықтар оларды өздерінің төл күрес түрі сумомен бір қатарға қоймайды, өйткені, жапон халқы үшін негізгі ұлттық мақтаныш - басқа емес, нақ осы сумо. Кезінде НКВД қызметкерлері қолдансын деген мақсатпен ел-елді аралап жүріп Харлампиев жинап, әдіс-тәсілдері жүйеленіп, бір қалыпқа келтірілген самбоны қазір орыстар өздерінің төл күресі түрі ретінде ұлықтайды. Оның жанында қазақ күресі жасанды емес, нағыз төл ұлттық спорт түрі ғой. Ұлт мақтанышы саналатын қазақ күресін біз қаншалықты ұлықтап жүрміз, енді соған келсек [1].

Біздің ұлттық күресіміз бүгіндері Олимпиадалық ойындар бағдарламасына кірген еркін және грек-рим (бұрынырақ классикалық деп аталған) күрестерінен бірде-бір кем емес. Осы екі күрес түрінің екеуінде де қазақша күрестің кейбір әдіс-тәсілдері қолданылады. Бүгіндері әр халық тарихи даму барысында өздері жүріп өткен тірлік соқпағын ой таразысынан өткізіп, жоғалқан құндылықтарын іздеп, болашаққа бастар бағыттарын белгілеуде. Бізде Ұлттық Олимпиадалық комитет бертінде ғана құрылды. Еліміз егемендік алғаннан бері Қазақстан жазғы және қысқы Олимпиада ойындарына дербес ұлттық құрама ретінде қатысып жүр. Ал, қазақ күресі осы әлемдік ойындар бағдарламасының қатарына кіруі үшін, ол халықаралық деңгейде танылуы тиіс. Біздің Федерацияның бүгінгі таңдағы алға қойған мақсаты да нақ осы мәселені іске асыруға бағытталған. Қазақ халқының атын шартарапқа паш еткен Қабден Байдосов, Жақсылық Үшкемпіров, Дәулет Тұрлыхановтар күрестегі сауатын ең алғаш рет осы қазақ күресімен ашқаны анық. Самбодан әлем чемпионы Қанат Байшолақов қырқай шалудың майталманы болса, Еуропа чемпионы, Әлем Кубогының иегері Алмас Мұсабеков жамбасқа салып лақтырудың қас шебері. Қазіргі күні дзюдо мен самбодан, грек-рим және еркін күрестен Қазақстан ұлттық құрамасының намысын қорғап жүрген аттары жұртшылыққа кеңінен танымал палуандардың бәрі де кезінде қазақ күресімен қанаттанып, үлкен спортқа жолдама алған палуандар десек, жалған айтпаймыз. Қазақ күресінің әдіс-айлалары сан алуан дедік. Бұлардың бәрін біз өзге күрес түрлерінен көшіріп алған жоқпыз, керісінше, олардың көпшілігі біздің ұлттық күрестің айла-тәсілдерін қолданады, ал, оларды кезінде ата-бабаларымыз ойлап шығарған.

Өткен ғасырдың 80-і жылдары Қазақ дене тәрбиесі институтындағы қазақ күресі бөлімі жабылуға аз-ақ қалды. Аталған жоғары оқу орнындағы кейбір пысықайлар оның орнына Олимпиадалық ойындар

бағдарламасына кіретін дзюдошылар бөлімін ашуды ұсынды. Бірақ, Қабекең бар (Байдосов), мен бар, әлгілермен таласып-тартысып жүріп, қазақ күресі бөлімін жаптырмай, аман алып қалдық. Федерация қазіргі таңда қазақ күресін халық арасына кеңінен таратып, оны халықаралық деңгейге көтеру бағытында жұмыс істеп жатыр. Қажымұқан атындағы олимпиадалық резерв училищесінде қазақ күресі бөлімін ашса нұр үстіне нұр болып, онда республиканың түкпір-түкпірінен жиналған дарынды балаларды бір жерде баптау жөн болар еді. Федерация бастамасымен Қазақстан құрамасы өзге спорт құрамалары секілді жеке оқу-жаттығу жиындарын өткізіп, ірі-ірі халықаралық бәсекелерге қатысуды дәстүрге айналдырды. Федерацияның өзі құрылғаннан бергі атқарған игі істері қатарына бапкерлер мен балуандарға атақ беруді бұрын спорт комитеті шешсе, қазір ондай атаққа лайықты тұлғаны Федерацияның өзі іріктеп, анықтайтынын жатқызуда болар еді. Бұдан басқа қазақ күресі бойынша өтетін байрақты жарыстарға төрешілерді бекіту де федерацияның құзырына өтті ( бұрын комитет бекітетін). Жарыс ережесіне байланысты ұсыныс-пікірлер мен кеңестер федерация отырысында талқыланды [2].

Дегенмен, бүкіл қазақ жұрты тәу етіп, құрмет тұтатын қазақ күресінің бүгінгі таңдағы даму деңгейіне келсек, көңілге кірбің ұялататын кемшіліктердің әлі де етекпен тартып жатқандығын жасырудың қажеті жоқ. Ол қандай кемшіліктер десек, ең алдымен ауызға қазақ күресімен айналысатын жастарды шеберлікке баулып, шар болаттай шынықтырар бапкерлердің аз екендігі түседі. Соңғы кездері кейбір спорт түрлерінде көп шығын шығармай-ақ көрші елдерден олардың тақиясына тар келген спортшыларды Қазақстанға аттай қалап алып келіп, оларға жедел түрде республика азаматтығын алып беріп, бар мәселені ың-шыңсыз шешу үрдісі қалыптасып келеді. Бұл жол — отандық спортты жеңіс тұғырына емес, керісінше, оқпанға құлататын жол. Өйткені, бойында Отаным, елім деп соғар жүрегі, қанында ұлттық намысы жоқ «легионерден» ұлт жыртысын жыртатын патриот шықпасы кәміл. Рас, олардың қайсыбірі әжептәуір нәтижеге қол жеткізіп, республика атын шығарып, Федерация мен бапкерге бедел жинауға ықпал етуі мүмкін. Бірақ, «ұзын ақша» қуған мұндайлар бүгін бар да ертең жоқ, елге уақытша ғана келген жандар болғандықтан, ертеңдері олар өз елдеріне кетсе, бұлардың орнын басатын отандық спортшы қалмайды. Бұл мәселенің бір жағы болса, оның екінші жағы - әлгі легионерлер қазақ жастарының орнын иемденеді де, олар назардан тыс қалады. Ендеше, елге сырттан спортшылар шақырғаннан гөрі отандық палуандарымызды баулып-баптауға баса назар аударғанымыз жөн. Ол үшін білікті мамандар қажет екені сөзсіз. Сондықтан, Үкімет, ҚР спорт министрлігі жас балуандарды күреске баулитын балалар жаттықтырушыларына ерекше қолқорлық көрсетіп, оларға жақсы жағдай жасауды күн тәртібіне қоюы қажет дер едім. Екінші бір өзекті мәселе қазақ күресі бойынша маман дайындау. Біздің елдегі спорт институттарында тікелей қазақша күреске жаттықтырумен айналысатын білікті маман дайындау бойынша арнайы бөлім ашылса, құба-құп болар еді. Әлгіндей спорт мектептерінде ұлттық спорт түрлерінен спортшыларды даярлап, баптау да бүгінгі күннің басты талабы. Федерация басшылығы тарапынан облыстық, халықаралық федерациялармен іскерлік байланыстарды дамыту да назардан тыс қалмауы тиіс. Сосын, қазіргі күні бізде екі аяғынан бірдей ақсап тұрған, халі өте мүшкіл өзекті мәселе - жас спортшыларға арналған оқулықтар және әдістемелік оқу құралдарының аса тапшылығы. Министрлік осы саланы жандандыру үшін байқау жариялау арқылы ма, тендер ұйымдастыру арқылы ма, бұл мәселені өлі нүктеден жылжытуға әрекет жасаса, бұдан ұтарымыз көп болары сөзсіз. Енді бір ескеретін мәселе - ұлттық спорт түрлерін қаржыландыру мен оған медициналық, гигиеналық көмек көрсетуді құқықтық негізде заңдастыру мәселесі [3].

#### **Қорытынды.**

Егемендік алғаннан бері төрт құбыласын түгендеп жатқан тәуелсіз Қазақстан үшін ұлттың төл спорт түрі - қазақ күресі қазақ жұртын күллі әлемге танытар бренд болуы тиіс. Осы айтылған мәселелерді мемлекеттік деңгейде көтеріп, Үкімет пен министрлік ауқымында шеше алсақ, қазақ күресінің болашағына еш алаңдамауға боларына біз кепіл. Қашан да ел байрағы көкте қалықтап, қазақ күресінің еңсесі әманда биік болғай деп тілейік! Әумин!

#### **Әдебиет.**

1. П.Ф.Матушак, Е.М.Мухиддинов. Казахша күрес. Оқу құралы. - Алматы: Рауан, 1995, - 160б.
2. П.Ф.Матушак, Е.М.Мухиддинов. Казахша күрес. Оқу-әдістемелік басылым., Алматы «Мектеп», 2012, 226 с.
3. Е.М.Мухиддинов. Қазақ күресі. Оқулық Алматы, «Мектеп», 2012, 223б.

## ПРИМЕНЕНИЯ КРУГОВОЙ ТРЕНИРОВКИ В СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ДВИГАТЕЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ДЗЮДОИСТОВ

**Жақсыбай Қуаныш - магистрант 2 курса**  
**Л.И. Шалабаева - и.о., профессора, доктор PhD**  
**Казахская академия спорта и туризма, Алматы, Казахстан**

**Аннотация:** В статье авторами были обоснованы эффективность применение круговой тренировки в совершенствовании двигательных способностей дзюдоистов. В исследовании предполагалось что применение средств скоростно-силовой подготовки, систематизированное на основе принципов круговой тренировки, позволит оптимизировать методику совершенствования специальной работоспособности дзюдоистов, в ходе исследования авторами было доказано данное предположение.

**Ключевые слова:** тренировка, спортсмен, дзюдо, специальные показатели, круговая тренировка.

## THE USE OF CIRCULAR TRAINING IN IMPROVING THE MOTOR ABILITIES OF JUDOISTS

**Zhaksybai Kuanysh - 2nd year graduate student**  
**L.I. Shalabaeva - Acting Professor, PhD**  
**Kazakh Academy of Sports and Tourism, Almaty, Kazakhstan**

**Abstract:** In the article, the authors justified the effectiveness of the use of circular training in improving the motor abilities of judo. The study assumed that the use of speed and strength training tools, systematized on the basis of the principles of circular training, would optimize the methodology for improving the special performance of judo, during the study, the authors proved this assumption.

**Keywords:** training, athlete, judo, special indicators, circular training.

**Введение:** Предварительные исследования позволили установить, что тематика научных работ, посвященных оптимизации методики спортивной тренировки в единоборствах на основе применения средств сопряженного воздействия, имеет высокую актуальность [1]. Установлено, что среди наиболее распространенных организационно-методических форм, имеющих сопряженный характер воздействия на систему двигательных навыков и способностей дзюдоистов, авторы научных работ выделяют круговую тренировку, в процессе которой в необходимой степени реализуется принцип соответствия подготовительных развивающих упражнений условиям соревновательной схватки, создавая таким образом объективные предпосылки для положительного переноса тренированности по навыку и по физическому качеству [2].

**Цель:** Обосновать эффективность применение круговой тренировки в совершенствовании двигательных способностей дзюдоистов.

Круговой метод, основанный на последовательном выполнении комплекса предварительно освоенных и технически простых упражнений различного характера на специальных «станциях», значительно повышает плотность занятий и позволяет воспитывать у спортсменов не только основные физические качества и навыки, но и комплексные формы их проявления [3]. В методическом плане круговая тренировка является логическим продолжением принципа интервальной тренировки и предполагает последовательное серийное выполнение строго регламентированных упражнений с соблюдением установленного порядка чередования нагрузки и отдыха [4]. Пространственно-временная структура входящих в комплексы упражнений имеет условно циклический характер. По этой причине, в практике спортивной тренировки круговой метод, в основном, используется при решении задач по воспитанию различных компонентов выносливости. Вместе с тем, авторы ряда исследований предлагают использовать методику круговой тренировки для совершенствования компонентов специальной работоспособности, среди которых одними из наиболее значимых и оказывающих существенной влияние на результативность соревновательных действий борцов выделяют скоростно-силовые качества [5].

В работе А. Ф. Шарипова (1998) оценивалась эффективность применения методики круговой тренировки, направленной на совершенствование скоростно- силовых способностей квалифицированных дзюдоистов [2]. В **гипотезе исследования** выдвигалось предположение о том, что акцентированное применение средств скоростно-силовой подготовки, систематизированное на основе принципов круговой тренировки, позволит оптимизировать методику совершенствования специальной работоспособности дзюдоистов. Для проверки гипотезы исследования был организован естественно-научный эксперимент, продолжительность которого составляла 8 недель. В процессе учебно- тренировочного

сбора последовательно решались задачи по повышению различных компонентов функциональной подготовленности спортсменов.

**Экспериментальный комплекс** круговой тренировки состоял из следующих упражнений: лазание по канату без помощи ног; прыжки на тумбу высотой 70 см; жим штанги лежа; сгибание-разгибание туловища на GHD-тренажере (для мышц спины); круговое перемещение грифа штанги из стороны в сторону; сгибание-разгибание туловища на гимнастической скамейке под углом 45 градусов (для мышц брюшного пресса); тяга штанги к груди, лежа на скамье лицом вниз, броски манекена.

Само исследование, состав упражнений в комплексе соответствует условиям двигательной активности спортсмена в процессе соревновательной схватки. Нормирование нагрузки происходило следующим образом. Вес штанги ограничивался 60–80% ПМ. Темп выполнения упражнений – максимальный. При прохождении каждого круга спортсмены выполняли 2–3 подъема по канату, 25–30 прыжков на тумбу, 15–20 жимов штанги, 25–26 сгибаний-разгибаний туловища, 25–30 перемещений штанги, 20–26 сгибаний-разгибаний туловища на пресс, 15–20 тяг штанги и до 10–12 бросков манекена. Продолжительность выполнения каждого упражнения не превышала 40 с, а длительность прохождения одного круга – приблизительно 8 мин, что соответствует «грязному» времени одной схватки. Интервал отдыха между кругами ограничивался 7–8 мин. В течении тренировочного занятия спортсмен выполнял до 6 кругов развивающей работы (по числу схваток в ходе соревнований). Общий объем составлял около 90 мин тренировочного времени. В соответствии с планом эксперимента дзюдоисты выполняли данную работу 5 раз в неделю.

Анализ результатов применения методики показал статистически достоверный ( $p < 0,05$ ) большой прирост скоростно-силовых показателей у спортсменов ЭГ. Так, например, время подтягиваний в ЭГ улучшилось на 19,38%, в КГ – на 4,20%; время в челночном беге  $3 \times 10$  м в ЭГ улучшилось на 14,76%, в КГ на 4,40%; время бросков манекена в ЭГ улучшилось на 7,28%, в КГ – на 2,38%; время в тесте с выполнением учикоми в ЭГ улучшилось на 2,94%, в КГ – на 0,88%; время в прыжковом тесте в ЭГ улучшилось на 12,89%, в КГ – на 4,31%; показатель прыжка в длину в ЭГ вырос на 9,31%, в КГ – на 3,18%.

Таким образом была подтверждена выдвинутая гипотеза исследования. По результатам проведенной исследовательской работы были сделаны следующие выводы.

1. При разработке методики подготовки дзюдоистов регламентация состава средств и методов должна происходить с учетом особенностей двигательной активности спортсмена в процессе соревновательной схватки. В зависимости от индивидуальных особенностей техники и весовой категории рекомендуется соответствующим образом корректировать состав тренировочных комплексов.

2. Индивидуализация программирования комплексов должна предусматривать акцентированное воздействие на мышечные группы, обеспечивающие выполнение конкретного «коронного» приема.

3. Анализ информационных источников, а также опыт практической деятельности позволили установить, что на современном этапе в ходе больших циклов подготовки применяется, в основном, равномерное распределение средств специальной физической подготовки, что, в целом, снижает эффективность воздействий на специальную работоспособность спортсмена.

4. Методика непродолжительного акцентированного применения упражнений скоростно-силовой направленности (до 2 недель) не приводит к существенным адаптационным сдвигам в организме спортсмена и имеет невысокую эффективность.

5. Применение экспериментальной методики, направленной на совершенствование скоростно-силовых способностей дзюдоистов на основе круговой тренировки показало достоверно значимые ( $p < 0,05$ ) изменения показателей в тестовых упражнениях. Установлено, что продолжительность кумулятивного эффекта на 2–3 недели превышает длительность применения концентрированных развивающих нагрузок.

6. Решение педагогических задач по концентрированному совершенствованию скоростно-силовых способностей дзюдоистов целесообразно осуществлять до 2 раз в течение года, в начале каждого большого цикла подготовки, а также соревновательного периода. Указанное распределение средств подготовки обеспечивает необходимый уровень специальной работоспособности спортсмена в процессе всего соревновательного периода.

Среди практических рекомендаций отмечается, что в процессе реализации кумулятивного эффекта от применения средств скоростно-силовой подготовки должны решаться основные задачи по совершенствованию технико-тактического мастерства. И наоборот, в ходе этапа подготовки, предусматривающего акцент на развитии функциональных возможностей дзюдоистов, объем и интенсивность тренировочных заданий, направленных на отработку техники дзюдо, существенно снижается [2].

**Анализ результатов и выводов** представленного исследования показывает, что применение круговой тренировки с целью совершенствования специальной работоспособности дзюдоистов имеет более высокую эффективность по сравнению с традиционной методикой СФП, основанной на применении средств избирательного воздействия. Вместе с тем, в выводах и практических рекомендациях обнаружено противоречие общепризнанным положениям теории спорта и спортивной адаптологии. Поскольку, не вызывает сомнения факт, что в случае прекращения развивающего воздействия на функцию или навык, кумулятивный эффект, вызванный данным воздействием, имеет тенденцию к достаточно быстрому затуханию. Таким образом, достаточно интенсивные, но имеющие значительные перерывы в применении, циклы занятий по методике круговой тренировки не в состоянии обеспечить высокий уровень специальной работоспособности в течение всего соревновательного периода. Кроме того, установленный по результатам тестирования незначительный прирост подготовленности в упражнениях технической направленности (30 учениками) указывает на недостаточную эффективность экспериментальной методики по отношению к развитию технико-тактических навыков спортсменов. Данная работа представляет собой, скорее, пример концентрированного воздействия на совершенствование скоростно-силовых способностей дзюдоистов. Указанное обстоятельство определяет необходимость дальнейшего поиска путей оптимизации технологий интегративной подготовки квалифицированных дзюдоистов.

#### **Литература:**

1. Джандаров, Д.З. Сопряженное развитие физических и психических качеств юных боксеров 13–14 и 15–16 лет : автореф. дис. ... канд. пед. наук : 13.00.04 / Джандаров Данил Загдиевич. – Махачкала : Дагестанский гос. пед. ун-т, 2003. – 24 с.
2. Шарипов, А.Ф. Скоростно-силовая подготовка юных дзюдоистов на этапе спортивного совершенствования с учетом их индивидуальных характеристик: автореф. дис. ... канд. пед. наук : 13.00.04 / Шарипов Артур Фаизович. – М. : ВНИИФК, 1998. – 23 с.
3. Григорович, Е.С. Исследование эффективности круговой тренировки на начальном этапе занятий спортивной гимнастикой со студентами / Е.С. Григорович, В.Н. Кряж // Педагогика высшей школы. – Вып. 2. – Минск : Высшая школа, 1977. – С. 59–63.
4. Матвеев, Л.П. Основы спортивной тренировки / Л.П. Матвеев. – М. : Физкультура и спорт, 1977. – 280 с.
5. Бурдин, И. Ф. Исследование эффективности максимальных тренировочных нагрузок выполняемых «интервально-круговым» методом, в связи с совершенствованием специальной силовой выносливости (на примере борцов высших разрядов) : автореф. дис. ... канд. пед. наук : 13.00.04 / Бурдин Игорь Федорович. – Л., 1978. – 18 с.

## **БОКСПЕН ШҰҒЫЛДАНУШЫЛАРДЫҢ АРАҚАШЫҚТЫҚТЫ СЕЗУДІ ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ**

**Ибрагимов А.Е., Дошыбеков А.Б., Кенже З.Н., Абилов С.Ж., Тұрлыбекұлы Д.**  
Казахская академия спорта и туризма

**Аңдатпа.** Мақалада жаңадан бастаған боксшылардың қашықтықты сезінудің маңызды әдістері зерттелді және кәзіргі таңдағы бокстың, жыл сайын өзгертін ережелері көбінесе әуесқой бокстан гөрі кәсіби бокстың дамуын растайды. Боксшының қашықтықты сезу дағдысы, тактикалық мәнерде ұрыс жүргізу кезінде көрініс алады, яғни техника-тактикалық арсеналда қолданысқа тән. Техникалық тұрғыдан әркілі қозғалыс әрекеттері мен ұрыста жалпы басымдылыққа қол жеткізу, шаршы алаңда жеңіске жетудің басты факторларының бірі. Бірақ, бокстағы оқу-жаттығу процессінде ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен тәжірибелер деректері, бұл мәселелердің әлі толық ашылып зерттелмегенін көрсетеді. Сондықтан боксшыларды жаттықтыру әдістемесінде ара қашықтықты сезуді үйрету мен дамытуға бағытталған ғылыми бекітілген жүйе болмағандықтан, жаттықтырушылар осы дағдыны дамытуға спорттық тәжірибелеріне сүйене отырып жоспарлайды.

**Түйін сөздер:** жұмыс қабілеттілігі, ара қашықтықты сезу, жаттығу процесі, жаңа бастаған боксшылар, ара қашықтықты анықтау.

## **A STUDY OF THE EFFECTIVENESS OF DEVELOPING A SENSE OF DISTANCE IN BOXING**

**Ibragimov A.E., Doshybekov A.B., Kenzhe Z.N., Abirov S.Zh., Tulybekuly D.**

**Abstract.** In the article, important methods for developing the sense of distance of beginning boxers have been researched and affirm that the current box and its changing rules every year confirm its development in a more focused

way towards professional boxing. Based on the practice of boxing, it can be argued that the feelings of the boxer's distance are most characteristic in his tactical manner of combat, and the more technically-tactical arsenal used, the diversity and the perfect ownership of the initiative in battle, is one of the factors of success in the ring. However, the analysis of scientific and methodological literature and the practice of organizing the training process in boxing showed that these issues have not been studied enough, and in the training methodology of boxers there is still no scientifically-based system for training the feeling of distance, and the trainers rely on practical experience when planning it.

**Key words:** working capacity, feelings of distance, training process, boxers - beginners, distance definitions.

**Кіріспе.** Боксшылардың ұрыс әрекетін бақылай отырып, олардың ара қашықтықтарының ұдайы өзгеріп отыратынын көреміз: бірде тым жақындап кетеді немесе керісінше аралары алыстап тұрады. Бұл өзгерістер кездейсоқ құбылыс еместігі анық.

Боксшылардың ұрыс кезінде арақашықтықтарының өзгеріп тұруы жеке дара ерекшеліктеріне байланысты болады. Бұл жағдайда ұзын бойлы боксшылар өздерінің антропометриялық көрсеткіштеріне сүйеніп, ұрысты алыс қашықтықта жүргізуге тырысады, және осыған қарай қысқа бойлы боксшылар соққыларын дарыту үшін, яғни ұрыс жағдайын өзінің ыңғайына байланысты қысқа қашықтықта жүргізеді.

Ұрыс кезінде екі боксшының бірі өзіне ыңғайлы қашықтықта ұзақ уақыт ұрыс жүргізіп, соққыларды дер кезінде, дәл тигізіп, және қорғаныс әрекетін сауатты қолданса, ондай боксшыны сезімтал боксшы деп атайды.

Сезімталдық, боксшының спорттық шеберлігінің негізгі құрамдас бөлігі болады. Өйткені бокста белгілі бір шабуылдау, қорғаныс немесе қарымта шабуылдау әрекетін орындау үшін, үнемі кекректі арақашықтықты дайындап жүру қажет [1].

Бокста арақашықтықты сезу бұл - ұрыс кезінде қарсыласқа айлалы қозғалыс әрекетін, шабуылдау немесе қорғаныс әдістерін орындау үшін керекті арақашықтықты сезу, белгілеу және оны ұрыста сақтап жүру.

Сезімталдықты меңгеру арқылы оны тактикалық бағытта ұтымды қолдануға болады. Қарсыласпен арадағы қашықтықты жақсы сезетін боксшы, өзінің тәжірибелік тұрғыдан әдіс айлалық мақсатына жету үшін, ауқымды және ұтымды мүмкүндіктерге қол жеткізеді. Жалпы ескере кететін жайт, боксшының сезімталдығын дамыту, бұл тек техника-тактикалық шеберлігін шыңдауға емес, сонымен қатар ұрыс кезінде жаракат алмаудың алдын алуда маңызы зор [2].

Бокста ұрыс кезінде 4 арақашықтық болады: алыс, орта, жақын және ұрыс арақашықтығынан тыс (дистанция вне боя).

**Зерттеудің өзектілігі.** Боксшының спорттық шеберлігінің жоғары деңгейде жарыстарда үлкен жетістіктерге жетуі, төзімділігі мен техникалық шеберлігі дайындығының жоғарылығымен байланысты, сол себепті әр түрлі морфофункционалды, қозғалыс қасиеттері дамыған, психофизиологиялық көрсеткіштерге ие спортшылар жоғары нәтижелерге қол жеткізеді, осыған сәйкес боксшыларды жарыс алды дайындығы кезеңінде қашықтықты сезінуді тәрбиелеу әдістемесін қолдану қажет. Бокс тәжірибесіне сүйене отырып, ұрыс кезінде боксшының қашықтықты сезінуі өзінің тактикалық тәсілімен сипатталады, және техника-тактикалық арсеналға байланысты қолданылады, ұрыс кезінде әртүрлілік пен жоғары деңгейдегі техникалық басымдылық, шаршы алаңдағы ұтымды факторларының бірі болып табылады [3].

Сонымен бірге, бокстағы оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру тәжірибесі мен ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау жүргізіле отырып, осы төңіректегі кейбір мәселелер жетік меңгерілмегенін көрсетті, осыған орай боксшыларды оқыту әдісі әлі күнге дейін қашықтықты сезінуді оқытудың ғылыми негізделген жүйесі жоқ екенін, және жаттықтырушылар оны жоспарлау кезінде практикалық тәжірибеге сүйенеді.

**Зерттеу мақсаты.** Боксшылардың қашықтықты сезінуді үйрету әдістерін анықтау және отандық бокс мектебінің дамуына үлес қосу.

#### **Зерттеудің міндеттері:**

- Боксшылардың спорттық дәрежесіне байланысты арақашықтықты анықтауды сезіну және сақтаудың ерекшеліктерін көрсету.

- Бір орында тұрған нысанға бағытталған соққылардың қашықтығын анықтау.

- Жалпы соққылар мен қорғаныс әрекетінің қашықтықтарын сезіну және сақтау.

- Ұрыс кезінде қарсыласқа байланысты биомеханикалық қозғалыстармен айлалы әрекеттерді анықтауды меңгеру.

**Зерттеу әдістері.** Қойылған мәселелерді зерттеу мен анықтау үшін, өзара толықтырушы әдістемелік кешені қолданылды: ғылыми-зерттеу әдебиеттер көрсеткіштерінің талдаулары мен өзара

байланыстары, тарихи құжаттардың материалдарын талдау, педагогикалық бақылау, бейне таспаға жазу және талдау, педагогикалық эксперимент, мамандардан сұрау және сауалнама алу.

**Зерттеуді ұйымдастыру.** Зерттеу Қазақ спорт және туризм академиясының бокс залында өткізілді, оған боксты жаңадан бастаған 16-18 жастағы 20 боксшы қатысты, оларды 10 баладан екі топқа бөлдік:

1 топ эксперименталды топқа ара қашықтықты сезуді дамытатын арнайы жаттығулар өткізілді.

2 топ күнделікті қарапайым жаттығуда жүрген бақылау тобы.

Боксшылардың салмақ дәрежелері 56-75 кг аралығында, және бойларының көрсеткіштері 165-180 см аралығында таңдалып алынды.

Ара қашықтықты сезіну және сақтауды дамытуға арналған жаттығулар.

Боксшылардың қашықтықты сақтаудың дағдысын қалыптастыру үшін, Екі қарсыластың арасындағы ара қашықтықтың өзгеруіне байланысты, соққы қашықтығын сақтай тұрып, бір-біріне дейінгі қашықтықты есептеп сезіну арқылы, қозғалыста жылдамдық реакциясын дамыту қажет. Ол үшін келесі жаттығулар келтіріледі.

**Жаттығу - 1**

Боксшылардың бірі алға қарай қадам басып, бекітілген қашықтықты бұзады, мұндағы берілген ара қашықтық екі боксшының ұрысқа тұрыс кезіндегі алдыңғы қолдарының толықтай созылып бір-бірінің иықтарына алақандарымен жеткізуі, ал екінші қарсыласы оны артқа шегіну арқылы қашықтықты сақтауға тырысады. Жаттықтырушы «Стоп» бұйрығымен боксшыларды тоқтататып, араларындағы қашықтықты тексеріп өлшейді. Дәл солай артқа қарай қозғалыс жасап орындалады, және бірбіріне карама-қарсы, еркін қозғалыста жаттығуды орындайды, яғни жаттығудың мақсаты боксшылардың арасындағы арақашықтықты тұрақты жағдайға қалыптастыру.

**Жаттығу - 2**

Боксшылардың бірі бекітілген соққы немесе қорғаныс қашықтығын алдыға қадам басып арақашықтықты бұзады, ал екіншісі ол арақашықтықты сақтап қалу мақсатында артқа немесе екі жақа (оң, сол) шегінеді. Дәл сондай қозғалыс әрекеттерін бірбірімен еркін қозғалыста қайталайды, мұндада мақсат берілген арақашықтықты сақтап сезу дағдысын қалыптастыру.

**Жаттығу – 3**

Боксшылардың бірі алға қарай қадам басып, бекітілген қашықтықты бұзадыда, күтпеген жерден артқа бір немесе екі қадам жасайды, ал қарсыласы арадағы қашықтықты сақтап қалу мақсатында қалыпты ара қашықтықты сақтап қалуға тиіс.

**Жаттығу – 4**

Боксшылардың біреуі қандайда бір соққы жасап шабуылдайды. Екіншісі қорғаныс әрекетін жасай отырып, қарымта соққы немесе қорғаныс қашықтығын сақтап, қозғалыста жүруі керек.

**Жаттығу – 5**

1 – ші боксшы ұрысқа тұрыс қалпында көзін жұмып тұрады, 2- ші қарсыласы белгілі бір қашықтықта оң, сол немесе алдынан жақындап келеді. Жаттықтырушының «бокс» деген бұйрығына 1- ші боксшы көзін ашасалысымен арадағы қашықтықты байқап бағалай соққы жасайды, 1, 2 қадам жасау арқылы немесе қадам жасамайда болуы мүмкін, осы жаттығуда ең керекті мақсат екі боксшы арадағы қашықтықты жедел анықтау дағдысын жетілдіріп, және осыған сәйкес қозғалыс амплитудасын дәлме дәл реттеу [4].

Жаттығулардан алынған қозғалыс әрекеттерін дағдылау үшін, бойлары әртүрлі боксшылардың арасында, шартты кездесулер өкізу арқылы, келесі тапсырмаларды орындау қажет:

1. Шабуылдау кезінде ұрыс әрекетінің соққы қашықтығын сақтау.

2. Соққы қашықтығын сақтай отырып, қарсыластың шабуылдау әрекетінен қорғанып жүру.

3. Ұрыс кезінде, өзара соққы арақашықтығын сақтап жүру.

4. Қорғаныс қашықтығын сақтай жүріп, қарсыластың шабуылынан қорғану.

5. Бойы әртүрлі қарсыласпен ұрыс кезінде, соққы қашықтығынан шабуылдау әрекетін орындап, бірден қорғаныс әрекетіне шығып кету.

**Зерттеу нәтижелері мен талқылау.**

Ара қашықтықты сезуді анықтау және оны сақтау ерекшеліктері.

Ара қашықтықты сезу шеберлігінің есебінде, әр қыйлы техника-тактикалық жағынан ұрыс жүргізу түрлерін құруға болады. Боксшылардың қашықтықты сезуді дамытуды, тактикалық әрекеттермен тығыз байланысты болуына ерекше мән беріп дайындау қажет.

Зерттеуден алынған деректер бойынша, ара қашықтықты сезу көздің терең көру қабілетінің дамуы негізінде пайда болады. Мысалы, ара қашықтықты сезу қасиеті дамыған, жоғары дәрежелі семсершілер, көздерінің көру қабілетінің тереңдігімен ерекшеленетіні анықталды.

Сонымен қатар оң қолдың соққысы сол қолдың соққысына қарағанда қарсыласқа неғұрлым жақсы байқалады, және көбінесе боксшыларда оң қолдың соққысы ауыр күшпен орындалады, сол себепті қарсыластар ұрыс кезінде бір-бірінің оң қол жақтарын көбірек назарында ұстайды.

Тағы бір ескеретін жағдай, боксшылар оң қолмен соққы жасағанда, қорғаныс жағдайы төмендейді, сол кезде, қарсыластың қарымта шабуылына ыңғайлы жағдайға түседі, ал керісінше сол қолмен соққы орындағанда қорғанысы арта түседі. Жоғарыдағы айтылған себептер боксшыны оң қолдан соққы жасау үшін қарсыласына неғұрлым жақын қашықтыққа жақындауға мәжбүрлейді. Қашықтықты сезу және сақтауды дамытушы ең негізгі әсер етуші факторлардың бірі, қарсыласқа жақын алдыңғы қолды жеңіл, нақ әрі жиі сілтеп ұрыс кезінде арақашықтықты сақтап тактикалық әрекеттерді тиімді орындау үшін, сапалы шабуылдар мен қарымта шабуылдау мақсатында орындау қажет [5].

1 кесте - Бой көрсеткіштері мен спорттық дәрежесі әр түрлі боксшылардың өзара жұдырықтасудағы арақашықтықты сақтау көрсеткіштері

Спорттық дәрежесі ( 1 разрядтан жоғары)				Жаңа бастаған боксшылар			
Тегі	Бойы бірдей қарсыластар арасындағы қашықтықты сақтауы, см	Бойы ұзын қарсыластармен арасындағы қашықтықты сақтауы, см	Айырмашылықтың орташа көрсеткіштері, см	Тегі	Бойы бірдей қарсыластар арасындағы қашықтықты сақтауы, см	Бойы ұзын қарсыластармен арасындағы қашықтықты сақтауы, см	Айырмашылықтың орташа көрсеткіштері, см
С-к.	121	111	3,9	К-а.	104	118	3,1
Т-ж.	135	112	5,1	М-а.	126	140	3,8
М-с.	86	95	2,1	Н-ж.	126	138	3,4
Б-т.	75	95	5,0	К-а	111	127	6,6
Д-ы.	110	112	1,1	Н-с.	105	117	3,9
З-е.	110	117	2,5	Б-е.	89	108	7,6

Спорттық шеберлікті шыңдау мақсатында, боксшының қашықтықты сезу дағдысын дамыту үшін, жаттығу процессін, бапкері мен шәкірті арасында жекелей көзқараста ұйымдастырылуы қажет.

Бойларының көрсеткіштері әр түрлі қарсыластармен алыс қашықтықта, боксшы өзіне ыңғайлы қорғаныс қашықтығымен қатар қарымта соққы дарытатын мүмкіндікте жүру қажет.

Әдетте ұзын бойлы боксшыларда, қолдарының ұзын болуына байланысты қысқа бойлы боксшыларға қарағанда, соққы орындалатын қашықтық ұзақ болады.

Осы зерттеуден бокста 4 түрлі қашықтықты аңғаруға болады:

**Жақын қашықтық** бұл - қарсыласқа алдыға қадам жасамай қысқа соқылар жасаумен жететін қашықтық.

**Орта қашықтық** бұл - қарсыласқа алдыға қадам жасамай түрлі деңгейдегі тік соқылар жасаумен жететін қашықтық.

**Шабуылдау қашықтығы** - қарсыласқа алдыға қадам жасап түрлі соқылар жасаумен жететін қашықтық.

**Қорғаныс қашықтығы** - шабуылдау қашықтығына жетуден бұрын қорғана жүріп, айлалы қимыл – қозғалыстарды орындау қашықтығы.

Тарих беттерінен сараптап қарасақ еліміздің әлемдік деңгейде бокс өнерін көрсетіп жүрген майталмандардың, әуесқой бокстағы ең үзік боксшылармен тең дәрежеде өнер көрсеткен былғары қолғап шеберлерін мысал келтіруге болады: 2002 жылы бокстан командалық әлем кубогі өтті. Сол бәсекеде 54 кг салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Алматы облысының тумасы сол жылдың Қазақстан Республикасының чемпионы СШ Төлеш Қанатов болған. Әлем кубогінің финалында Қазақстан құрама командасы Кубалық боксшылармен кездесті. Атағы жер жарған Кубалық үш дүркін Әлем және Олимпиада чемпионы Ригондо Ортиз финалға дейінгі қарсыластарын сұлата соғып нокаутпен уақытынан бұрын жеңіске жеткен. Төлеш пен Ригондо арасындағы кездесу бокстағы сезімталдықтың жоғары деңгейде болатынын көрсетті, жылдам әрі дөп тиетін соққылармен алмасып, тартысты өнер көрсетті. 7:8 ұпай санымен кубалық боксшы жеңіске жетті. Еліміздің бапкерлері мен бокс мамандары, жаңа бастаған боксшыларға әуелі бастан бокс мектебін үйретумен қатар ара қашықтықты сезу дағдысын дамыту керектігін ұйғаруы қажет.

### Қортынды

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау негізінде келесі қортындылар жасалды:

1. Зерттеу және бақылау топтарындағы ара қашықтықты сезуді дамытудың салыстырмалы деңгейдегі жеке тұстарының бірдей емес екендігі байқалады. Зерттеу тобындағы боксшылар бақылау



тобындағы боксшылардан ұрыс кезінде қашықтықты сезу, көріп анықтау және сақтап жүруден орасан зор нәтиже көрсетті.

2. Осы зерттеудегі ара қашықтықты сезу дағдысын дамытуға арналған арнайы жаттығулар кешенін қолдану, бұл тақырыпта бокстағы техника және тактикалық жағынан ғана тиімді болмай, сонымен қатар бокстағы жалпы дене қасиеттерімен техника – тактикалық жағынан шыңдау процессін жеделдетуді және сапалылығын бейнелейтінін көрсетті.

3. Боксшылардың ара қашықтықты сезуді дамытудағы арнайы құралдар және әдістемелерді қолдануда асырасылтеушілік, оқу-жаттығу процессінде спорттық шеберліктің өсу қарқынының тежелуіне, немесе керісінше, оларды сауатты қолдану техника – тактикалық шеберлігінің өсу қарқынының үдеуіне тікелей әсер етеді.

#### **Әдебиеттер**

1. Бокс: жоғары және орта оқу орындарына арналған оқулық /Нурмаханов Ә. – Алматы: 1986. – 252 с.
2. Бокс негіздері: оқу құралы/ М.А. Қасымбеков – Алматы: 2009. – 76 б.
3. Бокс: бірінші курс студенттеріне арналған оқу құралы / Төлегенов Ж.М., Габдулов Ә.Х.,
4. Шихотов В.А., 1991. – 75 б.
5. Қасымбеков М.А., Төлегенов Ж.М., Рысбеков Т.Р. Бокс мектебі: оқу құралы – Алматы: ҚазСТА, 2007. – 214 б.
6. Бокс: Анатомио-физиологическая характеристика боксеров-юношей.- Алматы, 2003. – 42-56Б.
7. Ашляев К.С.. Бокс: начальный курс тренировки боксеров. – Алматы, 2009. – С. 19-21.
8. Джероян, Г.О. Бокс: совершенствование тактики боксеров 1 разряда и мастеров спорта. – М., 1980. – 28 с.
9. Габдулов Ә.Х.. Бокс. – Алматы, 2011. – 62 с.
10. Бараев Х.А. Бокс: обучение и тренировка.- Алматы, 2009. – 43 с.
11. [www.sovsportizdat.ru/Boks.-Teoriya-i-metodika.-Uchebnik-dlya-](http://www.sovsportizdat.ru/Boks.-Teoriya-i-metodika.-Uchebnik-dlya-)

## **ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТ КӨЗДЕРІНЕ СИПАТТАМА БЕРУ**

**Мухиддинов Е.М.** Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, Алматы қ.  
**Абирос С. Ж., Тұрлыбекұлы Д., Ажибеков А.А., Дошыбеков А.Б.** ҚазСТА., Алматы қ.

**Аңдатпа.** Аталған мақалада-Орта Азия халықтарына, әсіресе бізге ғана тән, бұрыннан ауылда ойналып келген ұлттық спорттық ойындарының бір түрі– Тоғызқұмалақ. Мақалада осы спорт түрінің тарихы жайлы әдебиет көздеріне сараптама жасалады және адам баласының ақыл-ойының кемелдене түсуіне септігі тиетіні айтылған.

**Кілт сөздер:** тоғызқұмалақ, ақыл-ой, мәдениет, тарих, спорт, ұлттық ойын.

**Annotation.** This article describes togyzkumalak, one of the types of national sports games that have long been played in the village, unique for the peoples of Central Asia, especially for us. The article examines the history of this sport and provides an analysis of literary sources that contribute to the perfection of the human mind.

**Keywords-** togyzkumalak, intelligence, culture, history, sport, national game.

**Зерттеу өзектілігі.** Тоғызқұмалақ – әлемдік мәдениетінің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік (интеллектуалдық) ойын, логикалық ойлау өнері. Археолог-ғалымдарының пайымдауынша ойынның пайда болу мерзімі 4000 жыл шамасын қамтиды. Жасөспірім ұрпақтың дене шынықтыру тәрбиесімен қатар, ақыл-ойының дамуына да зор мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тауып, зердегілік және зияткерлік даму құралы ретінде қолдан Тоғызқұмалақ ойыны бүгінгі күні елімізде өрлеу, өркендеу дәуірін басынан кешіріп отырғанымен, ұлттық ойынның қыр-сыры толықтай ашылған жоқ. Ұлттық мұраның жас ұрпақтың рухани деңгейі мен ойлау жүйесін дамытудағы орны әлі зерделенбей отыр. Ежелгі көшпенділердің тоғызқұмалақты қандай мақсаттар үшін ойлап тапқаны, оның алғашқы қызметтік мәні де айқындалған жоқ. Сондықтан алдағы уақытта ұлттық ойынның беймәлім қырларын, әсіресе, ұсақ заттарды ұстағанда, оның ми қозғалысына әсерін тоғызқұмалақ ойыны арқылы зерттеу жүргізу - уақыт еншісінде.

Француз тілінен аударылғанда "этюд" - зерттеу деген мағынаны білдіреді. Яғни зияткерлік ойындарда этюдті шешу дегеніміз - ізденудің жолы, шығармашылық қабілеттерді дамытудың таптырмас көзі.

Тоғызқұмалақ ойыны да зияткерлік ойындардың күрделі түрі ретінде мұндай композициялық ерекшеліктерден кенде болмаса да, әлі күнге дейін тек этюд жанры ғана дамып отыр.

**Зерттеу мақсаты:** қазақ ұлттық ойыны тоғызқұмалақтың шығу тарихы туралы әдебиет көздеріне теориялық сипаттама беру.

**Зерттеу міндеттері:**

- Тоғызқұмалақ ойынының шығу тарихына сипаттама беру;
- зияткерлік ойындар жас ұрпақтың есте сақтау қабілетін арттыр құралы ретінде қарастыру.

Тоғызқұмалақ ойындары - жоғарыдағы зияткерлік ойындардың ішінде ең көп тарағаны және түркі халықтарының көпшілігінде кездеседі. Тоғызқұмалақ секілді ойындар ерте кездерден әр түрлі пішінде Орта Азия және Қазақстаннан бастап, Индия, Кариб аралдары, Египет, Шри Ланка, Солтүстік Африкаға дейінгі аралықтағы жерлерде таралған. Мұндай ойындар - "Калах", "Мангала", "Овари", "Бао", "Жонглак", "Габата", "Енкешуй", "Вари" және тағы басқа атаулармен көптеген елдерге белгілі болған. Еуропа ғалымдары бұл ойындарға әлемдік зерттеулерде "мангала" деген ат берген. "Мангала" араб тілінен аударғанда "жылжыту", "қозғау" деген мағынаны білдіреді.

Тоғызқұмалақ ойынының ережелері де алғашқы кезде бір ізді болған жоқ. Ұлттық ойынды зерттеген ғалымдардың еңбектерінде бұл ерекшеліктер нақты көрініс тапқан. Тоғызқұмалақ туралы зерттеулер XIX ғасырда шетелдік этнограф тарапынан жүргізілді. Бірақ олар тек қана ойынның атауы мен ережелеріне ғана тоқталып, олардың кездесетін өңірлерін айтумен ғана шектелді.

- умение применять эффективные разработки казахстанских специалистов и тренеров в своей практической деятельности с отечественными спортсменами;

- знание национальных особенностей граждан Казахстана их обычаи, традиции, взаимоотношения с окружающими.

В работе зарубежных специалистов по различным видам спорта выявлены следующие недостатки:

- не всегда квалификация зарубежного специалиста выше отечественных тренерских кадров;

- некоторые зарубежные специалисты неуважительно относятся к казахстанским тренерам и спортсменам;

- зарубежные тренеры не всегда учитывают возможности наших спортсменов и планируют тренировочные нагрузки по планам работы со своими спортсменами, что приводит к травмам и более сложным последствиям;

- финансовые расходы по условиям контракта часто выше эффективности профессиональной деятельности зарубежных специалистов;

- система подготовки спортсменов высокой квалификации в стране приглашенного специалиста иногда существенно отличается от казахстанской и не всегда специалист может адаптироваться к казахстанским условиям;

- не все зарубежные специалисты горят желанием показать максимально свои возможности при выполнении контракта;

- некоторые зарубежные специалисты, особенно в видах единоборств, ограничивают допуск личных тренеров спортсменов к участию в процессе подготовки к спортивным соревнованиям со своими учениками.

Обобщив результаты проведенных наблюдений мы предлагаем свои рекомендации по организации работы зарубежных специалистов с казахстанскими спортсменами высокой квалификации:

1. При заключении контрактов с зарубежными тренерами учитывать с каким контингентом они будут работать и в каком виде спорта. Контракты по работе с клубными командами по игровым видам спорта могут быть более длительными от 1 до 3 лет с последующим продлением на определенное время.

2. В видах спорта где тренировочный процесс, чаще всего, проводится индивидуально мы предлагаем приглашать специалистов на учебно-тренировочные сборы различной направленности и длительности от 14 до 20 дней:

а) направленность учебно-тренировочного сбора (УТС) общая специальная физическая подготовка. Приглашается один из лучших специалистов в мире по физической подготовке в виде спорта, спортсмены высокой квалификации не более 30 спортсменов, до 50 тренеров из всех регионов Казахстана;

б) направленность УТС повышение функциональных возможностей организма спортсменов по виду спорта. Приглашается один из лучших специалистов в мире по виду спорта, 30-50 тренеров с различных регионов, специалисты по педагогическому и медико-биологическому контролю [5,6];

в) направленность УТС технико-тактическая подготовки. Приглашаем одного или нескольких лучших, зарубежных специалистов по виду спорта, до 50 тренеров с различных регионов, специалистов по педагогическому контролю, по оценке технико-тактической подготовленности.

### **Выводы.**

В видах спорта которые относятся к единоборствам и видах спорта связанных в основном, с индивидуальным мастерством спортсменов, гораздо эффективнее приглашать лучших зарубежных специалистов для проведения тренировочных сборов различной направленности с казахстанскими спортсменами высокой квалификации по физической, функциональной и технико-тактической подготовке. В каждом тренировочном сборе обязательно должно участвовать до 50 казахстанских тренеров из всех регионов.

Преимущество предложенного подхода заключается в следующем:

1. Обязательное участие в учебно-тренировочных сборах, проводимых лучшими зарубежными специалистами по различным направлениям подготовки, отечественных специалистов из регионов позволит им ознакомиться с современными подходами к организации тренировочного процесса, участвовать в их реализации непосредственно в процессе тренировки, что существенно увеличит объем теоретических и расширит арсенал методических подходов для применения в практической деятельности со своими спортсменами. Работая в своем регионе с применением новых знаний, полученных от зарубежного специалиста и отечественных коллег, тренеры смогут существенно повысить эффективность своей работы, что отразится в спортивных результатах учеников.

2. Проведение учебно-тренировочных сборов различной направленности с участием зарубежных специалистов и отечественных тренеров со всех регионов, будет стимулировать работу казахстанских тренеров на спортивный результат, позволит укрепить уверенность тренера в собственных возможностях, повысит интерес отечественных специалистов к овладению новыми знаниями и практическими навыками. Отечественные тренеры и специалисты спорта заинтересованы в стабильном росте спортивных достижений казахстанских спортсменов гораздо больше зарубежных, а предложенная система внедрения опыта лучших иностранных специалистов будет этому способствовать.

3. Государство существенно сократит финансовые расходы на длительные контракты зарубежных специалистов. Сегодня заработная плата иностранных специалистов значительно больше чем отечественных тренеров, работающих со сборными командами, а ответственность за спортивные показатели возложена на казахстанских специалистов. Внедрение предложенной методики работы с иностранными специалистами даст возможность использовать освободившиеся средства в других целях.

### **Литература**

1. Платонов В.Н. Система подготовки спортсменов в олимпийском спорте / Общая теория и ее практические приложения: учебник для [тренер]: в 2 кн. – Киев: олимпийская литература, Кн.2. – 752 с.
2. Тимофеев В.Д., Брайнин А.А. Современные системы периодизации и планирование подготовки высококвалифицированных спортсменов в единоборствах (на примере дзюдо). – Санкт-Петербург: ОРО «квадрат», 2022. – 136 с., ил.
3. Джамбырбаев Б.О., Шепетюк М.Н., Кульбаев А.Т., Токарева С.В., Шепетюк Н.М. Влияние новых подходов к повышению образовательного уровня тренеров // ТимФК. – 2020. – №2(60). – С.44-51.
4. Шепетюк М.Н., Житкеев А.Р., Сайлаубаев Ж.Н., Райфова З.Р., Шепетюк Н.М. Образовательная деятельность Федерации дзюдо Республики Казахстан в современных условиях // ТимФК. – 2019. - №2(56). – С.19-25.
5. Шепетюк М.Н., Конакбаев Б.М., Бекембетов Р.А., Нурмухамедова М.Б., Сайлаубаев Ж.Н. Научно-методическое обеспечение подготовки высококвалифицированных спортсменов / Материалы Международной научно-практической конференции «Проблемы и перспективы развития студенческого спорта Караганде, 2017. – С.116-121.
6. Шепетюк Н.М., Конакбаев Б.М., Шепетюк М.Н., Кубашева Н.Д., Джамбырбаев Б.О. Контроль подготовленности спортсменов в различных видах борьбы // Теория и методика физической культуры. – 2019. - №1(55). – С.88-93.

**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ  
МЕНЕДЖМЕНТІ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГІ**

**МЕНЕДЖМЕНТ И МАРКЕТИНГ  
ФИЗКУЛЬТУРНО-ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫХ УСЛУГ**

**MANAGEMENT AND MARKETING OF SPORTS  
AND WELLNESS SERVICES**

## ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ СПОРТТЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ

**Қожахмет Дархан Бағдатханұлы**  
педагогика ғылымдарының магистрі  
Қызылорда Болашақ университеті

**Аңдатпа:** Бұл мақалада спорт менеджментінің мамандық ретінде пайда болуы, спорт менеджерлерінің атқаратын қызметі жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар, COVID-19 пандемиясына байланысты шектеу шаралары әдеттегі өмірдің, соның ішінде спорт пен физикалық белсенділіктің өзгеруіне әкелгендігі, бұқаралық спортты дамытуға пандемияның кері әсері баяндалады.

**Кілт сөздер:** спорт менеджері, нарық, басқару қызметі, дене шынықтыру, маңызды факторлар, жаттықтырушы, спорт секциялары, COVID-19, білім беру мекемелеріндегі дене шынықтыру, тарифтік біліктілік.

## SPORTS MANAGEMENT IN THE CONTEXT OF A PANDEMIC

**Kozhakhmet Darkhan Bagdatkhanovich**  
master of Pedagogical Sciences  
Kyzylorda Bolashak University

**Abstract:** This article examines in detail the emergence of sports management as a profession, a function performed by sports managers. In addition, it is noted that restrictive measures related to the COVID-19 pandemic have led to a change in everyday life, including sports and physical activity, and the negative impact of the pandemic on the development of mass sports.

**Key words:** sports manager, market, management activities, physical education, important factors, coach, sports sections, COVID-19, physical education in educational institutions, tariff qualification

Спорт менеджері - нарық жағдайында жұмыс істейтін спорт ұйымының басты тұлғасы. Басқару қызметі - дене шынықтыру мен спорттың жұмыс істеуі мен дамуының маңызды факторларының бірі болып табылады. Басқару қызметінің жекелеген элементтері белгілі-бір дәрежеде дене шынықтыру және спорт қызметкерлерінің барлық санаттарына тән: жаттықтырушылар, мұғалімдер, дене шынықтыру мұғалімдері, нұсқаушылар және т.б. Бұған тарифтік-біліктілік сипаттамаларында қарастырылған дене шынықтыру және спорт қызметкерлерінің әртүрлі санаттарының лауазымдық міндеттерін талдау арқылы көз жеткізуге болады [1]. Мысалы:

- дене шынықтыру және спорт саласы бойынша жаттықтырушы-оқытушы спорт мектебіне, үйірмеге, дене шынықтырумен және спортпен шұғылданғысы келетін адамдар тобына қабылдауды жүзеге асырады; оқу-жаттығу үдерісінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді; дайындықтың жылдық және ағымдағы жоспарларын әзірлейді. Жұмыс нәтижелерін жүйелі есепке алуды, талдауды, қорытуды жүргізеді;

- білім беру мекемелерінің дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушысы мекеменің сабақ және сабақтан тыс уақытта білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) белсенді демалысын ұйымдастырады; педагог қызметкерлер мен ата-аналардың қатысуымен дене шынықтыру-спорт мерекелерін, жарыстарды, денсаулық күндерін және сауықтыру бағытындағы басқа да іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді; үйірмелер мен спорт секцияларының жұмысын ұйымдастырады; қосымша білім беру мекемелерімен спорттық дене шынықтыру белсенділерінің қызметін ұйымдастырады және т.б. Жаттықтырушылар ұйымдастыру жұмысына жұмыс уақытының 10-12%-на дейін, ал аға жаттықтырушылар жұмыс уақытының жартысына дейін жұмсайды.

Басқару қызметі (спорт менеджменті) дене шынықтыру-спорт ұйымдары қызметкерлерінің кәсіби еңбек қызметінің ерекше түрі ретінде олардың еңбегін бөлу мен кооперациялаудың белгілі-бір сатысында туындайды. Спорт менеджментінің мамандық ретінде пайда болуы дене шынықтыру және спорт ұйымдарының, яғни кәсіби менеджерлердің лауазымдарының пайда болуымен тікелей байланысты [2].

Мемлекеттік статистика деректері бойынша қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында барлық деңгейдегі дене шынықтыру-спорт ұйымдарында 5,6 мың басқарушы қызметкер жұмыс істейді, оның ішінде 2,8 мыңы - басшы қызметкерлер, яғни спорт менеджерлері.

Барлық спорттық ұйымдар белгілі-бір ішкі құрылымға ие. Онда басқармалар, бөлімдер, топтар, командалар және т.б. бар, яғни дене шынықтыру және спорт ұйымдарында басқарушылық қызметтің әртүрлі түрлері және қарым-қатынас пен бағынудың белгілі-бір иерархиясы бар. Сондықтан дене

шынықтыру және спорт ұйымдарында әртүрлі деңгейдегі менеджерлер қызмет жасайды және олар әртүрлі міндеттерді шешеді. Менеджерлер, әдетте, үш негізгі топқа бөлінеді:

- жоғары деңгей (top manager) - спорт мектептерінің директорлары, спорт кешендерінің Бас директорлары, спорт клубтары мен федерацияларының Президенттері және т. б.;
- орта буын (middle manager) - басқарма басшылары, дербес бөлімдер және т.б.;
- төменгі буын (entry manager) - бөлімдердің, секторлардың, жұмыс топтарының, бөлімшелердің басшылары және т.б.

COVID-19 пандемиясына байланысты шектеу шаралары әдеттегі өмірдің, соның ішінде спорт пен физикалық белсенділіктің өзгеруіне әкелді. Covid-19 бұқаралық спорттың дамуына көп кері әсер етті. Пандемия сонымен қатар, кәсіби спорт пен мүдделі стейкхолдерлерге де әсер етті: спортшылар, жаттықтырушылар, нұсқаушылар, әкімшілік қызметкерлер (спорт ұйымдарының қызметкерлері), еріктілер, жарыстарға қатысатын лауазымды тұлғалар (төрешілер, делегация мүшелері), кәсіпорындар, әсіресе микро және шағын бизнес (фитнес-клубтар, спорт залдары, бөлшек саудагерлер, ұйымдастырушылар маркетингтік агенттіктер, спорт өнімдерін өндірушілер және т.б.).

Спорт индустриясының жаһандық құны 756 миллиард АҚШ долларына бағаланады. Шамамен 270 млрд. АҚШ доллары (36%) Ритейл секторына, 200 млрд. АҚШ долл. (26%) - инфрақұрылымға, тамаққа, сусындарға және спорттық ставкаларға, 171 млрд. АҚШ долл. (23%) – кәсіби спорт саласына және 115 млрд. АҚШ долл. (15%) – клубтар мен жаттығу залдарын жинауға. Спорт әлем өңірлері мен жекелеген елдердің экономикасындағы маңызды сектор болып табылады. Мысалы, ЕО-да спортқа байланысты ЖІӨ үлесі 279,7 млрд еуроны құрайды, бұл ЕО жалпы ЖІӨ-нің 2,12%-на тең. Спорт саласына тартылған адамдардың саны 5,67 млн адамды құрайды, бұл ЕО-да жұмыс істейтіндердің 2,72%-на сәйкес келеді. Әрбір 37-ші жұмысшы спорт саласында жұмыс істейді.

Сонымен қатар, уақыт өте келе бұл көптеген спорт түрлері үшін маусым басталатын кезеңге сәйкес келді: жарыстарға дайындық және өткізу ұйымдастырылады, турнирлер арқылы қаражат жиналады, түрлі іс-шаралар, семинарлар, жаттығу лагерлері ұйымдастырылады. Спорт ұйымдары сонымен қатар, әр түрлі төлемдерден, соның ішінде мүшелік жарналардан, лицензиялар беруден түсетін тұрақты табыстың едәуір бөлігін жоғалтты.

Спортшылар бүкіл маусымды жоғалтты, нәтижесінде белгілі-бір қаржылық пайда, сондай-ақ жаттықтырушылар мен спорттық жарыстарға қатысу және бәсекеге түсу мүмкіндігі шектелді. Кейбіреулер үшін бұл олардың мәртебесін көтеру және жеке және мемлекеттік көздерден (жергілікті, аймақтық және ұлттық деңгейлерде) қаржы алу мүмкіндігін жоғалтуды білдіреді. Спортшылар спорттық ұйымдар кірістерінің төмендеуіне байланысты қаржылық қолдау (стипендия) ала алмады.

Ұйымдар қаржылық қиындықтарға тап болды. Оларда табыстарын жоғалтуына қарамастан тіркелген төлемдер бойынша міндеттемелер бұрынғысынша сақталды. Жұмыссыздық мәселесі шиеленісе түсті. Атап айтқанда: қызметкерлерді, спортшыларды, жаттықтырушыларды және басқа жұмысшыларды, әсіресе жалақысы жоғарыда аталған табыс көздеріне тәуелді адамдарды жұмыстан шығару. Ұйымдар жалақы төленбейтін жұмыс күшінің едәуір бөлігін жоғалтты, өйткені пандемия кезінде еріктілердің ұтқырлығы шектеулі болды. Спорт индустриясымен тікелей немесе жанама түрде байланысты салалар қазіргі бизнес-модельдердің сәтсіздіктерін байқайды. Нәтижесінде Дайджест пайда болады.

COVID-19 пандемиясындағы спорт қысқа және ұзақ мерзімді перспективада бизнес-стратегияларды өзгерту қажеттілігі, бұл көптеген жұмыс орындарына, сондай-ақ кәсіпкерлерге әсер етеді.

Соңғы уақытта спорт пен спорт индустриясындағы экономикалық қатынастар айтарлықтай өзгерістерге ұшырады: макроэкономикалық орта түбегейлі өзгерді, спорттық ұйымдар жүйесіндегі және олардың инфрақұрылымындағы меншік қатынастары сапалы өзгерді, көптеген спорт клубтарының, командалар мен федерациялардың қызметі нарықтық негізге қойылды. Барлық деңгейлерде дене шынықтыру мен спорттың тиімділігін арттыру бойынша күрделі міндеттерді жоғары оқу орындарының дене шынықтыру және спорт мамандығының түлектері шешетін болады.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы жоғары сапалы және жақсы дайындалған мамандар ғана спорттағы экономикалық қатынастардың қазіргі жүйесін жаңғыртуға, оның жұмыс істеу параметрлерін сапалы жақсартуға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, мұндай мамандарды қазіргі заманғы білімсіз, ең алдымен, спорт экономикасы мен кәсіпкерлік туралы білімсіз даярлау мүмкін емес, өйткені дәл осы салалар дене шынықтыру мен спорттың өркендеуі үшін шешуші фактор болып табылады.

Тәжірибені жалпылау жас спорт менеджерлерінің сапасын жақсартудың нақты резервтері бар екенін көрсетеді. Бұл: саладағы басқарушылық компьютерлік технологиялар мен ақпараттық қамтамасыз етуді игеру, шет тілін тереңдетіп оқыту, оқытылатын қолданбалы басқару пәндерінің тізімін кеңейту, мысалы: дене шынықтыру-спорт ұйымының кеңесінің жұмысын ұйымдастыру; тиісті

сертификат бере отырып, дене шынықтыру-спорт ұйымдарындағы аудит және бухгалтерлік есеп; сөйлеу мәдениеті және т.б.

Бұл мәселені талқылай отырып, дене шынықтыру және спорт мамандығының түлектері тікелей жаттықтырушы-оқытушылық қызметті жүргізуге заңды құқығы бар дене шынықтыру және спорт мамандары екенін есте ұстаған жөн.

Қазақстан Республикасы - жүзден астам ұлттар мен ұлыстар тұратын, бірегей, ерекше материалдық және рухани мәдениеті бар, тамыры терең және салт-дәстүрлері бар бұқаралық ұлттық спорт түрлері оның ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатын әлемдегі ең ірі көпұлтты мемлекеттердің бірі. Сайып келгенде, спорт жалшұлттық бірліктің, ынтымақтастықтың символына айналады және жаңа қазақстандық патриотизмнің негіздерін қалыптастырудың, өз елімен мақтаныш пен ынтымақтастық сезімінің маңызды аспектілерінің бірі ретінде әрекет етеді.

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану халықты сауықтырудың, оның өзін-өзі іске асыруы мен дамуының неғұрлым қолжетімді және тиімді тетіктерінің бірі, бейәлеуметтік құбылыстарға қарсы күрес құралы болып табылады.

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында (бұдан әрі - тұжырымдама) экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі - ЭЫДҰ) елдерінің ел азаматтарының экономикалық өсуі мен әлеуметтік әл-ауқатына, бұқаралық спортты дамыту жөніндегі іс-шараларды іске асыру арқылы олардың өмір сүру сапасын арттыруға бағдарланған саясатты ілгерілетуге бағытталған тәжірибесі пайдаланылды [3].

Қоғамдық дамудың жаңа міндеттерінің пайда болуы спорт және дене шынықтыру саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру үшін басым бағыттар спектрін айқындайды, олардың ең маңыздылары әлемдік тәжірибеге, саланы басқару мен дамытуға, инновацияларға және т.б. ғылыми тәсілдер мен қағидаттарды кеңінен енгізуге сүйену болып табылады.

Тұжырымдама мемлекеттік саясаттың стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ саланы дамытудың өзекті міндеттерін ескере отырып, оларды іске асыру тетіктерін айқындауға арналған.

Қазақстанның спорт және дене шынықтыру саласындағы мемлекеттік саясатының өзіне тән ерекшелігі дәстүрлі түрде бұқаралық спортты және жоғары жетістіктер спортын дамытуға теңгерімді тәсілді іске асыру болып табылады [4].

Бұқаралық спорт саласында ел халқын дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылданумен қамтуды ұлғайту басым бағыт болып табылады.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы менеджмент - бұл әртүрлі деңгейдегі спорттық жарыстарды ұйымдастыру және өткізу жүйесі, спорт қауымдастықтарының, клубтардың, секциялардың және т.б. жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету, спорт ұйымдарында үйлестіру, басқару және дамыту қызметтерін білікті менеджер орындайды. Ол жаттығулар кестесін құрастырады, сөз сөйлеу жоспарын әзірлейді, демеушілермен және жаттықтырушылар құрамымен өзара іс-қимыл жасайды, жалға берушілермен шарттар жасасады, командалардың жарыстарға қатысуы бойынша келіссөздер жүргізеді, жиындарға шығуды үйлестіреді [5].

Әкімшілік жұмыстан басқа, менеджер ұжымдағы психологиялық климатқа жауап береді, спортшыларды жоғары нәтижелерге жетуге ынталандырады және даулы жағдайларды шешуде төреші болады. Спорт менеджері жақсы менеджер, стратег, тактик және психолог болуы керек. Оған өзіне деген сенімділік, команда мен демеушілерді қабылдаған шешімдерінің дұрыстығына сендіре білу қажет.

Осылайша, дене шынықтыру мен спортты ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтудың маңызды факторы ретінде қарастыруға болады, ол өсіп келе жатқан жаһандану жағдайында, мемлекеттік ұлттық саясатқа көпұлтты қоғамның қазіргі қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес келетін жаңа тұжырымдамалық тәсілдер қажет болған кезде ерекше мәнге ие болады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Воинов В.Э., Судакова Г.Г. Управление ФКиС. Учебно-методические указания для подготовки к практическим занятиям. - Алматы.: 2000.
2. Леднев В.А. Менеджмент в индустрии спорта: сб.ст. Вып. 1 [Электронный ресурс] / под ред. В.А. Леднева. - М.: МФПУ Синергия, 2012. - 200 с.
3. Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы. 11.01.2016 ж.
4. Скобкин С.С. Менеджмент в туризме: Учебное пособие / С.С.Скобкин. - М.: Магистр: НИЦ ИНФРА-М, 2013.
5. Теория и методика физической культуры и спорта [Электронный ресурс]: учеб.-метод. пособие для студентов фак. физ.культуры / Гос. образоват. учреждение высш. проф. образования "Саратовский государственный университет имени Н. Г. Чернышевского", Пед. ин-т; сост.: Л. В. Казацкая, И. Б. Габедава, О. В. Ларина. - Саратов: [б. и.], 2011. - 63 с.



**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ  
САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ,  
В СФЕРЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ, СПОРТА И ТУРИЗМА  
INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN THE FIELD OF PHYSICAL  
EDUCATION, SPORT AND TOURISM**

## СПОРТТЫҚ ТУРИЗМ

**Сулейменов О, Джылысбаев Д.**

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Тараз қаласы, Қазақстан

**Аннотация:** Қазіргі заман ағысына ілесу уақыт талабы. Сол орайда еліміздің әр саласын жетілдіріп, дамытуда түрлі шаралар қолға алынып жатыр. Спорттық-сауықтыру туризмі – көптеген демалу түрінің бір түрі болып есептеледі. Спорттық-сауықтыру туризмі түрлері жай туристер ортасында үлкен танымалдылықта болып жүр. Шаршағанды басуға көмектесетін тек қана жағажайдағы демалу емес, сонымен қатар созылған жүйке-жүйе мен физикалық төзімділікте көмектеседі.

**Кілт сөздер:** спорттық-сауықтыру, туризм, спорт, спорттық туризм түрлері, мемлекеттің спорттық саласы, дене шынықтыру.

## SPORTS TOURISM

**Suleimenov O, Jylsabayev D.**

**Annotation:** Keeping up with the current of modernity is a matter of time. At the same time, various measures are being taken to improve and develop different sectors of the country. Sports and recreation tourism is one of the types of recreation for many. Sports and recreation tourism is becoming very popular among ordinary tourists. It is not only a beach holiday that helps to relieve fatigue, but also helps in a stretched nervous system and physical endurance.

**Keywords:** sports and recreation, tourism, sports, types of sports tourism, sports industry of the State, Physical Culture.

### 1. Спорттық туризм түрлері

**Спорттық туризм** - туристердің спорттық мақсатта жорықтарға, жарыстарға қатысуын ұйымдастыратын жұмыстар тобы. Туристік жорықтардың қандай жерлерде өткізілетініне және туристік жорықтар кезіндегі қолданылатын транспорттық құралдардың жеке түрлеріне байланысты туризм мынадай түрлерден тұрады.

**Жаяу туризм** - күрделі емес таулы және жазық жерлерде өткізілетін туристік жорықтар. Халықтық топтар арасында ең көп тараған туризм түрі болып есептеледі: арнайы көлікті қажет етпейді, кез-келген аумақ бойынша жорықтар ұйымдастыруға болды.

**Тау туризмі** - биік, күрделі таулы жерлерде өткізілетін жорықтар болып бөлінеді. Маршрут бойында кедергілер, категориялық асулар болуы керек. Жаяу туризм сияқты адамдар арасында кең тараған туризм түрлерінің бірі, өйткені арнайы көлікті керек етпейді, таулы аймақтарда кең таралған.

**Шаңғы туризмі** - қыс кезінде, белгілі-бір қар жамылғысы қалыңдығына байланысты өткізілетін, өзіндік ерекшеліктеріне байланысты құрал-жабдықтары (примус, пеш, шаңғы т.б.) және қонақ жайлары (бивуак, қар үйшіктері, тұрғын мекен-жайлар т.б.) бар жорықтарға байланысты жұмыстар тобы. Климаттың, ауа-райының әртүрлі жағдайында жорықтар өткізіледі. Шаңғы туризмі бойынша жорықтар жазық жерлерде және таулы аудандарда қар жамылғысы тұрақты аймақтарда тараған.

**Су туризмі** - белгілі-бір су объектілері (өзендер, көл жағалары) бойынша ұйымдастырылып өткізілетін, арнайы (қайықтар, салдар т.б.) жүзу құралдары бар жорықтарды ұйымдастыруға байланысты іс- әрекеттер. Су туризмінде қолданылатын жүзу құралдары әр түрлі (байдаркалар, балон қайықтар, кильді қайықтар, катамарандар, тегіс табанды қайықтар т.б.) су жорықтары бойынша кездесетін кедергілер де ерекше (желдер, толқындар, сарқырамалар т.б.).

**Велосипед туризмі** - ұзақ қашықтықтағы, көптеген километрге (1100 км дейін) созылатын, арнайы дайындықты талап ететін, транспорттық (көліктік) құрал велосипед болып табылатын, жорық кезіндегі өзіндік кедергілер бар (жолсыз жерлер, орман-тоғайлар, жыралар т.б.) туристік топ құрамының шағын болуын талап ететін жорықтарды ұйымдастыру жұмыстарының жиынтығы.

**Автомобилтуризм** - арнайы дайындықты қажет ететін, маршрут өтетін жерлердің жағдайына байланысты өтетін (батпақтар, тасты, қарлы жерлер, құмдақ жерлер мен өткелдер, тау жолдары мен тау асулары жорықты күрделендіреді), үлкен қашықтықтарға созылатын, топтық құтқару құралдарының (от сөндіргіштер, аптечкалар, қорғаныс шлемдері, қауіпсіздік белбеулері т.б.) болуын талап ететін жорықтарды ұйымдастырып өткізу. Көлік құралы ретінде туризмнің бұл түрі бойынша автомобильдер, мотоциклдер, мопедтер т.б. қолданылады. Автомобилтуризм бойынша жарыстар, чемпионаттар өтіп тұрған.

**Спелеотуризм** - үңгірлерде, әр түрлі жер бедерінің күрделі лабиринтер жағдайында өтетін, үңгірлердегі төменгі температура мен жоғары салыстырмалы ылғалдылық жағдайындағы, табиғи жорықтың болуымен сипатталатын жұмыстарды ұйымдастыру. Кейбір үңгірлер түбінде жер асты көлдері мен жер асты өзендері болады. Үңгірлер вертикалды және горизонталды болуы мүмкін. Өз бойында тау және су туризмі техникасы элементтері мен құрал-жабдықтарын біріктіреді. Сондықтан арнайы дайындықты талап етеді. Алынып жүрілетін құралдар да ерекше (фонарь, примус, рация, барометр т.б.). Спелеотуризм бойынша маршруттар 2 бөлімнен: жер үсті маршруты, яғни үңгірге дейінгі жүру маршруты және жер асты маршрутынан тұрады. Көп жағдайда үңгір аймағында базалық лагерлер құрылады.

**Аңшылық пен балық аулау** - Ерлердің ең қызығатын әуесқойлығы – аң аулау мен балық аулау. Бұл адам мен табиғат байланысы мәдениетінің бір бөлігі іспеттес. Нағыз аңшы жануарлар әлемі мен оны белсенді қорғау туралы ақпаратқа әрқашан қызығушылық танытады. Сол секілді балық аулау да жақсы демалыс. Көл жанында әрқашан таза, жұпарлы ауа. Ол жерде адам күнделікті тұрмыс-тіршіліктен бір сәтке босап, сергек күйді сезінеді.

## **2. Қазақстанның спорт саласын мемлекеттік қолдау және оның спорттық туризмді дамытудағы әлеуетті мүмкіндіктері**

2011 жылдың басында Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасы қабылданды. Республикада 2007-2010 жылдары саланы дамыту Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылы 28 желтоқсандағы № 230 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға негізделді.

Осы кезеңде дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар санының тұрақты өсу үрдісі байқалды. Егер Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың басында 2007 жылы спортпен шұғылданушылар саны ел тұрғындарының (15%-ы) 2,3 млн. адамды құраса, 2008 жылы 2,35 млн. адамға артқан, 2009 жылы 2,4 млн. адам, 2010 жылы 2,8 млн. адам немесе 17,7%-ын құраған.

Шетелде бұқаралық спорт бірінші кезекте халықты сауықтырудың, өзін-өзі жетілдіруге қол жеткізудің, өзін көрсетудің және дамытудың тетігі, сондай-ақ зиянды әрекеттерге қарсы күрестің құралы болып табылады. Сондықтан мемлекеттер халықты бұқаралық спортпен айналысуға тартуды негізгі мақсат етіп қоя отырып, бұқаралық спортты дамыту мәселесіне ерекше мән береді. Бұқаралық спортты дамыту үдерісінде мыналар негізгі ерекшеліктер болып табылады: бұқаралық спортты қолдауда мемлекеттің рөлін, сондай-ақ осы саладағы қызметті ұйымдастырудың барлық нысандарының рөлін арттыру, бұқаралық спортты алдын алу және емдік іс-шараларда пайдалану, әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алу, жастарды адамгершілік, эстетикалық және интеллектуалдық тұрғыда дамытуда спортты пайдалану.

Қазіргі таңда бүкіл еліміз бойынша өткізілетін спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының саны артып келеді, тек 2010 жылдың өзінде 17 мыңнан астам бұқаралық-спорттық іс-шара өткізіліп, оған 3,5 млн.-нан астам адам қатысқан.

Өткен төрт жылдық кезеңде спартакиадалар, спорт түрлерінен турнирлер, спорттық отбасылар арасында «Бірге жарысамыз» атты жарыстар, бұқаралық жүгірістер, сонымен қатар, әрқайсысында 2 млн.-нан астам адам қатысатын Президенттік сынақ тапсыру айлықтарын өткізу дәстүрге айналды.

2010 жылы алғаш рет Қазақстанның бүкіл аумағында дәстүрлі халықаралық «Олимпиадалық жүгіріс күні», бірінші «Жасөспірімдердің ауылдық спорт ойындары» бір мезгілде басталды.

Ұлттық спорт түрлері белсенді түрде дамып келеді, онымен қазіргі кезде 166 мыңнан астам адам шұғылданады (2009 жылы – 123 мың адам). Бұған жыл сайынғы чемпионаттар, республикалық және халықаралық турнирлер, соның ішінде тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты, бірінші Жасөспірімдердің ауылдық спорт ойындары, «қазақ күресінен» әлем және Азия чемпионаттары, Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесі үшін Халық спорты ойындарын өткізу, спорт мектептері мен клубтарда ұлттық спорт түрлерінен бөлімшелердің ашылуы ықпал етті.

Ауыл спортын дамытуда маңызды бастама «Ел Қайраты» республикалық ауылдық дене шынықтыру-спорттық қоғамын құру болып табылады.

6769 жалпы білім беру мектептерінде 3 сағаттық дене шынықтыру сабақтары енгізілген, бұл мектептердің жалпы санының 98%-ын құрайды. Республиканың 48 жоғарғы оқу орнында спорт клубтары ашылған.

Елде 538 мыңнан астам бала немесе жалпы білім беру мектептері оқушыларының жалпы санының 22,0%-ы (2,5 млн. мектеп оқушысы) спортпен шұғылданатын 24 мыңнан астам спорт секциялары жұмыс істейді. Республикада 1725 спорт клубы, соның ішінде 106 балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі клубы, 530 балалар мен жеткіншектер клубы, 1020 дене шынықтыру-сауықтыру клубы және 113 спорт түрлерінен кәсіби клуб жұмыс істейді, онда 289 мың адам шұғылданады.

Өткен үш жылда дене шынықтырумен және спортпен айналысуға тартылған мүмкіндігі шектеулі адамдар санының өсу динамикасы байқалғанын атап өту қажет.

Елімізде халықтың 3%-ын құрайтын 486 мыңнан астам мүгедек тұрады, оның ішінде 45% адамның спортпен шұғылдануына тыйым салынбаған. Осы санаттағы адамдар арасында 13 мың адам дене шынықтырумен және спортпен шұғылданады, бұл 6,5%-ды құрайды (2009 жылы – 6%).

Бүгінгі күні республикада 127 мүгедек спорттың әр түрінен Қазақстан Республикасының спорт шеберлері болып табылады. 2010 жылы 41 адам спорт шебері, 24 адам халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативтерін орындады.

Жыл сайын спортшы-мүгедектер арасында республикалық және халықаралық деңгейде 70-тен астам спорттық-бұқаралық іс-шара ұйымдастырылады және өткізіледі, оған 1,5 мыңнан астам адам қатысады.

Елімізде бұқаралық дене шынықтыру-спорттық қозғалысты дамытудың нәтижесі отандық спортшылардың Олимпиада және Азия ойындарындағы, әлем және Азия чемпионаттарындағы жоғары жетістіктері болып табылады.

Пекинде өткен 2008 жылғы XXIX жазғы Олимпиада ойындарында 13 олимпиадалық медаль ие болды, соның ішінде 2 алтын, 4 күміс және 7 қола медаль, бұл бейресми есепте Қазақстанға жалпы командалық 29 орынды қамтамасыз етті.

Иеленген медальдардың жалпы саны бойынша бұл Қазақстан құрамасының 1996 жылдан бастап қатысқан барлық кездердегі (Атланта, АҚШ, 1996 жыл – 11 медаль; Сидней, Австралия, 2000 жыл – 7 медаль; Афины, Грекия, 2004 жыл – 8 медаль) үздік жетістігі болып табылады.

2010 жылы қазақстандық спортшылар Ванкувердегі (Канада) XXI қысқы Олимпиада ойындарына қатысты. Он екі жылдық үзілістен кейін қысқы Олимпиадада күміс медальға қол жеткізілді. Олимпиадада өнер көрсету қорытындысы бойынша 7 қазақстандық атлет әлемнің мықты спортшыларының алғашқы ондығына кірді.

Ел спортшылары 2010 жылғы әлем чемпионатында жазғы Олимпиадалық спорт түрлерінен 11 медалды, Азия чемпионаттарында 50 медалды, Азия кубоктарында 6 медалды, Еуразиялық ойындарда 131 медалды иеленді.

2010 жылы Қазақстанның жастар құрамасы тұңғыш рет Сингапурдағы 1 жазғы Жасөспірімдер Олимпиада ойындарына қатысты, оның қорытындысы бойынша 2 алтын, 2 күміс, 2 қола медалды иеленді, 204 елдің ішінде 3500 спортшы қатысқан жарыста 24 орынды қамтамасыз етті.

2011 жылғы 7-қысқы Азия ойындарына қатысудың қорытындылары бойынша Қазақстан құрамасы 32 алтын, 21 күміс және 17 қола награда ұтып алды, Азия ойындарының рекордын жасай отырып, бірінші орынды жеңіп алды.

Қабылданған шаралардың арқасында барлық облыс орталықтарында және Астана мен Алматы қалаларында спортшыларды даярлау жөнінде үздіксіз және жүйелі жұмыс қамтамасыз етілді.

Бүгінгі күні 17 олимпиадалық резервті даярлау орталығы жұмыс істейді, онда 1265 спортшы спорттық шеберлігін арттырады, 8 республикалық мамандандырылған олимпиадалық даярлау орталығында 984 спортшы өзінің спорттық шеберлігін арттырады және орталық спортшыларының 95%-ы Қазақстан ұлттық құрама командаларының негізгі, жастар немесе жасөспірімдер құрамасына кіреді. 2007 – 2010 жылдар кезеңінде мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылданды.

2007 – 2011 жылдар аралығында мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезеңінде республикада 16 балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері (БЖСМ) құрылды.

Қазіргі күні 423 БЖСМ-да 240 мыңнан астам бала немесе оқушылардың жалпы санының 10,0%-ы айналысады.

Сонымен қатар, болашағынан үміт күттіретін 3003 оқушы оқитын спортта дарынды балаларға арналған 11 өңірлік мектеп-интернат және жалпы саны 1191 адамды қамтитын 4 республикалық мектеп-интернат ашылды.

Спорт инфрақұрылымын дамытуда оң үдеріс байқалады.

2010 жылы бүкіл республика бойынша спорт ғимараттарының саны 31 мың бірліктен асты, оның 1717-сі жеке меншікте, 20166-сы ауылдық елді мекендерде. 2009 жылмен салыстырғанда барлық объектілер саны 936 бірлікке, ауылдық жерде 721-ге және жеке меншіктегілер саны 690 объектіге көбейді. 2011 жылғы 7-қысқы Азия ойындарын табысты өткізу үшін жабық футбол стадионы, коньки тебу стадионы, республикалық велотрек, сырғанау мұз айдыны бар «Қазақстан» спорт сарайы, К-95 және К-125 халықаралық шаңғы трамплиндерінің кешені, Алматы облысы Талғар ауданы Солдат шатқалындағы шаңғы және биатлон стадионы, Балуан Шолақ атындағы Спорт және мәдениет сарайы, биік таудағы «Шымбұлақ» спорт базасы, биік таудағы «Медеу» спорттық мұз айдыны сияқты бірегей спорттық объектілер салынды және қайта жаңартылды.

Дене шынықтыру және спорт саласын дамытудағы маңызды мәселе сала үшін кадрларды даярлау болып табылады.

Қазіргі уақытта республикада спорт саласында мамандарды даярлаумен 17 жоғарғы оқу орны айналысады, оның ішінде жаттықтырушы-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру жөніндегі кәсіби қызметті бір жоғары оқу орны - Қазақ спорт және туризм академиясы жүзеге асырады.

Салада спорт түрлері бойынша 8 748 штаттық жаттықтырушы жұмыс істейді, жаттықтырушы кадрына деген сұраныс бүгінгі таңда әр өңірде 20 – 30%-ды құрайды.

Жалпы алғанда, республикада дене шынықтыру мен спорттың дамуы елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына оң әсер берді.

Халықты бұқаралық спортпен айналасуға тарту дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатындар санының өсуіне алып келді. 7-қысқы Азия ойындарын өткізу халықаралық спорт аренасында қазақстандық спорттың имиджін және бәсекеге қабілеттілігін нығайтты.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Жылына бір келетін демалыста жақсы тынығу әркімнің көкейіндегі ой. Өкініштісі, бұл ойды іске асыру бәрінің қолынан келе бермейді. Тәуелсіздік алғанымызғы жиырма жылдың жүзі болса да еліміздің туризм саласы өз деңгейінде дамыған жоқ. Өз жеріміздің маржандарын әлі де болса қызықтай алмай отырмыз. Оған себеп көлік жолдарының жөнделмеуі, қонақ үй, қызмет көрсету бағасы шетелден де қымбат. Сондай-ақ отандық туристік қызмет көрсету түрі европалық стандартқа сай емес. Міне осы себептер салдарынан қазақ халқы емдік қасиетке бай өзіміздің Каспий теңізі, Алакөл, Балқаш сияқты көлдерімізге барудың орнына қырғыз ағайынның Ыстықкөліне, сонау ел асып Жерорта теңізінің жағалауына барып демалып келіп жүр. Өткен жылғы негізгі көрсеткіштерге сенсек сырттан келу 8 пайызға артып, 4 млн. 706 мың адамды құраған; ішкі туризм 7% артты, 3 млн. 495 мың адамнан тұрады; ал сыртқа шығу 23% және 3 млн. 687 мың адамды болған.

Бірі білсе, бірі білмейді, біздің елде туристер үшін саяхаттың 800 маршрут түрі ұсынылған. Оның 78-і - экологиялық турлар (ұлттық парктер, қорықтар және т.б.), 126 - сауықтыру бағыттары. Мемлекетімізде санаторно---курорттық ем алу мен демалыс біріктірілген. Аңшылық пен балықшылықты ұнататындарға 61 бағытта маршрут жұмыс істейді. Ал жылқымен жүрем деушілерге 18 бағыт бар. Сауықтыру емдік мақсатта адамдардың шипалы ем алып, ой тынықтыруына арналған туризмнің бір түрі. Елімізде мұндай сауықтыру кешендері көп. Оның себебі емдік қасиеттерге бай жер асты сулары мен тұзды минералды көлдері, шипалы қасиеттерге ие саз балшықтар соның айғағы бола алады. Экологиялық туризм мен сауықтыру туризмі жақсы қарқынмен дамып келе жатыр. Туристік саланы дамыту бағдарламасын жүзеге асырудың іс-шаралар жоспарына сәйкес ішкі туризмді дамыту бойынша жұмыс жүргізіліп жатқаны қуанышты жайт.

Елімізде саяхаттап кетіп бара жатырған әр бір шетелдік азамат келесі демалысында тағы да қайта келгісі келетін жағдайға жеткізу қиын жұмыс. Бірақ шетелге шығатын қазақстандықтар санын азайтуға болады деген сенімдеміз.

## **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!». Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауы. 28.01.2011.
2. Туризм және өлкетану негіздері. Оқу құралы. 2006 жыл.
3. Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасы. № 1399, 30.11.2011.
4. Вуколов В.Н. Основы техники и тактики активных видов туризма Алматы, 2005
5. Спортивная классификация туристских путешествий. - М.: ЦРИБ "Турист", 1975. – 90с
6. Алимханов Е. «Дене тәрбиесі – салауаттылық негізі». //Хабаршы ҚХҚ ӘТУ Пед. Ғылым сериясы. - №3, 2010ж. -180-185 бб.

## ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сулейменов О., Науатов С.

М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
Тараз қаласы, Қазақстан

**Аннотация:** Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

**Кілт сөздер:** дене шынықтыру, технология, дене тәрбиесі, білім беру.

## THE IMPORTANCE OF MODERN TECHNOLOGY IN PHYSICAL EDUCATION LESSONS

Suleimenov O., Nakatov S.

**Annotation:** At the present stage, the direction of compiling curricula in general secondary schools has changed. However, all these do not take into account where schoolchildren are studying, indicate the basic skills and abilities that they must master, the conditions for passing the educational norm. The performance of physical exercises will provide data on the level of motor readiness. However, these programs are basic, model in nature, so each teacher can make changes and changes in accordance with local conditions and traditions. The importance of training a specialist who is active in solving the problems of physical education in a creative way, with timely mastery of innovative processes and innovative directions in changing life conditions, critical attitude to practice, implementation of the tasks of Physical Education, well-being and physical culture is growing.

**Keywords:** physical education, technology, physical education, education.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәні бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына ерудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (Астана, 2000 жыл) 18-бабының 8-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін білім беру ұйымдарында эксперимент тәртібімен іске асырылатын білім беру бағдарламалары әзірлену мүмкіндігі», – атап көрсетілген. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген мектептерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «білім берудегі мақсат қоғам мүшелерінің жоғарғы деңгейдегі адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және тұлғалық дамуына әрі кәсіптік құзырлығына қол жеткізу болып саналады. Білім мүшесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіптік тұрғыда жетілу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілген.

Жеке адамды жан – жақты дамытуда дене тәрбиесінің маңызы өте зор.

Ойын процесі кезінде әрекет ете білуге оқыту тікелей әрекет арқылы болады. «Ойын арқылы адам әлемді таниды, біліктілікті игереді, білім алады, эмоциялы қуатталады» -деген А. Науменко.

*Ойын* балалар өмірінде үлкен орын алады. Дене тәрбиесінде қозғалыс ойындары пайдаланылады. Қозғалыс ойындары оқушылардың ептілігін, тапқырлығын, өзін – өзі билеушілігін дамытады, қозғалтқыш дағдыларын жетілдіреді.

Оқыту процесіндегі ойынның ролі педагогикалық әдебиеттермен түсіндірілуіне қарамастан, мұғалімдер оны қолдануда қиыншылықтар кездесетінімен түсіндіреді. Еңбектерді оқып келіп мен өзімнің жоба жұмысыма мынандай мақсат қойдым.

«Дене шынықтыру» оқу пәні – бұл дене және психикалық саулықты нығайту үшін арнайы ұйымдастырылған қозғалыс белсенділігі туралы білімдер жүйесі. Осы пәннің іс жүзіндегі мақсаты – бұл қазіргі қоғамның жалпы мәдениетінің бөлігі есебінде дене шынықтырудың құндылығы жөнінде білім алу. Ол қозғалыс қабілеттерін дамытып, жетілдіруге, сондай-ақ салауатты өмір салтының ережелеріне үйретуге бағытталған.

Дене тәрбиесінің арнайы әдістері:

1. Қатаң шектелген жаттығулар әдістері.
2. Ойын әдісі.
3. Жарыс әдісі.

Дене тәрбиесінің жалпы әдістері:

1. Сөз қолдану әдістері
2. Көрнекі қолдану әдістері.

Жобаның басты мақсаты: Дене шынықтыру сабағында жаңа бағдарламаны пайдалана отырып ойын әдістерін қолданудың педагогикалық және әдістемелік жолдарын анықтау. Мектеп оқушыларына дене тәрбиесі сабақтарында спорттық ойындарды қолдану арқылы, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу, пәндік білім, білік, дағдыларын оған әрі жетілдіру. Дене шынықтыру сабағында ұлттық

ойындардың маңызы ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтарды сақтап қалудың басты құралы екендігін тану.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қимыл қозғалыстарға үйрету. // Мектептегі дене шынықтыру №5 2010 жыл
2. Е.Қ. Уанбаев «Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі» оқу құралы. Өскемен С. Аманжолов атындағы ШҚМУ Баспасы 2006
3. Мұқышова М., Валеология. Денсаулық және өмірлік дағдылар. Алматы, № 3, 2009 – 6 б.
4. Дене тәрбиесі. Б Болатбек. Алматы: Атамұра, 2004. 112 б.
5. Дене тәрбиесі. М. Тұрыскелдина. Алматы: Атамұра, 2003. 112 б.
6. Қазақ энциклопедиясы. Алматы: Рауан, 2005. 680 б.
7. Е.Сағындықов. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы «Рауан», 1991.
8. С.Тайжанов, С.І.Қасымбекова. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, 2004.

**ВЛИЯНИЕ ФИЗИЧЕСКОЙ АКТИВНОСТИ  
НА ЭКСКРЕЦИЮ АЗОТИСТЫХ ВЕЩЕСТВ У СПОРТСМЕНОВ**

**Есалиев А.А. – д.м.н., профессор, ЮКУ им. М. Ауезова, г. Шымкент**  
**Балабеков А.Т. – к.п.н., доцент, ЮКУ им. М. Ауезова, г. Шымкент**  
**Айтжанов А.А. – старший преподаватель УДН им. А. Қуатбекова, г. Шымкент**  
**Тотикова Г.А. – доктор PhD, ЮКУ им. М. Ауезова, г. Шымкент**

**Аннотация.** Исследование показало, что уровень мочевины и аминокислот, выделяемых через кожу спортсменов после физической нагрузки, находится в прямой зависимости от интенсивности нагрузки. Эта связь соответствует показателям физической работоспособности спортсменов. Корреляция между физической работоспособностью и уровнем мочевины сильная - 0,8, что свидетельствует о наличии значимой связи. Аналогично, корреляция между физической работоспособностью и уровнем аминокислот также сильная - 0,7. При физической нагрузке происходит увеличение потоотделения за счет рабочей гипертермии, что приводит к повышенному выделению азотистых веществ. Уровень мочевины и аминокислот, выделяемых через кожу, значительно увеличивается после физической нагрузки на 285,1 и 309,5% соответственно.

**Ключевые слова:** Физическая нагрузка, потоотделение, биохимический анализ, азотистые выделения, нервно-гуморальная регуляция, спортивная медицина.

**EFFECT OF PHYSICAL ACTIVITY ON NITROGEN EXCRETION IN ATHLETES**

**Yessaliyev A.A. – Doctor of Medical Sciences, Professor, M. Aueyov SKU, Shymkent**  
**Balabekov A.T. – Ph.D., Associate Professor, M. Aueyov SKU, Shymkent**  
**Aitzhanov A.A. – Senior lecturer of the A. Kuvatbekov UDN, Shymkent**  
**Totikova G.A. – PhD, M. Aueyov SKU, Shymkent**

**Ключевые слова:** лечебная физическая культура, физическое воспитание, здоровье, двигательная активность, студенты.

## ТHERAPEUTIC PHYSICAL EDUCATION AS A FORM OF IMPLEMENTATION OF THE EDUCATIONAL PROCESS IN PHYSICAL EDUCATION OF STUDENTS

**M.Zh. Ospanbayeva** – teacher of the Department of Physical Education and Sports of al-Farabi Kazakh  
National University, Almaty

**N.M. Shepetyuk** – candidate of pedagogical, senior lecturer of the Department of Physical Education and  
Sports of al-Farabi Kazakh National University, Almaty

**L.A. Sabyrbekova** - senior lecturer at the Healthy Lifestyle Center of KazNU  
named after al-Farabi, Almaty

**J.E. Koblanov** – teacher at the college of al-Farabi KazNU, Almaty

**Annotation.** In the article, by the authors the organizational and methodological aspects of holding educational lessons of students, who were assigned for groups of therapeutic physical training because of their state of health, are considered. The practical recommendations of holding lessons with these groups in university are given to enhance students' physical development and recovery status. In the article, the important place is reserved for development of steady motivation of students for leading healthy lifestyle and understanding of intrinsic value of physical health, also for deepening of education of students in physical education.

**Keywords:** therapeutic physical culture, physical education, health, motor activity, students.

**Введение.** Здоровье студенческой молодежи является важной национальной проблемой Республики Казахстан. По данным ежегодного медицинского осмотра, процент студентов Казахского национального университета им. аль-Фараби, имеющих отклонения в состоянии здоровья, определенных в группы лечебной физической культуры и освобожденных от занятий по медицинским показаниям, в 2022-2023 учебных годах составил 27%. Модернизация системы высшего образования требует тщательной корректировки и реорганизации учебного процесса по физическому воспитанию. Необходимо обеспечение рационального сочетания теоретической, практической и самостоятельной работы студентов.

Важным условием формирования и совершенствования механизмов адаптации, в том числе и к умственным нагрузкам, является двигательная активность. Однако система образовательного процесса в высших учебных заведениях не позволяет полностью компенсировать общий дефицит двигательной активности, особенно у студентов, имеющих хронические заболевания и низкий уровень физического развития, что создает предпосылки поиска новых форм и средств физической культуры оздоровительной направленности [1, 2, 3].

Один из путей решения названной проблемы мы видели в организации групп лечебной физической культуры (ЛФК), занятия в которых мы проводим с учетом индивидуального здоровья и направлены на коррекцию нарушений. Физическое воспитание студентов этих групп решает те же образовательные задачи, что и курс физического воспитания для высших учебных заведений, разработанный в Республиканской учебной программе. Но наличие различных отклонений в состоянии здоровья выдвигает ряд

реабилитационных задач, требующих ликвидации остаточных явлений после перенесенных заболеваний, развитие компенсаторных функций и, что очень важно, воспитание осознанной необходимости в постоянных занятиях физическими упражнениями, индивидуального подхода при выборе средств и методов физического воспитания и дозирования физических нагрузок. Высокая эффективность занятий достигается правильным выбором методических приемов и рациональных средств физической культуры с учетом индивидуальных противопоказаний [4].

Цель настоящей работы – обоснование проекта внедрения форм ЛФК для улучшения показателей физического развития и оздоровления студентов Казахского национального университета, отнесенных к этой категории по состоянию здоровья.

Учебные занятия организуются и проводятся в соответствии с рабочими программами, разработанными и утвержденными кафедрой физического воспитания и спорта. Учебно-воспитательный процесс в группах ЛФК направлен на постепенное и последовательное укрепление здоровья, повышение адаптационных возможностей организма студентов, устранение функциональных отклонений и недостатков в физическом развитии, закаливание организма и расширение функциональных возможностей организма студентов, на ликвидацию остаточных явлений после перенесенных заболеваний. Важное место отведено развитию устойчивой мотивации у студентов к ведению здорового образа жизни и пониманию собственной ценности физического здоровья, углубление образованности студентов по физической культуре, формирование мотивации и повышение интереса к занятиям. С учетом характера заболеваний и индивидуального уровня здоровья студентов нами была разработана программа мероприятий по оптимизации режима двигательной активности этой категории лиц.

Занятия по ЛФК проводятся 2 раза в неделю с продолжительностью – 40-50 мин., количество студентов в группе 4-5 человек. Курс обучения включает теоретический раздел в форме лекций и семинаров; методический раздел в форме разработки комплексов упражнений ЛФК с учетом особенностей заболевания и индивидуального уровня здоровья; практический раздел, предусматривающий выполнение упражнений комплекса ЛФК под контролем преподавателя.

Кроме того, программа предусматривает самостоятельную работу студентов: подготовку рефератов и выполнение физических упражнений комплекса ЛФК самостоятельно во внеучебное время.

Во время проведения учебных занятий необходимо учитывать ряд принципиальных особенностей, которые характерны для внедрения форм ЛФК в вузе:

- на занятиях одновременно присутствуют студенты с различными заболеваниями;
- у значительной части студентов выявлены по две, а иногда и по три патологии, которые требуют специальной коррекции средствами ЛФК;
- подавляющее большинство студентов, занимающихся в ЛФК в школе, были полностью освобождены от занятий физической культурой, в результате чего они не имеют практических навыков выполнения даже самых простых упражнений;
- как правило, формируются смешанные группы, т.е. девушки и юноши занимаются вместе;
- чрезвычайно важен эмоциональный компонент в группах, доверительные отношения с преподавателем, акцент на успехах студентов.

По нашему мнению, кроме комплексов специальных упражнений ЛФК, лечебной гимнастики, целесообразно использовать различные виды утренней гигиенической гимнастики, самостоятельные занятия физическими упражнениями. Кроме того, для осуществления проекта со студентами мы применяем комплекс специальных упражнений для глаз, мышц спины, рук, ног, используется дыхательная гимнастика, а также спортивный инвентарь в виде резиновых и теннисных мячей, гимнастических палок, гантелей с небольшим весом, велотренажеров, гимнастических ковриков и стенки.

В процессе занятий следует исключить такие виды упражнений как прыжки, глубокие приседания, длительное выполнение физических упражнений в положении стоя, упражнения на задержку дыхания и натуживание, статическое напряжение мышц больше 10 сек., большое количество повторений, ограничить выполнение упражнений на мышцы брюшного пресса.

Важный компонент внедрения ЛФК в вузе – регулярный контроль функционального состояния организма с применением специальных методов: проведение контрольных измерений ЧСС и артериального давления; врачебные осмотры в зависимости от состояния здоровья студентов могут проводиться от 1 раза в неделю до 1 раза в месяц.

В качестве дополнительных самостоятельных форм двигательной активности студентам рекомендуется оздоровительная ходьба по пересеченной местности в парковой зоне стадиона для тренировки сердечно-сосудистой, дыхательной и кардиореспираторной систем.

**Вывод:** Организация занятий групп лечебной физической культуры показала положительную динамику функционального состояния студентов.

Внедрение в практику физического воспитания вузов форм лечебной физической культуры позволит повысить уровень двигательной активности студентов, отнесенных к этой группе по состоянию здоровья, будет способствовать улучшению здоровья, повышению интереса к занятиям физической культурой, адаптации их к учебной деятельности и как следствие – качества подготовки конкурентоспособного специалиста.

**Список литературы:**

1. Загrevская А.И. Инновационный подход к физкультурному образованию студентов специальной медицинской группы в вузе / А.И. Загrevская // Адаптивная физическая культура. – 2007. - № 1. – С. 4-8.
2. Загrevская А.И. Методология построения содержания физкультурного образования студентов специальной медицинской группы педагогического вуза / А.И. Загrevская // Теория и практика физ. культуры. – 2008. - № 10. – С. 17-21.
3. Капилевич Л.В. Коррекция нарушений функции равновесия у студентов посредством лечебной физической культуры / / Л.В. Капилевич, К.В. Давлетьярова В.Л. Солтанова //Бюллетень сибирской медицины. – 2009. – № 3. С. 23-27.
4. Арещенко А.И., Вишнякова Н.П., Рахимбаева Г.Х. Технология учебного процесса физического воспитания в специальном учебном отделении. - 2009. – Изд. 2-е, дополнение. – Алматы. С. – 4.

## **ДЫХАТЕЛЬНЫЕ УПРАЖНЕНИЯ ОСНОВА В ФИЗИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ СТУДЕНТОВ**

**Т.Е. Уразбаев  
Е.Н. Медеубаев**

КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**Аннотация.** Цель исследования заключается в выявлении возможности применения дыхательных упражнений в процессе физического воспитания студентов. В обзорной статье представлены материалы теоретического исследования проблемы увеличения и функциональные возможности адаптационного потенциала организма студентов. Совершенствование процессов связанных с развитием резервов регуляции дыхания и произвольной регуляции дыхания со студентами на занятиях физической культуры и спорта.

**Ключевые слова:** дыхательные упражнения, студенты, физическое воспитание студентов.

## **BREATHING EXERCISES ARE THE BASIS IN PHYSICAL EDUCATION OF STUDENTS**

**T.E. Urazbaev  
E.N. Medeubaev**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** The purpose of the study is to identify the possibility of using breathing exercises in the process of physical education of students. The review article presents the materials of a theoretical study of the problem of increasing and functional capabilities of the adaptive potential of the body of students. Improvement of processes related to the development of respiratory regulation reserves and voluntary regulation of breathing with students in physical education and sports

**Keywords:** breathing exercises, students, physical education of students.

### **Введение**

Важнейшей функцией человеческого организма является дыхание. При остро-респираторных заболеваниях большую значимость в совершенствовании дыхательной системы человека составляет резервные возможности респираторной системы. Необходимо искать, исследовать наиболее эффективные средства и методы повышения функциональных способностей дыхательной системы для профилактики и снижения вирусных заболеваний усиление адаптационного потенциала студента для нормального функционирования.

**Цель исследования:** Применение дыхательных упражнений в процессе физического воспитания студента.

**Методы и организация исследования:** Изучение научно-методической литературы. Решение этой задачи, применять в результате исследования и их обсуждения.

**Результаты исследования и их обсуждения:** Большинство авторов [1-3] доказывают, что использование дыхательных упражнений увеличивает объем легких при вдохе и выдохе их емкость и

вентиляция увеличивается. При углубленном изучении различных дыхательных упражнений, оздоровительных систем данное направление обладает высокой эффективностью воздействия на учащихся.

Но важным условием, является первоначальное обучение занимающихся, чтоб четко сформировать навык контроля и дозирования дыхательных актов и какие сдвиги происходят в организме студентов.

Анализ современной научно-методической литературы показал, что вопросами повышения адаптационных процессов респираторной системы предпочтение уделяется сохранению здоровья учащихся на протяжении всей жизни [4-6]. Авторы статей предлагают упражнения в сочетаний со свободным и форсированным дыханием указывая на системы А.Н. Стрельниковой, К.П. Бутейко.

Практическая работа со студентами основной группы использовались упражнения на гипоксию с применением различных задержек дыхания после вдоха и выдоха. Дозированные задержки дыхания способствуют улучшению общего состояния здоровья, улучшается цвет лица, студенты лучше запоминают пройденный материал, улучшается память, вызывает омолаживающий эффект. Первоначальные задержки дыхания должны быть строго дозированы, стимулируется аэробный обмен, способствует улучшению адаптации к внешнему миру. Данная модель применения дыхательных упражнений может быть успешно применена в процессе физического, воспитания студентов основной группы. Одним из примеров комплексного использования дыхательных упражнений на занятиях физической культурой и спортом студентов могут служить рекомендации А. С. Захаревича [7], который разделяет упражнения на две группы: Упражнения с использованием элементов гипоксии, направленные на общее оздоровление организма, и упражнения с использованием эффектов гипервентиляции. При этом наиболее интересным является использование обеих групп упражнений, направленных на физическое и психическое оздоровление.

В.В. Стародубцев [8], разрабатывающий в Соединенных Штатах Америки систему радикального продления жизни на основе научных экспериментов, предлагает вырабатывать «рептилоидный» тип дыхания, предполагающий ограничение поступления атмосферного кислорода при включении древних механизмов и стимуляции выработки эндогенного кислорода. Количество дыхательных циклов в покое колеблется в среднем от двух до шести в минуту. При таком дыхании сатурация кислорода в покое составляет 88-94%, при этом уровень лактата составляет 1,6-3,6 ммоль/л., а все процессы в организме протекают с минимальным накоплением продуктов распада и свободных радикалов, что создает условия для формирования новых адаптационных резервных возможностей, одновременно стимулируя и увеличивая механизмы регенерационных и иммунных систем. При этом рекомендуются периодические задержки дыхания в течение суток, достигающие в сумме 10 - 15 минут.

В этом отношении нам представляется интересным обратиться к одной из недавно появившихся и не имеющей достаточного научного подтверждения системе оздоровления по методу Вима Хофа, голландского экспериментатора в области оздоровительных технологий. Данная система основана на сочетании медитации, дыхания и закаливания. Дыхание осуществляется следующим образом, вдох выполняется по принципу полного йоговского дыхания, а выдох производится через рот непринужденно и неглубоко, выполняется 30 вдохов и выдохов, после чего осуществляется максимальная задержка дыхания после выдоха и дальнейшая задержка дыхания на 15 секунд на последующем вдохе. Таким образом рекомендуется выполнять 3 подхода дыхательных упражнений в сочетании с медитацией, после чего выполнить закаливающие процедуры. В контексте нашего направления работы со студентами в рамках академических занятий мы можем использовать только дыхательную гимнастику в сочетании с медитацией, поскольку выполнение закаливающих процедур в условиях спортивного зала представляется затруднительным. Однако при желании всю эту систему можно использовать в иных условиях вне расписания учебных занятий.

В предварительных поисковых исследованиях [9] изучен срочный эффект от воздействия дыхательной гимнастики, предложенной Вимом Хофом, используемой на академических занятиях физической культурой со студентами основной группы. Контролировались показатели задержки дыхания на выдохе (по типу пробы Генчи). Был выявлен достоверный прирост показателей задержки дыхания по сравнению с исходным уровнем (до применения дыхательной гимнастики) в 2-3 раза. Это свидетельствует о возможности расширения функциональных резервов дыхательной системы в период выполнения дыхательных упражнений. Однако нужны дополнительные исследования для выявления отставленного эффекта с использованием более широкого арсенала показателей, характеризующих состояние кардио-респираторной системы.

### **Заключение**

Эффективности развития адаптационных процессов в организме человека, осложненных неблагоприятными факторами окружающей среды и остро респираторными заболеваниями. Ведущая роль в



расширении резервных возможностей организма и повышении иммунитета принадлежит респираторной системе человека, которая, с одной стороны, наиболее подвержена поражению при вирусных заболеваниях, а с другой обладает мощнейшим стимулом и возможностями для оздоровления всего организма. Анализ научно-методической литературы позволил выделить основные направления совершенствования дыхательной функции человека. К ним относятся совершенствование процессов, связанных с развитием резервов регуляции дыхания и наращиванием резервов мощности дыхательной системы. При этом возможно использование как общих средств физической тренировки различной направленности, обуславливающих развитие всех функциональных возможностей организма, применение специальных дыхательных упражнений, тренажеры повышающие показатели внешнего дыхания и способствующие улучшению регуляции деятельности сердечнососудистой системы. В практике работы со студентами на занятиях физической культурой необходимо использовать вышеназванные подходы для совершенствования респираторной функции. Однако, если значение физических упражнений аэробной и анаэробной направленности для развития кардио-респираторной системы получило достаточно широкое изучение и глубокое научное обоснование, то применение специальных дыхательных практик и систем в работе со студентами использовать разнообразные дыхательные практики выявлять эффективность и возможность применять на занятиях со студентами оказывающее благоприятное воздействие на весь организм и психо-физическое состояние.

### Литература

1. Бреслав, И. С. Произвольное управление дыханием у человека / И. С. Бреслав. – Л.: Наука, 1975. – 152 с.
2. Гора, Е. П. Изменения функционального состояния систем организма (кардио-респираторной системы и ЦНС) при произвольном управлении дыханием / Е. П. Гора – М.: Изд-во "Прометей" МГПУ им. В.И. Ленина, 1989. – 142 с.
3. Кучкин, С. Н. Повышение резервов дыхательной системы и работоспособности посредством произвольного управления дыханием / С. Н. Кучкин, И. Н. Солопов // Пути оптимизации функции дыхания при нагрузках, в патологии и экстремальных состояниях. – Калинин, 1989. – С. 30-35.
4. Антипов, О. В. Комплекс дыхательной гимнастики как способ восстановления студентов, переболевших новой коронавирусной инфекцией / О. В. Антипов, Е. Ю. Суханова, Р. В. Гежа // Национальная ассоциация ученых (НАУ). – 2020. – № 59. – С. 4-6.
5. Баранов, Д. В. Применение видов дыхательной гимнастики для студентов основного отделения / Д. В. Баранов // Инновационные научные исследования. – 2021. – № 10-1 (12). – С. 165-172.
6. Вычегжанина, Е. В. Дыхательные практики в прикладной физической культуре как средство снятия стресса и улучшения когнитивных функций у студентов высшей школы / Е. В. Вычегжанина, Е. А. Мазуренко, В. Н. Нижневенко // Ученые записки университета имени П.Ф. Лесгафта. – 2021. – № 7 (197). – С. 53-56.
7. Шалабодина, В. А. Применение эффекта ги-перкапнии для оптимизации работы организма в режиме образовательной деятельности / В. А. Шалабодина, А. М. Волкова // Современные вопросы биомедицины. – 2021. – Т. 5. – № 2 (15).
8. Стародубцев, В. В. Возраст Мафусаила: миф или реальность / В. В. Стародубцев. – М., 2020. – 350 с.
9. Трещева, О. Л. Срочный эффект дыхательной гимнастики Вима Хофа / О. Л. Трещева, Е. Е. Мокрякова, А. Г. Карпеев // Олимпийский.

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ САУЫҚТЫРУ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ПАЙДАЛАНУ БАҒЫТЫ МЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ДЕНГЕЙІ

Г.Л. Саурбекова, магистр, Э.Т. Джумагельдиев  
Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

**Андатпа.** Мақалада адамның үйлесімді дамуының кешенді зерттеулерінің қорытындысы, дене шынықтыру мен спортпен айналысушылардың дене сапасының жан – жақты дамуын жүзеге асыру көрсетілген. Белсенді спорт және дене шынықтырудың заманауи бағдарламасын құрастыру. Дене шынықтыру сабағының сауықтыру бағытын және салауатты өмір салтына қызығушылықты қалыптастыру. Денсаулықты нығайту сұрақтары, зерттеуге қатысушылардың жалпы дене дайындығының деңгейін көтеру. Адамның физиологиялық қоры. Дене шынықтыру мен салауатты өмір салтының басты принциптері мен бағыты қарастырылады. Дене шынықтыру мен спорттың арнайы бағдарламасы құрастырылады. Үздіксіз әр жас топтарының дене шынықтырудың түрлі бағыттары қарастырылады. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы мемлекеттік саясат. Шынығу әдістемелері. Дене жаттығуларымен тыңғылықты, үздіксіз айналысу, дене шынықтыру құралдарын пайдалана отырып аурудың алдын алуының маңыздылығы.

**Кілт сөздер:** дене шынықтыру, денсаулықты нығайту, сауықтыру жұмыстары, сауықтыру бағыты.

## WELLNESS DIRECTION OF PHYSICAL EDUCATION OF STUDENTS

Saurbekova G.L., Zhumageldiev E.T.

**Abstract.** The article deals with the results of a comprehensive assessment of the harmonious development of individuals engaged in physical culture and sports. Creating up-to-date programs of health-improving physical culture and active sports. Health-improving orientation of modern physical education lessons, interest in maintaining a healthy lifestyle. Issues of health promotion, improving the level of General physical fitness of students. Physiological reserves of the human body. The main principles of physical education, health-improving direction of a healthy lifestyle are considered. Preparation of special programs of health-improving physical culture and sports. Continuity and succession of physical education of various age groups of the population. Assessment or the concept of "norm" of the morph functional state of the human body. Assessment of physical fitness of people with different levels of physical condition.

**Keywords:** physical culture, health status, promotion, lifestyle, health-improving work.

**Кіріспе.** Адам денсаулығының деңгейі көбіне, қимыл белсенділігінің дәрежесіне байланысты. Денсаулықты нығайту, адамдардың жалпы дене дайындығының деңгейі, тұлғаның үйлесімді даму принциптарының негізінде қалыптасуы мемлекеттің басты қамқорлығында болған және болады да. Адам тұлға ретінде қоғамдық өмір процесінде қалыптасады: оқуда, жұмыста, адамдармен қарым қатынас кезінде. Дене шынықтыру, білім алуда, тәрбиелеу барысында, рухани – тәлімдік және жеке қасиеттерді дамытуда қосымша құрал ретінде пайдаланылады.

Дене шынықтыру адамның ажырамас бір бөлігі. Ол адам өмірінде жеткілікті, маңызды орын алады. Дене шынықтырудың арнайы бағыты адамның жан жақты дамуына бағытталған, әдет, бағалау, құнды бағдарды қалыптастыруға, сенім, таңдау. Дене жаттығуларының сауықтыру әсері жүйке жүйесі бұлшықеттерінің жұмысына, зат алмасуға, ішкі органдар жұмыстарының тығыз байланысымен негізделеді. Адам ағзасының қызметін реттеу, қимыл қозғалыс арқылы терең бұлшықеттерде орналасқан жүйке талшықтарының қабылдау ұштарына әсер ету рефлекторлық жолымен жүзеге асырылады. [1]

Дене шынықтыру рухани және материалдық мәдениетке, жалпы қоғамдық қажеттілікті қалыптастыруға, техникалық құралдар, әдістемелерге, ғылым саласындағы жаңалықтарға ынталандырады және ізденісті талап етеді. Дене тәрбиесі адамға дененің физикалық және психикалық резервтерінің әсері туралы объективті ақпарат береді. Осылайша, қоғамдық даму талаптарының дене шынықтыру саласындағы әлеуметтік қажеттілік қызметтерінің объективті көрінісі байқалады, ол қоғамдық өмірге құрылымдық, функционалдық, генетикалық тұрғыдан қатысты. Мемлекет адамдардың түрлі қажеттіліктерін жүзеге асыру мақсатында арнайы жүйелер құрады, жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында орындалуы тиіс. Олар, оқу-тәрбие жұмыстары, мектепке дейінгі мекеме, жалпы білім беру мектебі, орташа және жоғары оқу орындары, ЖОО кейінгі кәсіби білім беру т.б. [2]

Президент жолдауларында, «ҚР азаматтарының білімі мен әл ауқаты, денсаулығы» даму ең басты басымдықтарының бірі. Денсаулық – ол адамның маңызды күйі, өмір сүру негіздемесі, материалдық жағдайының үстемдігі, еңбек белсенділігі, шығармашылық жетістігі, өмір сүру ұзақтығы. Денсаулық баға жетпес қазына ғана емес, қоғамның әлеуметтік құндылығы, ол жеке тұлғаның интеллектуалды және физикалық мүмкіндіктерін толық ашып, адам өмірдің бақытын сезіну үшін мүмкіндік. Бұл ұлттық еліміздің байлығы, ол экономикалық және әскери күштің кепілі. Өркендеуге ұмтылған елде, тұрғындардың денсаулығына қамқорлық жасау мемлекеттің тұрақты назарында болмауы мүмкін емес.

### **Зерттеу әдістемелері және ұйымдастырылуы:**

Білім алушылардың спорттық жаттықтыру сабақтарының сауықтыру тиімділігін арттыру мақсаты, студенттердің жаттықтыру сабақтарына сауықтыру тиімділігін жетілдіру жұмыстарын жоғарылатуды түзету жұмыстары арқылы жүзеге асыру.

Мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- білім алушылардың жаттығу сабақтарының сауықтыру тиімділігін артырудың теориялық негіздерін анықтау;
- білім алушылардың жаттығу сабақтарының сауықтыру тиімділігін артырудың құралын анықтау;
- білім алушылардың жаттығу сабақтарының сауықтыру тиімділігін артырудың әдістемелерін анықтау;
- дене шынықтыру және спорт саласындағы түзету жұмыстарының спорттық жетістіктерге маңыздылығын анықтау. [3]

**Гигиеналық құралдар.** Дене шынықтыру мен спортпен айналысуды жоспарлау, дайындалу барысында, жаттығу жүктемесінен кейін қайта қалпына келу процестері барысында, айналысушылардың жұмыс қабілетіне оң және теріс әсер ететін гигиеналық факторларды ескеру қажет.

**Физикалық құралдар.** Массаждың түрлері физикалық құралдардың ең кең тараған түрі болып есептеледі. Массаждың түрлері қолдану әдістеріне байланысты, жеке және жалпы түрі, зат алмасуды жылдамдатуға бағытталған, демалу және қанайналу жүйерінің жұмыстарын белсендіруге бағытталған, жүйке жүйесін тыныштандыратын массаж түрлері болып бөлінеді. Физикалық жүктеме жұмыс қабілетінің мүмкіндігіне байланысты мөлшерленуі тиіс. Физикалық және психикалық жұмыс қабілетінің дамуына ықпал етпеген жағдайда, қалыпты жүктемелер біртіндеп өзінің тиімділігін төмендеті бастайды. [4]

Біздің зерттеулерімізде әлеуметтік зерттеу әдістемелері - сауалнама пайдаланылды. Мемлекеттің маңызды мәселелерінің бірі болып – білім алушылардың, тұрғындардың физикалық дайындығын жетілдіру мәселесі болып қала бермек. Әрбір білім беру мекемелері білім алушылардың денсаулығын қорғау және қалыпты дамуына үлес қосуға міндеттеледі. Заманауи дене шынықтыру білімін алуда, дене тәрбиесі тұлғаның жан жақты дамуына әсер етуге көмектеседі. Сонымен қатар, қазіргі уақытта дене тәрбиесі көптеген әлеуметтік маңызды нәтижелері ішінара ғана қол жеткізуде. Бұның барлығы білім алушылардың дене дайындығының төмен екендігінің дәлелі. [5]

Білім беру жүйесінің мазмұнында, оқу процесіне міндетті түрде денсаулықты сақтау технологиясын енгізу керектігі атап айтылған. Балалар денсаулығы, олардың әлеуметтік – педагогикалық бейімделуі, қалыпты физикалық дамуы мектеп қоғамында анықталады, себебі балалар онда 70% сергек күйіндегі уақыттарын өткізеді. Бұл кезең балалардың рухани және физикалық дамуына да қолайлы уақыт. [6]

Дене дайындығының негізін дене шынықтыру мен спортпен жүйелі түрде айналысу, қозғалыс дағдылар, білім алушылардың денсаулығын нығайту және сақтау құрайды. Соған қарамастан дене тәрбиесі дене дайындығының басты, маңызды құралы ретінде есептеледі. Жаппай спорт денсаулықты нығайту мақсатында, әртүрлі жас топтарында өздеріне тиімді спорт түрлерімен жүйелі айналысу және жарысқа қатысу, дене дамуын және дене қалпын түзету, жалпы және арнайы жұмыс қабілетін жоғарылату белсенді демалыстың өмірге қажетті жеке дағдыларын үйрену, физикалық қабілеттің жоғары деңгейіне қол жеткізу. Жаппай спорт миллиондаған адамның дене сапасын, қимыл мүмкіндіктерін шыңдауға, денсаулығын нығайтуға және шығармашылық өмір ұзақтығына, яғни заманауи өндіріс пен күнделікті өмір жағдайының қажет емес әсеріне қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Әртүрлі жаппай спорт түрлерімен айналысудың мақсаты – денсаулықты нығайту, дене дамуын жетілдіру. Батыс Қазақстан обылысында соңғы жылдары халық арасында салауатты өмір салтын максималды ұстану мақсатында, қолданыстағы спорттық объектілерде пайдалануға рұқсат берілген.

Халық арасында спорттық құралдар, спорттық нысандар мемлекет тарапынан спорттық клубтар мен спорттық мектептерге ақылы дене шынықтыру және сауықтыру тапсырыстары арқылы қолжетімді. Қазіргі таңда көптеген елдерде жұмыс уақытындағы адамдардың дене белсенділігі 200 есеге азайған. Сауықтыру, алдын алу эффектісіне сәйкес заманауи адамдардың энерго шығыны үш есеге аз, ал дене шынықтырумен айналысушылардың тәуліктік энерго шығыны оған қарағанда бірнеше есе көп. Соған байланысты энерго шығынының орнын толықтыру үшін заманауи адам қимыл – қозғалыс арқылы тәулігіне кем дегенде 300 – 500 ккал немесе аптасына 2000 – 3000 ккал энерго шығынын жұмсау қажет. Қимыл белсенділігін күрт шектеу соңғы он жылдықта орта жастағы адамдардың функционалдық мүмкіндіктерін азайтып тастады. Осылайша, экономикасы дамыған заманауи елдерде гипокинезия ауруының даму қаупі төніп тұр. **Гипокнатикалық ауру** – ауру симптомдары мен функционалды және органикалық өзгерістер кешені, ол жалпы қоршаған орта мен ағзаның жеке жүйесінің қызметтерінің келіспеушілігінен туындайтын өзгерістер салдарынан дамиды. Гипокинезия себептері – ол энергетикалық және пластикалық алмасудың бұзылуы нәтижесінде дамиды, ең алдымен бұлшық ет жүйесінің бұзылуы салдарынан. Қарқынды дене жаттығуларының қорғаныс әсер ету механизмі адам ағзасының генетикалық кодына енгізілген. Жаппай дене тәрбиесінің сауықтыру және алдын алу тиімділігі, жоғары дене белсенділігі мен тірек – қимыл аппараты қызметінің нығайтылуымен, зат алмасуының белсенділігімен байланысты. Тәжірибеде анықталғандай, вегетативті органдар және бұлшықет қаңқасы, тірек қимыл аппараты қызметтері бір – бірімен тығыз байланысты. Демек, қимыл қозғалыс белсенділігі жеткіліксіз болған жағдайда, адам ағзасында ауыр физикалық еңбек процесінде бекітілген табиғатқа тән жүйке жүйесінің рефлекторлық байланысы, жүрек-тамыр және басқа жүйелердің қызметінің реттелуінің бұзылуына әкеледі, зат алмасу бұзылуы дегенерациялық аурулардың дамуына алып келеді (атеросклероз). Қартайып кележатқан ағзаға сауықтыру дене тәрбиесімен айналысудың әсері өте маңызды. Дене тәрбиесі жасқа байланысты қашып құтыла алмайтын инволюциялық процестің, жалпы жүрек қан тамырлар жүйесінің, дене сапасы және адаптациялық процестің нашарлауының алдын алатын басты құрал. Қан айналым жүйесінде бұл

барлық өзгерістер және қанды өндірудің төмендеуі, ағзаның барлық аэробты мүмкіндіктері, физикалық жұмысқабілеті және шыдамдылық деңгейі төмендейді. [7]

Жалпы жаттығу тиімділігі энергия шығыны байланысты болады, бұлшықет қимылының интенсивтілігі және пропорционалды ұзақтығы, энергия шығынының жетіспеушілігінің орнын толтыруға септігін тигізеді. Сауықтыру дене тәрбиесінің арнайы тиімділігі жүрек қан тамырлар жүйесінің қызметтік мүмкіндіктерін жоғарылатумен байланысты. Ол жүрек функциясының жұмыс кезінде және тыныштық жағдайда экономды жұмыс жасауына және бұлшықет жұмысының қанайналым аппаратының мүмкіндіктеріне байланысты. Бұлшықет жұмысы көңіл күйді жоғарылатады, сергектік әсерін береді және барлық органдардың өміршеңдігін жоғарылатады. Дене жаттығулары келесі дене сапаларын жетілдіреді: күш, икемділік, жылдамдық, шыдамдылық. Дене дайындығының төмен болуынан келесі ауытқулар пайда болуы мүмкін – бұлшық ет және сүйек атрофиясы; өкпенің тіршілік сыйымдылығы төмендейді, жүрек қан тамырлар жүйесінің ауытқушылықтары, аяқ қолдарда қанның ұйюы. Жаттыққан адам өзінің күшін жылдам қалыптастыруға қабілетті.

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаты, тұрғындардың салауатты өмір салтын қамту мақсатында жүргізіледі.

1. Барлық азаматтар үшін дене шынықтыру және спортпен айналысу жалпыға қолжетімді және тең болуы.
2. Тұрғындардың әртүрлі жас топтарындағы дене тәрбиесінің үздіксіздігі және сабақтастығы.
3. Дене шынықтыру және спортпен айналысуға еріктілік.
4. Дене шынықтыру спорттық шаралардың сауықтыру бағыты.
5. Дене шынықтыру және спорттың мемлекеттік, жеке және жалпы ұйымдастыру формаларын білу.
6. Жаппай дене шынықтырумен айналысуға, әуесқой және кәсіби спортқа деген құрмет. Материалдар мен зерттеу әдістері.


Белсенді спорт және сауықтыру дене шынықтырудың заманауи бағдарламасын құрастыру. Адам ағзасының өмір сүруге қажетті қызметтік: жүрек-қан тамырлар, тыныс алу және иммундық жүйелеріне әсер ететін технологияларды (форма, құрал, әдіс) алдын ала қарастыру. [8]

Физикалық жағдайы әртүрлі деңгейдегі адамдар үшін сауықтыру – жаттықтыру бағдарламасының үлгілік схемасы

Физикалық жағдайының деңгейі	Физикалық сапаны дамыту; жаттығу түрлері	Аптасына сабақ саны, ұзақтығы
1. Төмен	Икемділік Төзімділік (жүру, жүгіру, шаңғы)	5-7x10-15 мин 3-4x20-30мин
2. Орташа	Икемділік Төзімділік (жүру, жүгіру, шаңғы, жүзу, велосипед) Күштік төзімділік (отыру, іш қуысын нығайту)	5x15-20 мин 3x30-40 мин 2-3x10-15 мин
3.Орташадан жоғары	Икемділік Төзімділік (жүру, жүгіру, шаңғы, жүзу, велосипед) Күштік төзімділік (отыру, іш қуысын нығайту)	5x15-20 мин 3-4x40-60 мин (220В) 3x15-20 мин
4. Жоғары	Икемділік Төзімділік (жүру, жүгіру, шаңғы, жүзу, велосипед) Күштік төзімділік (отыру, іш қуысын нығайту)	4-5x 15-20 мин 4-5x60-120 мин 3x15-20 мин

Спорт және денсаулық сақтау технологияларының маңыздылығы дәстүрлі және инновациялық құралдарды пайдалануға мүмкіндік береді, әртүрлі категориялы адамдар мен әртүрлі жас топтағы тұрғындардың дене сауықтыру жұмыстарын сәтті ұйымдастыру формалары мен әдістері, танымдық белсенділік пен шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Зерттеу нәтижелері мен оны талқылау.**

Адам ағзасының физиологиялық резерві орасан зор. Қоршаған ортаға бейімделу үшін дене шынықтыру саласының маманы терморегуляция механизмдерін және ағзаның резервтік мүмкіндіктерін зерттеу әдістемелерін білу керек. Шынықтыру әдістерін құрастыруды, дене дамуын және денсаулық көрсеткіштерін бағалауды, ағза жүйелерінің функционалдық жағдайын болжауды, жалпы физикалық жұмыс қабілетін анықтауды білуі керек. Адамның жүйелі түрдегі дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі физикалық және психикалық жағдайының барлық градациясын білу үшін норманы нақты білу маңызды.



**Сурет-1.** Нәтижелер. Сауалнама нәтижелері бойынша, білім алушылардың сауықтыру дене тәрбиесімен айналысушылардың еріктілігі: Жоғары қызығушылық 17%, орташа 33%, төмен 50%.

Организмнің морфофункционалдық жағдайының нормасын бағалау немесе тұжырымдамасы адам денсаулығының жағдайын бақылаудың негізгі тәсілдерінің бірі. Әсіресе бұл дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысу кезінде маңызды. Бұл жеке дене дайындығының мүмкіндіктерін анықтайтаумен байланысты. Ауру дегеніміз не екенін және денсаулық дегеніміз не екенін, патологиялық процесс қандай жағдайда пайда болуын білу аурудың алдын алудың маңызды факторы, біздің жағдайымызда дене шынықтыру құралдарымен алдын алу болып табылады. [9]

Жүйелі түрде өлшеу, ағзалар мен жүйелердің белсенділік деңгейін есепке алу және бақылау, сондай ақ дене көрсеткіштері орындаған дене жаттығулары ағзаның реакциясын бағалауға мүмкіндік, бұл олардың ұтымды екенін білдіреді.

Атақты ғалым Н.М. Амосов денсаулықтың сандық көрсеткіштерін ағзаның негізгі жүйелерінің «күштік қоры» соммасымен анықтауға болады деген. Денсаулық нормадан ауытқуы деген, ағзаның табиғи қорғаныш және бейімделу реакциялары жеткілікті белсенді болмаса, оның кез келген зиянды әсерлерге төзімділігі төмендейді. Дене шынықтырудың басты принциптерінің бірі, сауықтыру бағыты болып табылады, бұл дене шынықтыру бойынша жұмыстың бүкіл мазмұнымен және ұйымдастырылуымен, атап айтқанда, медициналық бақылаудың міндетті сипатымен қамтамасыз етіледі. [10]

### **Қорытынды.**

Білім алушылардың сауықтыру дене тәрбиесін ұтымды пайдалана алуы, денсаулық деңгейінің өсуіне ықпал ететіндігі сөзсіз. Бірақ қазіргі кезде жастардың денсаулығына кереғар әсер етуші факторлар өте көп. Денсаулықтарын нығайту үшін мақсатты пайдалануға, салауатты өмір салтын ұйымдастыру үлкен нәтижелерге алып келеді.

Қазіргі білім алушылардың жалпы өмір сүру салты денсаулыққа өте тиімсіз. Өмір сүру салтының деңгейін жоғарылату үшін алдымен бір тәуліктік режимді дұрыс ұйымдастыру қажет. Тамақтану, ұйқы, демалыс, дене шынықтыру, әлеуметтік жағдай барлығы рационалды деңгейге жеткенде ғана денсаулық көрсеткіштері жақсарады. Білім алушылардың сауықтыру дене шынықтыруға қызығушылығын ояту, ол қоғамдық әдеттердің қалыптасуы, денсаулыққа дене шынықтырудың қаншалықты маңызды екендігін жеткізуді талап ететін жағдай. Денсаулық баға жетпес қазына ғана емес, қоғамның әлеуметтік құндылығы, денсаулығы дамыған ұрпақтың интеллектуальдық және физикалық мүмкіндіктері жоғарылап, өз мақсатына жетуге жол ашады. Білім алушыларға дене жаттығуларымен айналысу қол жетімді және барлық жағдай тиімді қарастырылуы қажет.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Абдыкадырова Д.Р., Твердовская Г.А. Диагностика и самодиагностика организма при занятиях физических упражнениями. //Казгосженпу.: Учебное пособие. - Алматы, 2015. – 28-29 с.
2. Епифанов В.А. Лечебная физическая культура и спортивная медицина. инфра - М.: 2007 – 216 с.
3. Попова С.Н. Физическая реабилитация. - Ростов-на-Дону: Феникс, 2005. – 85 с.
4. Готовцев П.И., Дубровский В.Л. Самоконтроль при занятиях физической культурой. Инфра - М.: 2005 – 78-79 с.
5. Матвеева Л.П., А.Д. Новикова. Теория и методика физического воспитания. М.: Физическая культура и спорт, 2008. – 45-47 с.

6. Aigul Z, Gulmira Saurbekova. On the students Ability to Use Digital Educational resources. – International journal of environmental science education (Scopus) – 2016 – Vol. 11, No. 11, 4669 – 4679
7. Сатыбалдина А.Е., Улукбекова А.О. Влияние эмоционального стресса на функциональное состояние организма студентов во время защиты диплома: Всероссийская научно - практическая конференция с международным участием. Поволжская государственная Академия. – 2017. – с. 218-220 – статьи из журнала.
8. Третьякова Н.В., Андрюхина Т.В., Кетриш Е.В.. Теория и методика оздоровительной физической культуры: учебное пособие. – Новосибирск: Издательство спорт, 2018. – 8 с. [электронный ресурс]. <https://www.litres.ru/tatyana-andruhina/teoriya-i-metodika-ozdorovitelnoy>.
9. Кисебаев Ж.С., Возрастная физиология и школьная гигиена: учебно – методические указания к лабораторных занятий. – Алматы: Казахская Академия спорта и туризма, 2017. 34-35 с.
10. Дубровский В.И., Спортивная медицина: учебник для студентов Вузов, обучающихся по педагогическим специальностям. – Россия, г.Вологда: издательство Полиграфист, 2005. – 414 – 415 с.

## ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘДІСТЕРІ

**Бүркіт Жарылғаған Қайралыұлы**  
**Қосболов Еділжан Берікжанұлы**

Батыс Қазақстан индустриалды колледжі, Орал қаласы

**Аннотация:** Дене тәрбиесінің жасөспірімдердің дене құрлысы мен өсіп жетілуіне жағымды әсер ететіні және денешынықтырудың әдістері осы аталмыш мақалада қарастырылып отыр. Басты мақсат студенттерге практикалық және теориялық жағынан дене тәрбиесі әдістерімен танысуда және ол әдістерді орындай білуде жасөспірімдердің дене құрлыстарының дұрыс жетілуіне және сонымен қатар олардың тұрақты түрде айналысуына ықпал ету. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда және жасөспірімдерді болашақ Отан қорғауға дайындау жолында осы атылмыш дене әдістерімен айналысуға насихаттау. Дене тәрбиесінің әдістерімен үнемі айналысуға және дене құрлысының қалыптасуына, шымырлыққа және төзімділікке тәрбиелеу.

**Түйінді сөздер:** әдістер, қағидалар, жаттығулар, іс-әрекет, жарыс жылдамдық, төзімділік, меңгеру

## PHYSICAL EDUCATION METHODS

**Burkit Zharylgagan Kayratuly**  
**Kosbolov Yedilzhan Berikzhanuly**

West Kazakhstan Industrial College, Uralsk

**Annotation:** Physical education has a positive effect on the body structure and growth of adolescents, the article discusses the methods of physical education. The main goal is to introduce students to the practical and theoretical methods of physical education and be able to apply these methods, promote the proper development of the body of adolescents, as well as encourage their regular sports. Promotion in the formation of a healthy lifestyle and on the way of preparing adolescents to protect their future homeland to engage in these methods of the Atylmysh body. constantly engage in methods of physical education and cultivate endurance and endurance to the formation of physical form.

**Keywords:** methods, principles, exercises, actions, competitions speed, endurance, skill.

**Дене тәрбиесінің әдістері.** Әдіс, әдістеме, әдістемелік тәсіл ұғымдары. Дене тәрбиесінің барлық әдістері арнайы (тек қана дене тәрбиесі процесіне тән) және жалпы (дидактикалық білім беру және тәрбие бағытында қолданылатын) болып екі топқа бөлінеді. Дене тәрбиесінің арнайы әдістері: 1. Қатаң шектелген жаттығулар әдістері. 2. Ойын әдісі. 3. Жарыс әдісі. Дене тәрбиесінің жалпы әдістері: 1. Сөз қолдану әдістері. 2. Көрнекі қолдану әдістері.

Ойын және жарыс әдісі. Дене тәрбиесі үрдісінде спорттық және қозғалмалы ойындардың элементтерін қолдану – ойын әдіс деп аталады. Дене тәрбиесі жаттығуларын жарыс, бәсеке түрінде орындауды жарыс әдісі дейміз.

Жаттығу кезінде көп қайталанып жүктеме мен тынығуды алмастыра орындайтын қимыл-әрекетті біз қатаң шектелген жаттығу әдістері деп атаймыз. Қатаң шектелген жаттығулар әдістері екі топқа бөлінеді : 1. қимыл - әрекетке үйрету және дене қуаты қасиеттерін жетілдіру. Қимыл - әрекеттердің күрделілігіне қарай тұтас та, бөлшектеп те үйретуге болады. Күрделі қозғалыс техникасын үйренуді жеңілдету үшін жақындататын жаттығулар қолданылады. Жақындататын жаттығулардың техникасы

негізгі, күрделі жаттығудың бөлшектеріне ұқсас болып келеді. Бұл жаттығулар бір тұтас түрде, оқушыларға түсінікті және қолайлы болуы керек.

Дене қуатының қасиеттерін дамыту үшін: бірқалыпты орындау, қайталау, өзгермелі орындау, аралық орындау, шеңберлі орындау әдістері қолданылады. Дене тәрбиесінің жалпы әдістері. Сөз қолдану әдісі. Сөз қолдану әдісі үш топқа бөлінеді: 1. Баяндау, әңгімелесу, түсіндіру әдістері. Бұл әдістерді қолдану кезінде сөз оқушыларға білім әдістері. Бұл әдістерді қолдану кезінде сөз оқушыларға білім беру мақсатында пайдаланылады. 2. Бұйрық беру, тапсырма, нұсқау беру әдістері. Бұл әдістер жаттығушылардың әрекеттерін басқаруға пайдаланылады. 3. Талдау, бағалау әдістері. Бұл әдістер жаттығушылардың әрекетін талдауға, баға беруге арналған. Көрнекі ықпал ету әдісі. Бұл әдістер жиынтығы көру, есту және үйренетін жаттығудың қимылын қабылдауды қамтамасыз етеді де, үш топқа бөлінеді: көру көнекілігі, есту көнекілігі, қимыл көнекілігі әдістері.

### **Дене тәрбиесі қағидалары**

**Саналылық және белсенділік қағидасы.** Бұл қағиданың мақсаты – дене тәрбиесі үрдісі кезінде жаттығушылардың санасында дене тәрбиесі мен спорт әрекеттеріне деген саналы терең ой, тұрақты ынтығушылық, қызығушылық қалыптастыру және олардың осы әрекеттерге белсенді ұмтылуын ұйымдастыру.

**Көрнекілік қағидасы.** Көрнекілік – дегеніміз адамның сезім мүшелерін тану, түсіну, ұғыну үрдісінде қолдану. Ал дене тәрбиесі мен спорт үрдісінде көрнекілік қағидасы үйрету және тәрбиелеу кездерінде қолданылады. Қозғалысқа үйретуді көру арқылы ғана емес, есту және бұлшық ет түйсігі арқылы да түсіне білу керек. Әр түрлі анализаторлар белгілері оқушылардың санасында үйренетін жаттығу туралы толық түсінік тудырады.

**Жүйелілік қағидасы.** Дене қуаты қасиетін дамытудағы және қозғалысқа үйретудегі жақсы нәтиже тек қана дене тәрбиесі жаттығуларын жүйелі орындағанда ғана болады. Жүйелілік–сабақтар арасында ұзақ үзіліс болмауы, сол арқылы жаттығушылардың дене қуаты дайындығы деңгейін түсірмеуі.

**Реттілік қағидасы.** Қимыл әрекетке үйрету және дене қуаты қасиетін дамыту реттілігіне арналған талаптар үш дидактикалық ережеден тұрады: 1. Жеңілден – қиынға. 2. Қарапайымнан – күрделіге. 3. Меңгерілген қимыл әрекеттен – меңгерілмеген қимыл - әрекетке.

**Біртіндеушілік қағидасы.** Орындайтын жаттығулар техникасының біртіндеп күрделенуін, жүктеме көлемі мен қарқыны біртіндеп өсуін біртіндеушілік қағидасы дейміз.

**Даралық қағидасы** - дене тәрбиесі үрдісінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру түрінде жүргізіледі. Даралық қағидасы әр адамның дайындық деңгейіне, жыныс және жас ерекшеліктеріне байланысты. Жеке басының, психикасының ерекшеліктеріне, жүктемеге шыдамдылығына, сыртқы орта әсерін сезіну мүмкіншіліктеріне, жұмыс істеу стиліне байланысты.

Дене тәрбиесіндегі оқыту дегеніміз адамның дене қуатына және психологиялық жетілуіне бағытталған арнаулы білім жүйесінің қимыл- әрекетке үйрету, қалыптастыру, меңгеру, жетілдіру үрдісі. Ол үш кезеңге бөлінеді. Теориялық мағлұматтың көлемі мен мазмұны жалпы педагогикалық қағидалармен (жүйелілік, ұғынықтылық т.с.с.) анықталады, оқу мақсатына, оқушылар тобының ерекшеліктеріне байланысты төрт топқа бөлінеді. Олар: дене тәрбиесінің әлеуметтік керектігі туралы (денсаулықты нығайту, жұмыс қабілеттілікті арттыру т.б.), дене тәрбиесі жаттығуларын қолдану ережелері туралы (футбол, баскетбол, волейбол ойындарын ойнау ережелері және т.б.), медициналық – биологиялық (дене гигиенасы, шынығу, ұйықтау, тамақтану, жаттығу режимдері туралы баяндаулар, әңгімелер), үйрететін қимыл – қозғалыс техникасы туралы мағлұматтар. Теориялық мағлұматтар алу көздері: қимыл тәжірибелілігі, арнайы оқулық, сөз және көрнекі қабылдау әдістері, мұғалімнің әрекеті, кино және бейнефильмдер көрсету т.б

Нақтылы дене тәрбиесі және спорт тәжірибесінде қимыл-әрекеттердің техникасын үйрету үш кезеңнен тұрады: таныстыру, үйрету және жетілдіру.

Қимыл-әрекетін таныстыру кезеңі. Бұл кезеңнің міндеті – оқушыларға үйренетін жаттығу туралы түсінік беру және соны үйренуге ынтығу ояту. Түсіну, ұғыну үрдісі қалыптасу кездерінде бір-біріне байланысты, сабақтасты үш кезең пайда болады: 1. Үйрену міндеттерін ұғыну. 2. Орындау жобасын құру. 3. Жаттығуды орындап көру. Қимыл-әрекетке таныстыру кезеңінің негізгі әдістері: Тұтас және бөлшектеп үйрету әдістері. Сөз қолдану әдістері: түсіндіру, баяндау. Көрнекі қабылдау әдістері: қимыл- әрекетті көрсету, көрнекі құралдар қолдану ж.т.б.

Қимыл - әрекетіне үйрету кезеңі. Бұл кезеңнің міндеттері, оқушыларға техника негізін үйрету, оны тұрақты орындауға жеткізу және осылар арқылы қимыл шеберлігін қалыптастыру. Оқушының әрбір жаттығу техникасы бөлшегіне ықылас сала орындайтын қимыл әрекетін қимыл шеберлігін дейміз.

Құрылым жоспары бойынша үйрету кезеңі екі бөлімге бөлінеді: 1. Қимыл шеберлігін қалыптастыру. 2. Қимыл шеберлігін жетілдіру.

Қимыл-әрекетін жетілдіру кезеңі. Бұл кезеңнің мақсаты – қимыл дағдысын қалыптастыру, сол арқылы жоғары қимыл шеберлігіне жету. Жаттығуды көп қайталағаннан соң қимыл шеберлігі дағдыға айналады. Қимыл дағдысы деп жеке қозғалыстарға емес, нақты әрекет нәтижесіне бағытталған қимыл әрекетін автоматтандыра орындай алу қабілеттілігін айтамыз. Жоғары қозғалыс шеберлігі дегеніміз қалыптасқан қимыл дағдыларын нақты өмір жағдайларында қолдану шеберлігі (жүгіру, секіру және басқа өнеркәсіптік, әскери әрекеттер). Жоғары қозғалыс шеберлігі үйрету үрдісінің соңғы межесі.

### **Дене қуаты қасиеттері, оны дамыту әдістемесі**

Адамның денесінде, санасында белгілі бір деңгейде сақталып тұрып, ол қозғалғанда, әрекет жасағанда пайда болатын қасиеттерді дене қуаты қасиеттері дейміз.

Күш және оны дамыту әдістемесі. Сыртқы қарсылықты жеңу немесе бұлшық, ет көмегі арқылы оған қарсылық көрсетуді күш дейміз. Күштің пайда болу түрлері: өз күш мүмкіншілігі статикалық кезде (дене қалыбын ұстау) және ақырын қозғалыс кезінде, күш жылдамдығының мүмкіншілігі тез, жылдам қозғалыста пайда болады (секіру, лақтыру т.б.). Бұл жағдайда спортшы күшіне жылдамдық қосу арқылы, жаттығуды тез орындау арқылы жоғарғы нәтижеге жетеді. Күшті дамыту үшін жоғарғы қарсылық жаттығулары қолданылады. Олар екі топқа бөлінеді: 1 Сыртқы қарсылық жаттығулары. Сыртқы қарсылықтарға: әр түрлі спорт құралдарының салмағы (штанга, гирлер, гантельдер т.б.), серігінің қарсы әрекеті (қосақ жаттығулар), сыртқы ортаның қарсылығы (құмда, қарда, суда жүгірулер т.б.) жатады. 2 Өз салмағының ауырлығын басқару жаттығулары (аспа темірде тартылу, еденнен итерілу, отырып тұрулар, секірулер т.б.). Дене тәрбиесі тәжірибесінде мынандай көп тараған күш дамыту әдістері бар: Жоғарғы күш салу әдісі. Қайталап күш салу әдісі. Статикалық (қозғалмайтын) күш салу әдісі.

Жылдамдық және оны дамыту әдістемесі. Жылдамдық дегеніміз - адамның белгілі бір уақыт аралығында кеңістікте жылдам қозғалған әрекеті. Жылдамдық үш түрде пайда болады: 1 Қарапайым және күрделі қозғалыс әрекеті жылдамдығы. 2 Жалғыз қимыл жылдамдығы. 3 Қимыл жиілігі. Жылдамдық жаттығулары аздаған мөлшерде сабақтың негізгі бөлімінде, орталық жүйке жүйесі қалыпты жағдайда тұрған кезде беріледі. Қимыл жиілігі жылдамдығын дамыту үшін қайталау, өзгермелі орындау, ойын, жарыс әдістері қолданылады.

Төзімділік және оны дамыту әдістемесі. Төзімділік, анықтау әдістері, түрлері. Адамның жұмысты ұзақ, қарқынын азайтпай орындай алу қабілетін төзімділік дейміз. Төзімділікті анықтаудың тузу және жанама деген екі әдісі бар. Төзімділіктің екі түрі бар: жалпы және арнайы. Спортшы ағзасын жаттығу жасап жатқан кезде энергиямен қамтамасыз ету жағынан төзімділік: аэробты, анаэробты және аралас (аэробты-анаэробты) деп үшке бөлінеді. Төзімділікті дамытқанда ұзақ және қатты қарқында орындалатын қозғалмалы ойындар, біртіндеп ұзаратын қашықтыққа 300, 500, 700, 1000 метрге жүгіру, 2000 метрді жүгіру мен жүруді алмастыра өту т.с.с. Ақырын және орта қарқында журуді алмастырып 2-3 шақырымға жүгіру, шаңғымен 3-5 шақырымға жүгіру т.с.с. Жоғары мектеп оқушыларына кросс дайындықтары, 3-5 шақырымға жүгіру, шаңғымен 5 шақырымға жүгіру, өзгермелі және қайталап жүгіру жаттығулары қолданылады.

Ептілік және оны дамыту әдістемесі. Адамның кеңістікте үйлесімді қозғала алуын, жаңа күрделі қозғалысты тез меңгере алуын, өзгерген жағдайға байланысты өз әрекетін тез басқаша құра алу қабілеттілігін ептілік деп атаймыз. Ептілікті тәрбиелеудің негізгі амалдары: жаңа немесе жаңадан пайда болған элементтері бар спорттық, қозғалмалы ойындар, гимнастика, акробатика жаттығулары. Жақсы үйренген жаттығуларды қайталау ептілікті дамытпайды. Сондықтан мұғалім әрбір дене тәрбиесі сабағында 1-2 жаңа жаттығу немесе бұрын үйренген жаттығудың элементтерін жаңалап үйретіп отыруы қажет. Ептілікті дамыту жаттығуларын сабақтың бірінші жартысында өткізген дұрыс, өйткені оқушы ағзасы болдыра бастағанда ол жаттығулар аз нәтиже береді. Ептілікті дамыту әдістері: қайталау, ойын, жарыс әдістері.

Икемділік және оны дамыту әдістемесі. Адамның жаттығуды үлкен амплитудамен орындай алу қабілеттілігін икемділік дейміз. Икемділік белсенді және енжар болады. Икемділікті дамытудың негізгі амалы созылу жаттығулары. Ол жаттығулар мынандай түрлерде орындалады: қарапайым созылу, серіппелі созылу, сермеу, дене қалпын ұстау, сыртқы көмектің әсерімен созылу т.с.с. Икемділікті дамытудың негізгі жолы қайталау әдісі. Сонымен бірге ойын, жарыс, шеңберлі орындау әдістері қолданылады.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда берілген дене тәрбиесінің әдістерін меңгеруде және дайындықтарын, техникасын үйренудің бірнеше жолдарын қарастырдық. Ереже бойынша жасөспірімдердің дене тәрбиесі әдістерін меңгеріп, дағдыларын жетілдіреді. Әдістерді үйрену мен меңгеру және көрсету, қабылдау қол жетімді болуы қажет. Әдістердің негізгі элементтеріне бағыттаумен баяу қарқында амплитуданы күшейту арқылы оны оқшаулау мен қысқаша түсіндірумен сүйемелеуде біршама айқын қозғалыстарды көрсете отырып жақсы нәтижелер береді. Қортындылауда үйретілетін жаттығуларды орындау үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып, керекті ырғақты түрде орындайды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Н.Коробейников А.А.Михеев И.Г.Николенко «Физическое воспитание» «Высшая школа» 1984.
2. Кыдырмолдина А. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері оқулық. Казакстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. - Алматы, 2014. - 527 б.
3. Мұсамеджанова В. Денешынықтыру пәні Оқу куралы. Астана: Фолиант, 2011..
4. Сейсенбеков Е. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. Педагогика мамандарға арналған оқулық - Астана : Ж.Н. Гумилев атын. ЕУУ, 2011- 2013.
5. Сисенбердиева А.Ж. Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі: оқулық. Алматы: Экономика, 2011 ж.
6. Тетенәй Б. Дене тәрбиесі. Оқулық. 2-басылым. 2012 ж.
7. Тайжанов С, Караков А. Дене тәрбиесі оқулық. Алматы : "Эверо", 2011.
8. Должиков И.И. Планирование содержания уровня физической культуры Физическая культура в школе.-1997.

## ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҚТАРЫНДА АУЫТҚУЛАРЫ БАР СТУДЕНТТЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДЕ ЕМДІК ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ҚҰРАЛДАРЫ ӘДІСТЕМЕСІН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**С.А. Кириенко** - СӨС орталығының аға оқытушысы,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

**Е.Г. Иванова** - СӨС орталығының аға оқытушысы,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

**Ж.Б. Сабырбек** - доктор PhD, ДТЖС кафедрасының аға оқытушысы,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

**Аңдатпа.** Аталған мақалада денсаулық жағдайына байланысты емдік дене тәрбиесі тобындағы студенттермен сабақты өткізуді ұйымдастыру, жалпы емдік дене тәрбиесінің бүкіл ағзаға әсер ету механизмдері қарастырылады. Бұл топтағы студенттермен жоғарғы оқу орнында практикалық ұсыныстар беріледі және оның мақсаты олардың физикалық дамуын жақсарту, денсаулығын нығайту болып табылады. Мақалада маңызды орынды студенттердің дене жаттығуларына деген тұрақты ынтасын дамыту және де салауатты өмір салтын ұстанумен қатар, өздерінің физикалық денсаулық құндылықтарын бағалап, дене шынықтыру білімін тереңдете білу болып табылады.

**Кілт сөздер:** емдік дене тәрбиесі, арнайы медициналық топ, физиологиялық даму, гиподинамия, жаттығулар жиынтығы.

**Annotation.** This article discusses the organization of classes with students in the group of therapeutic physical education, depending on the state of health, the mechanisms of influence of therapeutic physical education on the entire body as a whole. With students of this group, practical recommendations are given at the University, and its purpose is to improve their physical development, strengthen their health. An important place in the article is occupied by the development of a stable attitude of students to physical exercises and the ability to deepen knowledge of Physical Culture, assessing the values of their physical health, as well as leading a healthy lifestyle.

**Keywords:** physical therapy, special medical group, physiological development, physical inactivity, a set of exercises.

*Емдік дене тәрбиесінің физиологиялық әсері.*

Емдік дене тәрбиесі – медицинаның дене тәрбиесіне қатысты үлкен бір саласы. Оның теориялық негізі медициналық-биологиялық және педагогикалық ілімдер. Сондықтан оның зерттеу әдістері физиологиялық, клиникалық және педагогикалық ғылымдардың негізінде құрылған. Мұның өзі әртүрлі жаттығулардың адам денесіне тигізетін әсерін, нәтижесін, тиімділігін анықтауға жол ашып береді. Сол сияқты емдеу гимнастикасының жаңа әдістемесін айқындауға мүмкіндік туады [1].

Дене жаттығулары – емдік дене тәрбиесінің басты құралы. Адам өмірінде маңызды роль атқаратын бұлшық еттердің қызметі осыған негізделген. Ағза біртұтас дүние екенін барлығымыз білеміз, ішкі ағзалар мен сыртқы бұлшық еттер тығыз байланысты болса, жоғарғы жүйке жүйесі (ми қыртысы) бәрін қадағалап бір жобаға салып отырады. Сондықтан қимыл-қозғалыстық тапшылықтығы (гиподинамия) әр түрлі аурудың пайда болуына әкеп соқтырады.

Қазіргі ғылыми-техника жетістігі адамдарды ауыр жұмыстан, қарапайым үй тіршілігінде қимыл-қозғалыстан (шөп шабу, отын жару, жер қашау) қол үздіріп отыр. Өндірісті автоматтандыру мен шаруашылықты механикаландырудың кеңінен орын алуы адамдардың ой еңбегінің артуына, дене еңбегінің кемуіне душар етті. Күнделікті өмірде транспорттың көбеюі, лифтінің пайда болуы және теледидар, компьютер алдында ұзақ уақыт қозғалыссыз отыру да ағзаға зиянды әсер етеді. Ол дағдыға айналып кеткен соң, оған, тіпті, мән де берілмейді [2]. Адамның аз қимылдауы – бұлшық еттердің дәрменсіз қалуы, қан айналысының нашарлауы, ішкі ағзалардың қызметі төмендеп, зат алмасуы бұзылды деген сөз. Қимыл-қозғалыстың тапшылығынан жүйке-тамырға, жүрекке айтарлықтай күш түседі. Мәселен, қан айналымы әлсіреп, жүрек-тамыр аурулары байқалды, буындардың қозғалысы кеміп, омыртқалар арасындағы шеміршек жұқарып, семіп, остеохондроз және т.б. тірек-қимыл аппараты ауруларына шалдығуға мәжбүр етеді.

Гиподинамия зардабын болдырмай, аурудың алдын алып, денсаулықты нығайтып, адамның күш-қуатын арттырып, көңіл-күйін көтеріп, жұмыс қабілетін өсіру үшін ең қажетті нәрсе – денені шыңдап, жаттығулар жиынтығын кеңінен қолдану керек. Емдік дене тәрбиесінің басқа емдеу әдістерінен ең үлкен айырмашылығы – науқас оны барлық сана сезіммен, зор ықыласымен белсенді түрде орындайды. Қолданған емнің қандай да оған шын көңілмен сеніп қабылдаса, оның шипа болуына күмән жоқ.

#### *Емдік дене тәрбиесінің механизмі.*

Қандай ауру болмасын, алғаш басталғанда, адамның еркін алып, күнделікті қалыпты өмір тіршілігін өзгертеді. Жұмысқа деген қабілеттілік азайтып, бойды немқұрайдылық пен самарқаулық билеп алады. Ал жұқпалы індетке тап болса, адамның ыстығы көтеріліп, жүрегі жиі соғып, бас ауруы жиілеп, берекесі кетеді [3].

Осындай кезде, әлбетте, науқас адамды жылы төсекке, тыныш жеке бөлмеге жатқызып қояды. Өйткені індет асқынып кетуі ықтимал, ағзаның ауруға қарсыласуы, төзімділігі кенет төмендеп кетуі мүмкін.

Дегенмен ұзақ уақыт төсекте қозғалтпай, қимылдатпай жатқызып қоюдың өзі де жақсылыққа апармайды. Қимылсыз жатқан денеде неше түрлі жағымсыз жағдайлар болады. Содан бойды аулақ ұстау үшін, сырқат адам әлі келген кезде біртіндеп тыныштық пен қимылдың арасын жақындату керек. Бұл науқастың жағдайына, жасына, аурудың түріне, кезеңіне байланысты шешілетін мәселе.

Емдік дене тәрбиесі, дұрыс қолданса, денені жылдам сергітіп, ауруға төзімділігін арттырып, қорғаныс қабілетін нығайтып, сырқаттың жылдам айығуына ықпал етеді. Емдік дене тәрбиесі адам денесіне әсер еткенде күрделі құбылысқа сүйенеді. Ол – жоғары жүйке жүйесі мен гуморальды (денедегі сұйық зат) реттеуші күштер және моторлы-висцералдық рефлексдер.

Емдік дене тәрбиесінің төрт негізгі механизмі бар: денені сергіту, қоректендіру, орнын толтыру, бірыңғайлау немесе бұрынғы қалпына келтіру. Бұлардың бәрі бір-бірімен тығыз байланысты [4].

#### *Әлдендіру механизмі.*

Арнайы тағайындалған жаттығулар жүйке жүйесінде тежеу немесе қоздыру процестерін өзгерте отырып орталық күштің жұмысын реттейді. Мұның өзі оның басшылық қызметін арттырып, ішкі бездердің жұмысын жақсартады, зат алмасуын үдетеді. Бұл бұлшық еттер мен ішкі ағзалар арасындағы рефлексстің байланысынан туады. Үлкен бұлшық еттер неғұрлым көбірек қозғалса, әлдендіру әсері соғұрлым көбірек болады. Жаттығумен айналысқан адамның көңіл-күйі көтеріліп науқастан құлан-таза жазылатынына сенім пайда болады. Ал сенім неге болса да тиімді әсер етеді. Сондықтан әрбір жаттығуды сеніммен, шын көңілмен жасаса, әркімнің де толық жазылуға мүмкіндігі мол.

#### *Қоректендіру механизмі.*

Буындардан жоғары жүйке жүйесіне баратын сезімдер (проприоцептік импульс) вегетативтік жүйке жүйесінің, ішкі құрылыстың қызметін өзгертеді. Ал буын қимылдарынан денедегі зат алмасуы, қышқылдану-тотығу, қайта түлеп қалпына келу процестері жүзеге асады. Жұмыс істеген бұлшық етте ұсақ қан тамырлары кеңейіп, оттегі көбейіп, керексіз заттар көк тамырмен керісінше ағындап кетіп жатады. Қан айналымы үдеп, лимфа (ұлпа аралығындағы түссіз сұйық зат) айналымы жаңарады. Осының салдарынан дене қоректік затпен қамтамасыз етіліп, ауруға шалдыққан жер тез жазыла бастайды. Мәселен, сынған мүше жетіліп, қабынған ағза басылып, тыртық болған тері бастапқы қалпына келе бастайды. Сөйтіп, қоректендіру механизмі денені семіп қалудан сақтайды.

*Орнын толтыру механизмі.*

Дене тәрбиесі, әр түрлі жаттығулар аурудың салдарынан солып қалған мүшені, бұлшық еттерді қалпына келтірді. Орнын толтыру механизмі рефлекторлы механизмге байланысты. Жаттығулар екі жұп (пар) мүшенің біреуі зақымданып қалған кезде екіншісін шыңдай отырып, барлық жүктелген қызметін толық атқаруға мүмкіндік жасайды. Мәселен, екі бүйректің біреуі істен шықса, екінші бүйректің күшін жаттығулар арқылы арттырып, ағзаға ауырлық түспеуін бақылайды. Сол сияқты өкпе ауруларында, әсіресе туберкулездің (құрт ауруы) асқынған түрінде немесе рак болғанда бір өкпенің бөлігін, әйтпесе бір өкпені толығымен операция арқылы алып тастауға тура келеді. Сонда ағзаға қажетті оттегі қалған өкпе арқылы келеді. Бірақ оны толық меңгере алмауы мүмкін. Осы кезде емдік дене шынықтыру жаттығулары көмекке келеді. Арнайы жаттығулар арқылы қалған өкпенің көлемін үлкейтіп, денеге қажетті оттегі мөлшерін толық жеткізуге мүмкіндік жасайды.

Орнын толтыру механизмі уақытша және тұрақты болып екіге бөлінеді. Біріншісі (уақытша) ауру басталған кезде болады да, жазылған шақта жоқ болып кетеді. Ал екіншісі (тұрақты) науқас адам бір мүшесінен айырылған кезде қолданылады. Мәселен, қолдың жүйке жүйесі жарақаттанғанда ол қимылдаудан, бір нәрсені ұстаудан қалады. Сол кезде жүйке жүйесіне «жандандыру» өте қиын болғандықтан, қолдағы барлық бұлшық еттерді шынықтырады. Мұның өзі қолдың иілуіне, әр түрлі қимылдар жасауына көмектеседі. Міне, орнын толтыру механизмі деген осы. Қалайда науқастың ағзасын қалпына келтіру оған өз мүмкіндігін сезіндіру.

*Бірыңғайлау немесе қалпына келтіру механизмі.*

Қандай науқастан болмасын құлан таза айығын кету әркімнің арманы. Бірақ ағзаның анатомиялық құрылысы қалпына келгенмен, кейбір мүшелердің қызметі бірыңғай болмайды. Міне, ағзаның осы функционалдық қасиетін деңгейіне келтіру үшін барлық аурудан кейін дене жаттығуларымен айналысу қажет. Тек сонда ғана, жоғарғы жүйке жүйесінің басқару қызметінің басқа мүшелермен, буындармен ішкі ағзалармен байланысы түзеледі. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Тек осындай байланыс қалпына келсе ғана, адам толық жазылады, ауруынан айығады деуге болады.

Жоғарыда айтылған емдік дене тәрбиесінің механизмдері бір-бірімен тығыз байланысты. Солардың әсерінен емдік дене тәрбиесінің бірнеше қыры мен сырын ашуға болады. Олар: біріншіден, бүкіл ағзаға әсер ететін өзгеше терапиялық қасиеті; екіншіден, аурудың асқину процестеріне жол бермейтін патогендік қасиеті; үшіншіден, денедегі әр мүшенің қызметін, іс-әрекетін қатарға қосып, қалпына келтіретін функционалды қасиеті; төртіншіден, кемтар болған мүшеге сүйемелдеу, соған бейімделу, науқастың көңілін көтеру қасиеті; бесіншіден, емдік-педагогикалық қасиеті – ол ауру адамның алдына бір мақсат қойып, барлық ынта-жігерімен, сана-сезіммен жаттығуларды орындауында.

Осындай емдік дене тәрбиесінің жан-жақты әсерінен сырқат адам толығымен қатарға қосылады. Оның ой-өрісі, еңбекке қабілеті артып, өз мамандығын меңгеретін, әлеуметтік, экономикалық қажетке жарайтын бағалы қызметкер болуына мүмкіндік туады [5].

*Емдік гимнастикасының тәсілдері.*

Емдік дене тәрбиесінің тәсілдеріне жаттығулар жиынтығы және табиғат факторлары (ауа, су, күн сәулесі) жатады. Бұлардың ішінде негізгісі жаттығулар жиынтығы. Олар гимнастикалық, спорттық-қолданбалы, ойын түрлері болып үшке бөлінеді.

*Гимнастикалық жаттығулар* анатомиялық белгілеріне (қол, аяқ, дене бұлшық еттеріне), белсенділігіне (жылдам, ақырын, күшпен), ерекшелігіне, түр-сипатына (тыныс алу, дайындау, реттік санау, түзету, үйлестік лақтыру, тепе-теңдік, қарсыласу, асылу, тіреу т.б.), жабдықтандыруға (снарядпен, снарядсыз, арнайы аппараттармен) байланысты бірнеше топқа бөлінеді.

Жаттығулар жиынтығын барлық денеге бірдей әсер ететін жалпылама немесе тек бір ғана мүшеге әсер ететін арнайы жаттығулар ретінде қолданады. Бұл жаттығулардың арақатынасы аурудың түріне, кезеңіне, жынысына, жасына қарай өзгеріп отырады.

*Спорттық-қолданбалы жаттығуларға* жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу, жер бауырлап жоғарлау, шаңғы тебу, туризм, коньки тебу, экскурсия, серуендеу, тұрмыстық еңбекке бейімделген қимылдар, қайықта ескек есу т.б. жатады.

Аталған спорттық қолданбалы жаттығулардың әрқайсысы-ақ ағзаға тиімді әсерін тигізетіні белгілі. Әрбір жаттығу жай жүруден басталады. Көбінде жаттығумен өз бетінше айналысатын адамдар (жүрек-қан тамырларымен ауырғандары семіздікке ұшырап, тыныс жолдары зақымданғанда, буындар мен ішек-қарын ауырғанда) ақырын аяндап жүруден бастайды. Қазақ халқында ежелден келе жатқан әдет, қатты ыстығы көтеріліп ауырған шақта бірер күн төсекте жатқызып қояды, ал ыстығын қайтару үшін көк шөпке жалаңаяқ жүргізеді. Көбірек қимылдаса, жер-ана ауруды тартып алады деген ұғым да бар [6].

*Жүгіру* - кейінгі кезде ел арасында жиі қолданып жүрген әдіс. Ол ішкі ағзаларға, жүрек, өкпе, буындарға айтарлықтай күш түсіреді. Сондықтан оны көбінде санаторий-курорттарда қолданады. Аурудың жазылып келе жатқан кезеңінде, ал кейбір аурулардың жаңа басталған шағында ақырын жүгіртеді. Емдік дене тәрбиесінде жүгіру мен жүру алма-кезек ауысып отырады.

*Секіру* - жаттығулардың қарқынды, үдемелі түрі. Ол ағзаға айтарлықтай күш түсіреді. Секіру арқылы адамның қимылдары үйлестіріледі, жылдамдығы артып, буын қимылдары реттеледі. Бұл мектепке, жоғары оқу орындарында арнайы медициналық топтағы балаларға тағайындалады. Сол сияқты емханалар мен санаторийларда ересек адамдарға жіптен секіру не өкшені көтеріп селкілдеу ретінде беріледі.

*Лақтыру* - медициналық резина доптарды арнайы межеге лақтырады немесе үлкен доптарды әріптестер бір-біріне әрқилы жағдайда лақтырады (басынан жоғары, кеудеден, белден, сырт айналып оң не сол жағынан т.б.) Мұндай жаттығулар бұлшық еттерін жетілдіріп, буындардың қимыл-қозғалысын, дененің сезімталдығын арттырып, жүріс-тұрысын, тепе-теңдік қалпына келтіреді, көңіл-күйді көтереді. Емдік дене тәрбиесінің бұл түрі арнайы немесе жалпы сырқаттың жағдайына байланысты қолданылады. Әсіресе, құлақ-мұрын ауруларында, гипертония, жүйке жүйесі зақымданғанда (вестибулярлы аппараты) адам тұзу жолмен жүре алмай, бір жағына қисайып сыңар езу аттай «қабырғалап» кететін жәй кездеседі. Міне, сондай кезде емдік дене тәрбиесінің осы тәсілін қолданады.

*Өрмелеу* - көлденең жазықтыққа, тік биіктікке, беткейге, сатыға, арқанға т.б. өрмелеу. Мұның барлығы дененің, әсіресе, аяқ-қолдың бұлшық еттерін ширатып, шынықтырып, қимыл-қозғалысын арттырады, тепе-теңдік қалыпты сақтайды. Емдік дене тәрбиесінің бұл түрін ортопедтік-травмотологиялық, неврологиялық ауруханаларда кеңінен қолданады.

*Еңбектеу* немесе бауырмен жорғалау - омыртқа жотасының қимылын жақсартады. Дене бір жағына қисайып кеткенде, сынғанда, асқазан-ішек, гинекологиялық аурулармен ауырғанда үй ішінде еңбектеп жүру өте пайдалы.

*Шаңғы тебумен* санаторий, профилакторийларды, өз бетімен спортпен шұғылданған адамдар жиі айналысады. Бұл денедегі ең үлкен, бұлшық еттерге әсер етеді. Барлық ағзаның нығайуына, жүйке жүйесінің түзілуіне барынша ықпал жасайды.

*Жүзу* - дененің жылуын бірқалыпты ұстауға, шынықтыруға ықпал жасайды. Оны жүрек-қан тамыры, тыныс мүшелері ауырғанда, зат алмасуы бұзылғанда, дененің мүсіні қалыпты жағдайдан ауытқығанда қолдануға болады.

*Серуендеу, экскурсия, туризм, терренкур* (мөлшерлі жоғары жүру) - курорттарда аурудың қалған әсерін біржолата жою үшін қолданылады. Мұның бәрі өкпе-жүрек, жүйке жүйесінің ауруына шалдыққандар үшін өте пайдалы.

*Ойын түрлері* адамдардың көңіл-күйін көтеріп, қимыл қозғалыстың үйлесімділігін, назарын, ілтипат-ықыласын арттырып, жылдамдықты шыңдайды. Ойындар бір орында қозғалмайтын, жылдам жүгіріп ойнайтын және спорттық ойын болып үшке бөлінеді. Спорттық ойындар волейбол, баскетбол, бадминтон, теннис және т.б. жатады.

*Табиғат факторлары* - ауа, күн сәулесі, су адам денесінің ауруға қарсылығын арттырып, төзімділігін үдетеді. Ол науқасқа да, дені сау кісілерге де, үлкенге де, кішіге де түгел пайдалы. Тек қандай тәсіл болса да ептеп, мөлшерімен қолданған жөн [7].

Емдік дене тәрбиесінің осындай тәсілдерін дұрыс пайдалану үшін оның түрлерін, кезеңдерін, негізгі нұсқауларын, әдіс-тәсілдерін, қозғалыс режимдерін білу қажет. Оны емдеу профилактикалық орындарда арнайы мамандар жетік біліп, қалыпты мөлшерде аурудың түріне қарай қолданады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Загrevская А.И. Инновационный подход к физкультурному образованию студентов специальной медицинской группы в вузе / А.И. Загrevская // Адаптивная физическая культура. – 2007. - № 1. – С. 4-8.
2. Загrevская А.И. Методология построения содержания физкультурного образования студентов специальной медицинской группы педагогического вуза / А.И. Загrevская // Теория и практика физ. культуры. – 2008. - № 10. – С. 17-21.
3. Капилевич Л.В. Коррекция нарушений функции равновесия у студентов посредством лечебной физической культуры // Л.В. Капилевич, К.В. Давлетьярова В.Л. Солтанова //Бюллетень сибирской медицины. – 2009. – № 3. С. 23-27.
4. Арещенко А.И., Вишнякова Н.П., Рахимбаева Г.Х. Технология учебного процесса физического воспитания в специальном учебном отделении. - 2009. – Изд. 2-е, дополнение. – Алматы. С. – 4.
5. Дубровский В.И. Лечебная физическая культура. – М., 2011.
6. Икиманова Г.К. Емдік гимнастика. Алматы, ҚазСТА.
7. Сабырбек Ж.Б. Емдік ден шынықтыру. Алматы ҚазҰУ 2011 ж.

## ҚАЗАҚ КҮРЕСІНДЕГІ СПОРТШЫ БАЛУАНЫҢ ЖЫЛДАМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУҒА ӘДІСТЕРІ

Т.А. Қонаев

**Аңдапта.** Жылдамдық - спортшының негізгі сапасы, ең алдымен көптеген спорт түрлерінде табысты айқындайды. Нақты максималды жылдамдығы орындауға спортшының қабілеті киын жаттығу, сондай-ақ басқа да факторлар (беріктігі, икемділігі, техникалық дағдылары) байланысты. Осы өзекті мәселемен байланысты, негізгі жылдамдығы нысандарын, сондай-ақ жеке сипаттамаларын жазбалар мен спортшының қабілеті жан-жақты талдау жылдамдығын дамыту ең тиімді жолдарын табу. Бұлшық топтардың белсенді болуын қамтамасыз ету үшін жылдамдықты дамыту үшін жаттығу жаттығулары кезінде белсенді демалуды ұсынамыз. Біріншіден, оқу үрдісіне қарқындылығы төмен жаттығулар кіреді. Екіншіден, шаршауды азайту үшін жаттығуларды қайталау жиілігін азайтамыз. Өсіп жиілігі жаттығу қайталап, біз тек жүйке толқулар аралас кейін жүзеге асыруға ұсынамыз, сондықтан жылдамдығы жоғары оқу бірден жаттығулардан кейін жүзеге асырылуға тиіс. Осы мақалада біз казак балуандар күресі жылдамдығын арттыру үшін пайдаланылуы мүмкін оқу-жаттығу үдерісін арнайы әдістері, ұсынамыз.

**Тірек сөздер:** Жылдамдық, казак күресі, жоғары жылдамдық жаттығулар.

## METHODS FOR IMPROVING THE SPEED OF KAZAKH KURES WRESTLER

T.A. Konayev

**Abstract.** Speed is the main quality of an athlete, primarily determining success in many sports. The ability of an athlete to perform a specific complex exercise with the maximum speed also depends on other factors (strength, flexibility, technical skills). In this connection, the actual problem is the search for the most effective ways to develop high-speed qualities, a comprehensive analysis of the main forms of high-speed qualities, as well as consideration of the personal characteristics and ability of the athlete. We suggest using active rest during the training exercises to develop the speed in order to keep the muscle groups active. Firstly, we include exercises with low intensity into the training process. Secondly, we reduce the frequency of repetitions of exercises to reduce fatigue. Repeated exercises with increasing frequency, we suggest performing only after a combination of nervous excitement, so high-speed training should be conducted immediately after training. In our article, we offer special methods of conducting a training process that can be used to increase the speed of the kazakh kures wrestlers.

**Key words:** Speed, kazakh kures, high speed exercises.

**Кіріспе.** Жылдамдық қабілеті адамның негізгі қозғалыс қасиеттерінің бірі ретінде негізінен бүгінгі спорттың көптеген түрлерінің табысын анықтайды. Жылдамдық қабілеті спорттың түріне қарай, оның жеке көрсеткіштері туралы (реакция уақыты, немесе бір қозғалыс уақыты бойынша), немесе оның тұтастық көрінісі ретінде орын алады. Сонымен қатар, спортшы көрсете алатын ең жоғарғы жылдамдық қабілеті басқа да факторлармен байланыса отырып (күшке, үйлесімділікке, икемділікке, техникалық дағдыларға және т.б.) тәуелді болады. Спортта іс жүзінде, біз жылдамдықтың тұтас көріністері қалыптасқан жеке факторларды көрінісін байқаймыз [1]. Мысалы жеке қозғалыс жылдамдығы тек жанама түрде спортшының жылдамдығының сипаттайды. Осыған байланысты, оның дамуына ең тиімді жолдарын іздеу, негізгі нысандарын кешенді талдау, сондай-ақ назарда спортшының жеке сипаттамаларын және қабілеттерін ескере отыру қажет. Жылдамдық спортшының генотипі мен оның орталық және перифериялық жүйке жүйесінің құрылымымен тығыз байланыста бола отырып оның базасын құрайды. Сондықтан, біздің ойымызша спортшының төзімділігі мен күшін өсіруге қарағанда спортшының жылдамдығын дамыту үшін көп күш салуды талап етеді.

**Зерттеу мақсаты** – Қазақ күресінде балуанның жылдамдық қабілетінің деңгейін дамытудың негізгі бағытарын анықтау.

**Зерттеу әдістері** – Балуанның жылдамдық қасиеттерін дамытуға арналған оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді талдау. 1) балуандар арасында сұрақ жауап сауалнама жүргізу, 2) балуанның жылдамдық қасиетін арттыруға арналған жаттығу түріне педагогикалық бақылау жүргізу.

**Зерттеу нәтижелері.** Жылдамдық - бұл адамның қозғалыс қасиетінің жоғары деңгейі болып табылады. Адамның қысқа мерзім уақыт аралығында қандай да бір іс –қимыл әрекеттерді жылдам, тез орындауды жылдамдық қасиет деп айтамыз. Зерттеу нәтижесінде жылдамдық қасиеттердің төменлегідей сипаттамалары анықталды:

- адамның уақыт, қозғалыс , бір қозғалыс уақыты ретінде
- бір қозғалысты барынша жылдам орындау
- қозғалыс уақытын барынша жиілікпен жылдам орындау,

- қозғалыс жиілігі ( цикл бойынша ).

Алайда бұл параметрлер әдетте бір-бірінен тәуелсіз болады. Сондықтан, балуанға қажетті айрықша жылдамдық дәрежесін анықтау үшін, оның әр жеке параметрлерін бағалау керек.

Қазақ күресінде балуан жылдамдығын дамытудың ең үздік тәсілі мүмкіндігінше тез өңделіп жатқан барлық қимылдарды қайталау болып табылады, ал негізгі мақсаты – жаттығушының жоғарғы деңгейлік қимыл жылдамдығын асыру. Ескере отырып, жоғары жылдамдық жаттығулар барынша қарқындылықпен орындалуы тиіс, балуан әдісі жоғары білікті спортшылар үшін ең үздік уақыты – 10-15с, ал бастаушыларда -15-20с., құрауы мүмкін [2].

Осы тапсырма тиімді уақыт жолымен жүзеге асырылып, ұзақтық жаттығу, қайталау саны, уақыт пен демалыстың тынығу үзілісін анықтайды. Жаттығу ұзақтығы ( мысалы, ереуілдер ) жұмыстың қарқындылығы соңына дейін бірдей болып, қимылдар ең жоғары жылдамдықпен орындалады, ал балуанның әрбір жаттығу топтамасында максималды жылдам нәтижеге жетуге ұмтылуы керек.

Максималды жылдамдықпен келесі тапсырмаларды орындау толық қалпына келу мен дайындық болу кепілдігін беріп, қайталау жаттығудың әдісінде басты рөлді атқарып жатқан демалу аралықтары жеткілікті ұзақ болу керек. Демалыс аралығының ұзақтығы физиологиялық процестердің жылдамдық шығынына байланысты: бір жағынан ол – орталық жүйке жүйесінің қозу өзгерістері мен вегетативтік функцияларды қалпына келтіру, екінші жағынан – оттегі борышын теңестіруімен байланысты. Демек, демалу уақыты – екі қарама-қарсы құбылыстарының нәтижесі болып келеді. Балуанның жаттыққан деңгейіне байланысты демалыс аралығының ұзақтығы бірнеше ондаған секунд пен бірнеше минут құрауы мүмкін. Жылдамдыққа арналған жаттығу топтамаларының арасында балуанның ең бастысы бұлшықет топтарын жоғары деңгей қозу жағдайында ұстау үшін белсенді демалыс қажет. Бұл қарқындылығы төмен жаттығулар болуы мүмкін, бірақ негізгі жаттығулар сияқты көп бұлшық топтарын қамтиды.

Қайталау саны мен топтамаларды беру мен орындату төмендеуі спортшының дайындық деңгейіне байланысты. Жылдамдықтың қысқартылуы шаршаудың бәсеңдетуімен қатар жұмыс тоқтату сигналы болғандықтан, келесі топтамаларды орындату тиімді емес болып қалады. Жылдамдық бойына қайталау жаттығуларын үйлесімді жүйке қозу жағдайынан кейін ғана жүзеге асырылуы тиіс, сондықтан жылдамдық жаттықтыруларын дереу жаттығудан кейін орындалу керек, ал микроцикл жаттығу жылдамдығы әдетте, демалыстан кейінгі бірінші күнге, немесе екінші күнге жоспарлануы тиімді.

Көптеген жаттықтырушылар күресте жылдамдық жаттығу сапараларын жиі өткізу керек деп есептейді (аптасына бірнеше рет), бірақ әр түрлі нысандарда, өзгермелі ортада және шетеулі жылдамдықпен. «Жылдамдық барьері» деп аталатын құбылыс пайда болады. Сондықтан, жаттығуларда жылдамдық даму параметрлеріне әсер ететін, әр түрлі толық жылдамдық дайындықтарының құралдарын пайдалану қажет.

Жылдамдықты жақсарту күш дайындығымен тығыз байланыста болуын еске алған жөн. Қозғалыс жылдамдығын арттырудың максималдық жылдамдықтың арттыру мүмкіндігі – күш қуатын ұлғайтуда байланысы бар. Сондықтан жылдамдықты арттыру үшін қозғалыс әрекеттерге қатысатын, бұлшық ет топтардың қуаты өсуіне ықпал еткен күш дайындығының құралдары жиі пайданылады. Күш жаттықтыру кезінде сондай – ақ оның динамикада жүзеге асырылу қажеттілігін ескеру керек. Осылайша «жарылғыш» және «жылдам» күшінің даму қажеттілігі туралы қорытындысы осындай. Осы мақсатпен «шаршау шегі» деп аталатын максималды қысқа мерзімді және бірнеше күш-жігерлік әдістері және де сондай-ақ қайталау әдіс нұсқалары қолданылған.

Зерттеу кезінде Қазақ күресі техникалық жаттығуымен жылдамдықтың қарым-қатынастығы анықталды [3]. Бұл мәселе жылдамдық пен техниканың бірлескен жаттығу міндеттері мен жоғары спорт нәтижелеріне қол жеткізудің кілті болып табылады. Өткен ғасырда жаңа қимылдарды үйрету шағын жылдамдықты максималды жылдамдығына дейін біртіндеп арттыру ең басты мақсат болып есептелінді, немесе бірінші сабақтардан бастап, максималды жылдамдықпен күрес әдіс айласы қимылдарын жетілдіру тиімді болып табылады.

Қазіргі уақытта техникалық дайындықты жақсарту үшін нысаналы бірақ оған тең емес, «басқарылатын» максималдыға жақын жылдамдықпен жүзеге асыруы ұсынылды. Мұнда жылдамдық-беріктік қимыл құрылымының қолдану (сақтау) ең басты шарты, болып саналады сондай-ақ оның орындау техникасына өзгерістер мен түзетулер енгізу мүмкіндігі болып табылады. Сонымен қатар, балуаның тиісті икемділігін дамуына салыстырмалы шағын мен максималды жүктемелерін беруде қолданады [4].

Қазіргі кездегі Қазақ күресінде балуан жылдамдығын дамыту үшін пайдаланылатын негізгі әдістер: 1) жылдамдықтың жан жақты көрсеткіштерінің негізгі бір саласы ол адамның жүйке жүйесінің қозғалмалы өткізгіштік өткізгешілік және оның қозу мен тежеу кезеңдерінің өту жылдамдығы

ерекшелігіне байланысты болып келетіндігі; 2) Жылдамдықтың әртүрлі болуына адам бұлшық еті құрлысының да және талшықтарының қай түрі басым болуда байланысты болып келеді бұлшық еттің созылмалығы бұлшық еттің ішкі қалыңдығы еттердің бір бірімен байланыстылығы да әсер етеді; 3) спортшының жылдамдық қабілеті оның күшінің иілгіштік қасиетінің координациялық мүмкіндігінің мөлшермен және спорттық шеберлігінің денейімен тығыз байланысты болып келеді; 4) жылдамдықтың әртүрлері болып келуі бұлшық еттің био механикалық ресинтездік жұмыстарды атқару мүмкіндігімен және адамның ерік жігерлік қасиетінің ерекшелігімен байланысты Қимыл –қызмтінің тез не месе баяу болуы бұлшық еттің жиырылу жылдамдығына да байланысты Арнайы жүйке жасушасы организмге келге импульстер арқылы бұлшық еттер жиырылып сүйектерді қимылға келтіреді Қимыл бірліктер өздерінің құрлысы мен қызметі жағынан кіші үлкен болып бөлінеді кіші қимыл бірліктерінің құрамындағы мото нейрон шағын аксона жіңішке ұшының тармағы аз болады олар бет қол, аяқ саусақтарына дене мен аяқ-қол қимыл құрамына енді.Үлкен қимыл бірліктерінің құрамына ірі мотонейрон, аксона жуан, оның жұптары көптеген тармаққа бөлініп, бірнеше бірнеше жуық ет талшықтарын жүйелендіреді денедегі қимыл бірліктері аралас болып келеді. Ет талшықтары өзінің қызметі жағынан баяу «қызыл» шапшан «ақ» болып бөлінеді

**1-кесте.** Адамның баяу және шапшаң ет талшықтарының жұмыс жасау ерекшеліктері

Ересектер	Баяу (қызыл) талшықтар	Шапшан (ақ) талшықтар
1 марфологиялық ерекшеліктері		
а) талшықтардың диаметрі	Жінішке	Жуан
ә) мито хондрей саны	көп	аз
б) капилляр сны	көп	аз
2 биохимиялық ерекшеліктер		
а) АУФ –аза ферментінің белсенділігі	жоғары	жоғарғы
ә) Тотығу-тотықсыздану ферментінің белсенділігі	төмен	төмен
б) Гликолиз Ферментінің белсенділігі	төмен	жоғарғы
в) миоблегин белогының мөлшері	жоғары	төмен
3 физиологиялық ерекшеліктер:		
а) жырттылу күші	төмен	жоғарғы
б) шарау қабілеті	төмен	жоғарғы
в) төзімділігі	төмен	төмен
г) жылу бөлу жолы	төмен	төмен
	тотығу аэробты	анаэробты

Қимыл бірлігінің құрамына әр түрлі мөлшердегі бұлшық ет талшықтары кіреді Мысалы : көз алмасының сыртқы бетінде 3-6 саусақта 10-15 қол етінде -500 балтыр етінде -200-700 т.б Спортшылардың бұлшық ет талшықтарының мөлшеріне сәйкес стаерлер және спринтерлер деп ажытырлады . Стаерлер спортшыларда баяу ет талшықтар тарының мөлшері 70/дан кем болмау керек Марафоншылардың балтыр етінде баяу ет талшықтарының мөлшері 93-99-ға дейін жетсе спринт спортшылырдың балтыр етінде баяу талшықтарының мөлшері 23 құрайды

### **Қорытынды.**

Қазақ күресі жаттықтыруларында жылдамдық педагогикалық қабілетті артыруға аралған арнайы әдістер болуы тиіс, солардың көмегімен спорттағы қажетті жылдамдық пен күш іс-әрекеттеріне үйрету жетілдіруге болады. Қазіргі заманның спорттық дайындығы келген спортта және Қазақ күресінде инновациялық ғылыми ұйымдардың нұсқауларына негізделген болса, онда ол нәтижелі болады. Қазақ күреспен айналысу жеке тұлғаның денсаулығының нығаюына, оның үйлесімді дамуына, шұғылданушылардың денесінің дамуы мен шымырлануына сеп болатындығы, жастардың дене қабілеттерін (жылдамдық, жылдамдық, ептілік, төзімділік, икемділік) дамытудың және дене тәрбиесінің тиімді құралы болып табылатындығы дәлелденді.

Алға қойылған міндеттер табысты орындалды:

- 1) Дене жылдамдық қабілетін арттыратын жаттығуларды іріктеп, оны палуандардың жаттығу үрдісіне енгіздік;
- 2) Арнайы жүктемелерді спортшы қабілетіне қарай іріктеп, оны әрбір палуандарға арнайы жеке жүктеме ретінде қолданылды;
- 3) Болашақта спортшының белгілі көрсеткіштерге жету жолын айқындап, оның әдістемелері негізделді.

Зерттеу қорытындысы бойынша анықталған теориялық, тәжірибелік нәтижелер мен ұсыныстар, әдістемелік бағыттар, көтерілген мәселені талдау жолдары Қазақстан жастарының денсаулығын нығайту, дене тәрбиесі мен спортты насихаттау, спортшыларды дайындауда Қазақ күресін деңгейін, жылдамдық сапасын көтеруге үлесін қосады.

Алған теориялық білімін іс-жүзінде де қолдануға болады. Дене қасиеттерін және техника-тактикалық дайындықтарын, сонымен қатар арнайы жылдамдық дайындықтарын үйлестіре отырып жетілдірген палуандар жарыста жақсы нәтиже көрсете алды.

#### **Әдебиеттер**

1. Свищев И.Д. Моделирование силы реакции опоры и инерции борца при проведении бросков. - М.: РГАФК. 2010. -112 с.
2. Чумаков Е.М. Физическая подготовка борца. - М.: РГАФК, 1996. -106 с.
3. Мухиддинов Е. М. Учитель батыров: спортивная слава Республики Казахстан. -Алматы: Рауан, 1997. - 160 с.
4. Матушак П. Ф., Мухиддинов Е. М. Казахша күрес: национальная спортивная борьба, подростки. - Алматы: Рауан, 1995 -120 с.

### **НОВАЯ МЕТОДИКА ТЕХНИКО-ТАКТИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ БОРЦОВ ПО КАЗАК КУРЕС НА ОСНОВЕ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ТЕОРИИ ИГР**

**Конаев Т. А.,** Казахская Академия спорта и туризма

**Аннотация.** Данная статья посвящена разработке новых педагогических подходов к выстраиванию тренировочного процесса подготовки борца казак күрес. Рассматриваются аспекты технико-тактической подготовки в казак күрес, на которые необходимо обращать особое внимание, для того чтобы воспитать высокопрофессионального борца казак күрес. А именно, мы изучаем комбинационную составляющую борьбы казак күрес. Применяется математическая теория игр в выстраивании стратегии на схватку с данным конкретным соперником в казак күрес. Мы создаем методику количественных оценок качества подготовки борца казак күрес для конкретной схватки с конкретным противником. Необходимо сделать математические вычисления после тренерского независимого выставления рейтингов выполнения конкретного борца бросков и контрприемов к ним. Математическая модель схватки описывается парной игрой. Данной парной игре мы ставим в соответствие матрицу выигрышей. Строится матрица выигрышей, пользуясь экспертными оценками. Мы учитываем мнение не только личного тренера, но и нескольких экспертов-тренеров. Для каждого из четырех выбранных приемов, которые проходят у нашего противника, мы подбираем три защитных контрприема. При процессе подготовки к борьбе, готовим нашего борца к проведению данных трех защитных контрприемов. Исходя из проведенной подготовки, мы корректируем нашу матрицу выигрышей и итерируем тренировочный процесс.

**Ключевые слова:** математическая теория игр, казак күрес, оптимальная стратегия

### **A NEW METHOD OF TECHNICAL AND TACTICAL TRAINING OF WRESTLERS IN KAZAKH KURES BASED ON MATHEMATICAL GAME THEORY**

**Konaev T. A.**

Kazakh Academy of Sport and Tourism

**Abstract.** This article is devoted to the development of new pedagogical approaches to building the training process for preparing a Kazakh kures wrestler. Aspects of technical and tactical training in Kazakh kures are considered, to which special attention must be paid in order to educate a highly professional Kazakh kures wrestler. Namely, we are studying the combinational component of the Kazakh kures fight. Mathematical game theory is used to build a strategy for a fight with a given specific opponent in Kazakh kures. We are creating a methodology for quantitative assessments of the quality of training of a Kazakh kures wrestler for a specific fight with a specific opponent. It is necessary to make mathematical calculations after the coach has independently assigned ratings for the execution of a particular wrestler's throws and countermeasures. The mathematical model of a fight is described by a pairs game. We assign a winning matrix to this paired game. A winning matrix is constructed using expert estimates. We take into account the opinion of not only a personal trainer, but also several expert trainers. For each of the four selected techniques that our opponent passes, we select three defensive counter-techniques. In the process of preparing for wrestling, we prepare our wrestler to carry out these three defensive countermeasures. Based on the preparation, we adjust our payoff matrix and iterate the training process.

**Key words:** mathematical game theory, Kazakh kures, optimal strategy

**Введение.** Мы изучаем применение математической теории игр для анализа соперников и выстраивания стратегии на схватку с данным конкретным соперником. В эпоху цифровизации и возможности смотреть и анализировать каждую схватку на чемпионатах республики, мира, и турнирах Казакстан



барысы и Алем барысы помогают оценить и прогнозировать результаты будущих схваток. Кроме того, зная «коронки» соперников можно в процессе тренировок отрабатывать контрприемы на данные «коронки». Мы привлекаем для оценки подготовки не только личного тренера, но и других известных тренеров с регионов Республики Казахстан.

В статье рассматриваются аспекты технико-тактической подготовки в казак курес, на которые необходимо обращать особое внимание, для того чтобы воспитать высокопрофессионального борца казак курес [6]. А именно, мы рассматриваем комбинационную составляющую борьбы казак курес. Очень важно понимать, какие приемы проходят хорошо в схватке у данного борца казак курес [7]. Какие коронные приемы есть в арсенале у борца. Также важно представлять, какие контрприемы будут делать противники в схватке [1].

Поражение не означает отсутствие способностей к казак курес, оно наоборот должно стимулировать к поиску ошибок и к мысли, что еще есть над чем работать. То есть, как надо улучшить комбинационную борьбу, сформировать широкий круг двигательных умений и навыков, развитию специальных физических качеств [3]. Поскольку казак курес относится к сложно координационным видам спорта, то наличие или отсутствие координационных задатков у спортсмена является важным при обучении сложным движениям что, естественно, отражается на времени, которое затрачивается на процесс обучения [4].

Статья предназначена для выбора комбинационной борьбы для конкретных борцов казак курес против конкретных противников. В данном случае можно сделать несложные математические вычисления после тренерского независимого выставления рейтинга выполнения конкретного борца бросков и контрприемов к ним [5]. Мы используем математическую теорию игр [9]

На ковре встречаются два борца казак курес. Кто-то из них должен стать победителем. Один, безусловно, приложит к этому все силы. И второй полон решимости победить.

Такие ситуации, возникающие при игре в шахматы, шашки, домино и т. д. Результат каждого хода игрока зависит от ответного хода противника, цель игры - выигрыш одного из партнёров. Во всех этих примерах конфликтная ситуация порождается различием интересов партнёров и стремлением каждого из них принимать оптимальные решения, которые реализуют поставленные цели в наибольшей степени. При этом каждому приходится считаться не только со своими целями, но и с целями партнёра, и учитывать неизвестные заранее решения, которые эти партнёры будут принимать [10].

Для грамотного решения задач с конфликтными ситуациями необходимы научно обоснованные методы. Такие методы разработаны математической теорией конфликтных ситуаций, которая носит название теория игр [11].

Теория игр - математическая дисциплина, устанавливающая количественные закономерности в конфликтных и неопределенных ситуациях. Теория игр была разработана Дж. фон Нейманом и О. Моргенштерном в 1944 г., ее дальнейшую разработку продолжил Дж. Нэш [13].

Ознакомимся с основными понятиями теории игр. Математическая модель конфликтной ситуации называется игрой, стороны, участвующие в конфликте, - игроками, а исход конфликта - выигрышем. Для каждой формализованной игры вводятся правила, т.е. система условий, определяющая: 1) варианты действий игроков; 2) объём информации каждого игрока о поведении партнёров; 3) выигрыш, к которому приводит каждая совокупность действий. Как правило, выигрыш (или проигрыш) может быть задан количественно; например, можно оценить проигрыш минус единицей, выигрыш - единицей, а ничью – нулём [12].

Игра называется парной, если в ней участвуют два игрока, и множественной, если число игроков больше двух. Мы будем рассматривать только парные игры. В них участвуют два игрока А и В, интересы которых противоположны, а под игрой будем понимать ряд действий со стороны А и В.

**Цель исследований.** Мы создаем методику количественных оценок качества подготовки борца казак курес для конкретной схватки. В данной методике применяем теорию игр. Наша цель- создать и применять методику теории игр. В теории игр смысл терминов несколько иной. В теории игр игроком могут быть и несколько человек с определенным интересом, которые борются против одного или, наоборот, против большого количества противников, которые тоже признаны игроком. Значит, игрок - это просто одна группа интересов. Футбольный матч с точки зрения теории игр будет просчитываться как один игрок против одного. В этом смысле он не отличается от шахматной партии. Выдающийся французский математик Луи Борель еще в начале XX века предпринял издание большого, многотомного «Курса теории вероятностей и ее приложений». Предпоследний том был посвящен «Приложениям к азартным играм». Ученый подвел в нем итог своим длительным исследованиям азартных игр, которыми он интересовался как математик. В теорию игр Борель внес смелые и оригинальные идеи. Он попытался найти математическую формулировку игр, когда течение игры зависело

от умения игроков. Со временем многие ученые развили теорию. Она стала гораздо шире теории азартных игр.

Выбор и осуществление одного из предусмотренных правилами действий называется ходом игрока. Ходы могут быть личными и случайными. Личный ход - это сознательный выбор игроком одного из возможных действий (например, ход в шахматной игре). Случайный ход - это случайно выбранное действие (например, выбор карты из перетасованной колоды).

Стратегией игрока называется совокупность правил, определяющих выбор его действия при каждом личном ходе в зависимости от сложившейся ситуации. Обычно в процессе игры при каждом личном ходе игрок делает выбор в зависимости от конкретной ситуации. Однако в принципе возможно, что все решения приняты игроком заранее (в ответ на любую сложившуюся ситуацию). Это означает, что игрок выбрал определённую стратегию, которая может быть задана в виде списка правил или программы. (Так можно осуществить игру с помощью ЭВМ). Игра называется конечной, если у каждого игрока имеется конечное число стратегий, и бесконечной - в противном случае.

В этом случае различают две стратегии поведения, называемые *maximin* и *minimax*:

1. *maximin* - это стратегия пессимиста.

2. *minimax* - это стратегия оптимиста.

Пессимист будет искать наилучший вариант из наихудших результатов.

Оптимист надеется на самый лучший вариант решения вопроса.

Ситуация называется конфликтной, если в ней участвуют стороны, интересы которых полностью или частично противоположны.

Игра - это действительный или формальный конфликт, в котором имеется по крайней мере два участника (игрока), каждый из которых стремится к достижению собственных целей.

Допустимые действия каждого из игроков, направленные на достижение некоторой цели, называются правилами игры.

Количественная оценка результатов игры называется платежом.

Игра называется парной, если в ней участвуют только две стороны (два лица).

Парная игра называется игрой с нулевой суммой, если сумма платежей равна нулю, т.е. если выигрыш одного игрока равен проигрышу другого.

Однозначное описание выбора игрока в каждой из возможных ситуаций, при которой он должен сделать личный ход, называется стратегией игрока.

Стратегия игрока называется оптимальной, если при многократном повторении игры она обеспечивает игроку максимально возможный выигрыш (или, что то же самое, минимально возможный средний проигрыш).

**Методы и организация исследований.** Чтобы определить подготовленность каждого из борцов, применяют метод наблюдений в соревнованиях с использованием стенографической записи либо совместного многократного просмотра схваток конкретного противника и самого подготавливаемого борца экспертами-тренерами.

Пусть имеются два игрока, один из которых может выбрать *i*-ю стратегию из *m* возможных стратегий (*i*=1,*m*), а второй, не зная выбора первого, выбирает *j*-ю стратегию из *n* возможных стратегий (*j*=1,*n*). В результате первый игрок выигрывает величину *a<sub>ij</sub>*, а второй проигрывает эту величину [8].

Из чисел *a<sub>ij</sub>* составим матрицу

$$A = (a_{ij}) = \begin{bmatrix} a_{11} & a_{12} & \dots & a_{1n} \\ a_{21} & a_{22} & \dots & a_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ a_{m1} & a_{m2} & \dots & a_{mn} \end{bmatrix}$$

Строки матрицы *A* соответствуют стратегиям первого игрока, а столбцы - стратегиям второго. Эти стратегии называются чистыми.

Матрица *A* называется платежной (или матрицей игры).

Игру, определяемую матрицей *A*, имеющей *m* строк и *n* столбцов, называют конечной игрой размерности *m* × *n*.

Число  $\alpha = \max_i (\min_j a_{ij})$  называется нижней ценой игры или максимином, а соответствующая ему стратегия (строка) - максиминной.

Число  $\beta = \min_j (\max_i a_{ij})$  называется верхней ценой игры или минимаксом, а соответствующая ему стратегия (столбец) - минимаксной.

Если  $\alpha=\beta=v$ , то число  $v$  называется ценой игры. Игра, для которой  $\alpha=\beta$ , называется игрой с седловой точкой.

Для игры с седловой точкой нахождение решения состоит в выборе максиминной и минимаксной стратегией, которые являются оптимальными.

Если игра, заданная матрицей, не имеет седловой точки, то для нахождения ее решения используют смешанные стратегии.

#### Результаты исследований и их обсуждение

В борьбе казак курес встречаются два борца, которые проводят различные приемы и контрприемы. Мы сводим моделирование борьбы в казак курес к матричной игре игроков с нулевой суммой, которая рассматривается, как следующая абстрактная игра двух игроков [1].

По результатам анкетного опроса можно отследить, что в школьные годы у обучающихся основным спортивным направлением является волейбол 41,3%, вторым видом по интересу стоит футбол 13,5%, третьим - баскетбол 12,5% и далее в порядке убывания 11,5%, 7,7%, 6,7% плавание, тогызкумак, шахматы, бокс. Далее идут виды с минимальными процентами.

И в результате показателей видно, что соответственно школьным занятиям интересы студентов практически не меняются. На вопрос "Какими видами спорта вы хотели бы заниматься в университете?" студенты ответили: 42,3% - волейбол, 24% - хотели бы заниматься в тренажерном зале, 13,5% - футбол/футзал, 12,5% - плавание, 11,5% - баскетбол и так далее. Около 7,7% студентов интересуются ММА (смешанные единоборства, бои без правил). При том что 8,7% на данный вопрос ответили никаким видом спорта не хотели бы заниматься (рисунок 2).



Рисунок 2. Интересы студентов

Около 20% студентов выражают не желание заниматься физической культурой.

Таким образом предоставление студентам возможности выбирать интересующий их вид спорта повышает эффективность и результативность занятий физической культурой. Студент может увлечься любимым видом спорта волейбол, футбол, плавание и начать заниматься спортом в свое свободное время. В данной ситуации важно, чтобы выбор направлений был достаточно широким, позволяющим каждому найти занятие соответствующее интересам и уровню их физической подготовки.

Проведение различных спортивно-массовых мероприятий и соревнований вызывает заинтересованность студентов к занятиям физической культурой и спортом.

К последним актуальным направлениям в сфере современных технологий воспитания стоит отнести: здоровьесбережение; дифференцированные технологии; информационно-коммуникативные технологии; разноуровневые технологии.

Ограниченность ресурсообеспечения также влияет на общую подготовленность образовательных заведений, к возможности внедрения усовершенствованных традиционных технологий организации занятий спортом.

### Выводы

Таким образом, за весь срок обучения у студентов при помощи дисциплины "Физическая культура" должен сформироваться правильный подход к занятиям спортом, важность активного и здорового образа жизни. Многие в ранее перечисленном зависят от педагога, уровня его подготовки и способности изменяться под влиянием требований нового времени. К педагогу предъявляются большие требования.

Для использования современных технологий педагог должен понимать и осознавать их важность, что логично, потребует от него дополнительного развития в данных технологических отраслях. Педагог должен раскрыть всесторонние способности обучающихся; научить студентов использовать полученные знания в повседневной жизни; повысить заинтересованность студентов и увлеченность предметом; повысить качество знаний обучающихся; научить студентов быть более уверенными в себе.



### Список литературы

1. Васенков Н.В., Миннибаев Э.Ш. Инновационные методы преподавания физической культуры в вузе // Современные тенденции развития науки и технологий. 2016. № 10-7. С. 72-75.
2. Давыдова Т.П. Современные образовательные технологии на занятиях физической культурой // Научное сообщество студентов: междисциплинарные исследования: сб. ст. по мат. XXXV междунар. студ. науч.-практ. конф. № 24(35). URL: [https://sibac.info/archive/meghdis/24\(35\).pdf](https://sibac.info/archive/meghdis/24(35).pdf) (дата обращения: 02.03.2019)
3. Евсеев, Ю.И. Физическая культура: Учебное пособие / Ю.И. Евсеев. – Рн/Д: Феникс, 2012. – 444 с.
4. Николаев П.П., Николаева И.В. Мониторинг и современные технологии в процессе организации занятий силовым троеборьем в вузе // Теория и практика физической культуры. 2017. № 11. С. 89.

## БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Р.К. Мамыркулов** – Дене шынықтыру және спорт кафедрасының оқытушысы ЕНУ Астана қ., **А.Б. Құдабай** – Дене шынықтыру пәні мұғалімі School №22. Taraz

**Аннотация.** Бұқаралық спортты ұйымдастыру жобасының басты мақсаты: дені сау, салауатты өмір салтын ұстанатын қоғам қалыптастыру. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттау арқылы дені сау, салауатты өмір салтын ұстанатын қоғамды қалыптастыра аламыз. Ұлт денсаулығын бекемдеу өте өзекті мәселе. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Дені сау ұрпақ-ел болашағының кепілі. Спорт табандылықты жігерлікті, шыдамдылық мінез-құлықтарын қалыптастырады. Отан сүйгіш, білімді, тәрбиелі әрі дені сау ұрпақ – ұлттың ең басты құндылығы.

**Кілт сөз:** Бұқаралық спорт, әдет-ғұрып, ұлт денсаулығы, дене тәрбиесі, жетістік, мәселе, бағдарлама.

## ORGANIZATION OF MASS SPORTS

**Mamyrkulov R.K.**- Teacher of the Department of Physical Culture and sports. L. N. Gumilev Eurasian National University. Astana, **Kudabay A.B.** - Physical education teacher

**Annotation.** The main goal of the project for organizing mass sports: the formation of a healthy, healthy lifestyle society. Through the promotion of mass sports among all age categories, we can form a society that leads a healthy lifestyle. Strengthening the health of the nation is a very urgent issue. It is necessary to promote mass sports among all age categories. A healthy generation is the key to the future of the country. Sport forms perseverance, determination, endurance behavior. The motherland-loving, educated, well – mannered and healthy generation is the most important value of the nation.

**Keywords:** Mass sports, customs, health of the nation, physical education, achievement, problem, program

Қазір адамдар спортпен айналысу баланың денсаулығына да, тәрбиесіне де пайдалы екенін жақсы түсінеді. Күнделікті спорт залға келетін жеткіншектер түрлі жаман әдеттерден аулақ болып, ерік-жігері мен табандылығын шындайды. Болашақта мұндай балалар қиындыққа төзімді, тек қана алға ұмтылатын азамат болып өседі. Сол себепті ата-аналардың да, балалардың да ықыласы күшті.

Елімізде бұқаралық спортты дамытуға айрықша көңіл бөлініп келеді. Спорт алаңдары мен ойын алаңдары салынып, жаппай спортпен айналысушы жас пен кәрінің саны артуда. Жалпы халықтың спортпен айналысуы ел халқының дені сау болуына әсер етеді. Дені сау, сапалы ұлт қана мәңгілік ел мұратын орындай алмақ.

Үкіметі халықтың денсаулығын ойлайтын кез-келген дамыған елде жаппай сауықтыру, дене шынықтыру және спорттық шараларға ерекше назар аударылады. Мұндай іс-шаралар біздің елде үнемі өткізіліп тұрады. Олардың міндеті - ұлттық денсаулықты сақтау және сақтау.

Үкіметтің кепілдіктерінен көріп отырғанымыздай, қазіргі уақытта біздің мемлекетімізде денсаулық сақтау, спортты дамыту және дене шынықтыруды жақсарту сияқты бағдарламалар ең маңызды бағдарламалардың қатарына кіреді. Бұл таңқаларлық емес, өйткені қазіргі заманғы азаматтың денсаулығы - болашақ күштің кепілі. Әр түрлі нысандарда өткізілетін спорттық-сауықтыру іс-шаралары мемлекеттік саясат деңгейінде қолданылатын әдістердің немесе құралдардың бірі болып табылады. Дене шынықтыру және спорт, бұған арналған арнайы зерттеулер көрсеткендей, адам ағзасының агрессивті сыртқы факторларға төзімділігі айтарлықтай жақсартады, бұл әрқайсымыз қажетсіз заңдылықтармен кездеседі. Қалалық, аймақтық, федералды деңгейде мамандандырылған іс-шаралар өткізу әрбір азаматтың денсаулығын нығайтуға, оның жұмыс қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді, демек, белгілі бір адамнан бастап мемлекетке дейін барлығы ұтады.

Өскелең ұрпақ сергек өмірге ден қойса, теріс жолдан, жаман әдеттен аулақ болады. Олай болса ел азаматтары, ата-аналар жастарға үлгі-өнеге көрсетейік және оған жұмыла көмектесейік. Статистикаға сүйенсек, елдегі 12 –ден асқан адамдардың 80 пайызы күнделікті белсенді іс-қимылға жете мән бермейді. Біле білсек бұл мәселеге бей-жәй қарауға болмайды. «Бірінші байлық – денсаулық» деген аталы сөздің мағынасы терең, ауқымы кең. Осы философияны өмірдің мағынасы ету үшін адам баласы жастаынан жүйелі түрде бойына сіңіру керек.

Президентіміз бен үкіметіміз дене шынықтырумен спорт саласына жете мән беріп, қамқорлық жасап отыр, ендігі жерде осы бастауыш спорт мектептерін ашуға қалың бұқараның белсенді іс-әрекеті қажет. Дене тәрбиесінің элеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты.

**Бұқаралық спорт** - бұл ұйымдастырылған және (немесе) дербес сабақтар арқылы, сондай-ақ дене шынықтыру іс-шараларына және бұқаралық спорттық іс-шараларға қатысу арқылы азаматтардың дене тәрбиесі мен дене дамуына бағытталған спорттың бір бөлігі.

Бұқаралық спорт («барлығы үшін» спорт) миллиондаған адамдарға физикалық қасиеттері мен моторлық мүмкіндіктерін жақсартуға, денсаулықты нығайтуға және шығармашылық ұзақ өмір сүруге мүмкіндік береді, сондықтан қазіргі заманғы өндіріс ағзасына және күнделікті өмір жағдайына жағымсыз әсерге қарсы тұрады.

**Бұқаралық спорттың мақсаты:** тиісінше, бұқаралық спорттың әр түрімен шұғылданудың мақсаты - дене дамуын жақсарту, денсаулықты нығайту және белсенді демалу. Бәсекелестік пен жоғары спорттық нәтижелер бұқаралық спортта немесе кең спорттық қозғалыста маңызды орын алады, бірақ олар денешынықтырудың құралы ретінде қарастырылады. Бұл бірқатар нақты мәселелерді шешуге байланысты: дене дамуы мен дене бітімін түзету; дененің жеке жүйелерінің функционалдығын арттыру; жалпы және кәсіби көрсеткіштерді жақсарту; өмірлік дағдылар мен дағдыларды игеру; физикалық жетілуге қол жеткізу; бос уақытты өткізу жағымды және пайдалы.

**Бұқаралық спорттың міндеттері:** Бұқаралық спорттың міндеттері көп жағдайда дене шынықтыру міндеттерін қайталайды, бірақ олар жүйелі сабақтар мен жаттығулардың спорттық бағытында жүзеге асырылады. Жастардың едәуір бөлігі бұқаралық спорт элементтерімен мектеп жасында, ал кейбір спорт түрлерінде тіпті мектепке дейінгі жаста танысады. Студенттік топтар арасында кеңінен таралған бұқаралық спорт.

Бүгінде спортты дамытудың ұйымдастырушылық және практикалық тұрғысынан біз Канада, АҚШ, Норвегия, Германия, Финляндия, Швеция және басқалары сияқты елдерден артта қалып келеміз. Бұл тек тартылған адамдар саны, спорттық клубтар мен құрылыстардың саны, жан басына шаққандағы спорттық-сауықтыру қызметіне шығындар туралы мәліметтермен ғана емес, сонымен қатар осы елдердің үкіметтері мен жергілікті билік органдарының мәселеге назар аударуымен де дәлелденеді. Ұлт үшін өте маңызды.

Бүгінгі қазақстандық қоғамда бұқаралық спортты дамыту – төтенше маңызға ие көкейкесті мәселе. Елдегі бала туу көрсеткіштерінің төмендігі, жүрек-қан тамырлары ауруларынан, нашақорлық пен алкогольизмнен зардап шегушілер мен өлім-жітімнің артуы, физикалық һәм ақыл-ой тұрғысынан дамудың тежелуі, айналып келгенде, ұлт қауіпсіздігіне, халықтың санасы мен парасатының өсуіне, рухани дамуына қауіп төндіретін факторлар. Осының бәрі жиналып келіп Қазақ елінің экономикалық өрлеуіне, саяси тұрақтылығына, халықаралық беделінің артуына да залалын тигізбей қоймайды. Сондықтан, саламатты өмір салтын мемлекеттік саясаттың бір бағыты ретінде жаппай насихаттау алға қойған стратегиялық мақсаттарымызға жету жолындағы басым бағыттардың бірі саналуы тиіс.

Қазір халықтың басым бөлігі спортпен шұғылдануға немқұрайды қарайтыны жасырын емес. Денсаулыққа аса зиянды шылым мен ішімдіктен құтыла алмай жүрген, арықтаймын деп неше түрлі дәрісымақты пайдаланатын адамдар бар. Соның бәрінен арылу үшін дене шынықтыру, спорт және туризм арқылы саламатты өмір салтына бет бұру – өмірдің өзі алдымызға көлденең тартып отырған көкейкесті мәселе.

Қазақстандағы бұқаралық спорт – әркімнің жеке басына тәуелді іс. Бүгінгі халық теннис кортына, бассейнге, фитнес залдарына барғысы келеді. Бірақ оны екінің бірінің қалтасы көтермейді. Десек те, аталмыш нысандарда денсаулықтан бұрын жан рахаты көзделетіні жасырын емес. Ал біздің мамандар халықты спорттың мейлінше қолжетімді түрлеріне тартуы тиіс. Мәселен, танертеңгілік жүгіріп немесе ауладағы алаңқайда доп қуса, несі бар?! Бұқаралық футболға ешқандай шығынның да керегі шамалы. Ең бастысы – ниет пен көңіл болса болғаны

Бұқаралық спортты дамытуда әсер ететін негізгі факторлардың спорттық инфоқұрылым. Спорттық инфрақұрылымның өмір салтын активті болуға түрлендіруде игілігі ерекше. Спорттық инфрақұрылымның құрылуы және жасауы тәуелділікті жанарлы атқаруға көмек көрсетеді. Олар жағдайлы кезеңдерде, аймақтарда және қалауларда спорттық қызметтерге, ойын орындарына, спорт мекендеріне, тренажорларға және басқа құрылымдарға қолжетімділік жасайды.

Жетістікті бағдарламалардың мысалдарынан келісімдер жасау қызметтері бар: спорт орындарының және аудандарының жасалуы, және олардың әлеуметтік, экономикалық және саяси қатынасы. Осы бағдарламалардың біреуі - спорт мекендерінің жасалуы. Олар әр түрлі өлшемде жасалады: ауданындағы ауылдық мекендерден бастап, қалалық стадиондарға дейін. Бұл мекендер адамдарды, спортшыларды және ойыншыларды біріктіреді, оларға спорттық және әрекетті әмиянда жаңа мүмкіндіктер береді.

Спорттық инфрақұрылымның кеңейтуі арқылы спортты және физикалық әрекеттілікті популяризациялау мақсатында жаңа жол табу керек. Бұл ішінде, қала және аудан қоныстануларын, ауылдық аймақтарды және тұрғын қоныстануларын арнайы спорттық орындармен жабдықтау, жаңа спорт мекендерін жасау, саяси мәселелерді шешу, өндіру және ұйымдастыру іс-шараларына ұсынады.

Бұл бағдарламалардың арқасындағы қоғамдық деңгейде адамдардың физикалық әрекеттілігі мен денсаулығының кеңейуіне қатысады. Бірақ, сондай-ақ, инфрақұрылымдарды жаңартуға байланысты маңызды мәселе адамдардың қолдануы мен байланысты қызметтердің мүлгілігіне байланысты технологиялардың ақауына себеп болады.

Спортшыларымыздың әлемдік деңгейдегі беделді жарыстарда қол жеткізген жетістіктері спортшыларды даярлаудағы қазіргі жүйеміз ықпалды да тиімді екенін аңғартады. Жоғары жетістіктер спортындағы рекордтар, халықаралық, ұлттық және басқа да ресми спорттық бәсекелердегі жеңістер бұқаралық спорттың дамуына моральдық тұрғыдан игі ықпалын тигізеді.

Спорттың дамуы, оның ішінде маңызды спорттық жетістіктер мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуіне де байланысты. Мемлекет спорт саласына тиісті деңгейде қолдау көрсетсе, спортшылар да тиісті дәрежеде дайындалып, соның арқасында жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізе алады.

Және керісінше, спорттың даму деңгейі мен халықтың дене шынықтыруға деген немқұрайлылығы экономикалық өрлеуге кері ықпалын тигізуі мүмкін. Әрине, мейлінше дені сау, даярлығы жан-жақты халық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға да барынша үлес қосады. Сондықтан, бұқаралық спорт бүгінгі Қазақстан қоғамын алға жетелеу және ұлттық стратегиялық мүдделерге жету үшін ауадай қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оналбеков Ж.К. «Дене тәрбиесі мен спорттың жеке адамдар арасындағы ұлттық қарым-қатынастарды дамытудағы орны» дис...пед.ғыл.канд.-Алматы, 2008.
2. Стамқұлов Марат Темірқалиұлы «Дене тәрбиесі мен спорт мамандарын дайындауда жеке тұлғаны әлеуметтендірудің рөлі» - Алматы, 2010ж
3. Ақпаев Т.А., Адамбеков М.І., Тастанов Ә.Ж., «Оқушылардың дене тәрбиесін қалыптастырудың ілімдік және әдістемелік негіздері» - Алматы 2004
4. Әлімханов Е. «Дене тәрбиесі және спорт этнопедагогикасы» -Алматы, 2010.

## ҚАЗАҚША КҮРЕСТІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ҮЙРЕТУ

**Р.К. Мамыркулов** – Дене шынықтыру және спорт кафедрасының оқытушысы ЕНУ Астана қ.,  
**А.Б. Құдабай** – Дене шынықтыру пәні мұғалімі School №22. Taraz

**Аннотация.** Қазақша күрес адамның денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, төзімділікке, батылдылыққа, ептілікке, керек кезінде тез ойланып, әдіс таба білуге машықтандырады. Қазақша күрес күш жетілдіретін спорт. Сонымен қатар ол қорғанудың ұлттық өнері («Самбо»). Қазақша күресте адам өзін еркін ұстап, өз бойындағы күшін, әдісін түгел пайдалана алады, мұнда шалу, жата тастау, арқалай тастау, қол байлап күресу, салмақпен басу, тіресу, ашадан алу, аяқтың басымен іліп тастау, жамбасқа алып иіре лақтыру, белінен қысып, тірсектен шалу сияқты әдістердің бәрін де қолдануға болады.

**Кілт сөз:** қазақша күрес, әдіс-тәсілдер, қоғам, дене шынықтыру, жетістігер, күрес техникасы, күрес тактикасы.

## TEACHING METHODS AND TECHNIQUES OF KAZAKH WRESTLING

**Mamyrkulov R.K.**- Teacher of the Department of Physical Culture and sports. L. N. Gumilev Eurasian National University. Astana, **Kudabay A.B.** - Physical education teacher

**Annotation.** Kazakh wrestling strengthens the body, tightens muscles, trains endurance, courage, dexterity, the ability to think quickly and find a method when necessary. Kazakh wrestling is a sport that improves strength. He is also the National Art of Defense ("Sambo"). In Kazakh wrestling, a person can freely hold himself, use all his strength and methods, where you can use all methods such as jumping, lying down, jumping on the back, wrestling with hands tied, pressing with weight, supporting, removing from the plug, hanging with the head of the foot, throwing a giant spin on the hip, squeezing from the waist and jumping from the support.

**Keywords.** Kazakh wrestling, methods, society, Physical Culture, achievements, wrestling techniques, wrestling tactics

Қазақша күрес – қазақ халқының ерте кезден қалыптасқан спорт ойындарының бірі. Басқа халықтардың ұлттық күрес түрлерімен салыстырғанда қазақша күрестің өзіндік ерекшеліктері көп. Кеңес дәуіріне дейін қазақша күрес негізінен әдет-ғұрыпқа байланысты және еңбек процестерінде жеткен жетістіктерін дәріптейтін жиын-тойларда өткізілді. Бұрын қазақша күрес «Күш атасын танымайды» деген түсінікпен салмағына, дәрежесіне, жасына қарамай өткізіле берген. Тіпті, ағасы мен інісі күресіп қалатын кезі де болған. Сондай-ақ, күрестің белгілі бір жүйеге түскен белдесу ережесі де болмаған. Күреске түскендер үлкен-кішілігіне қарамай, қайсысы күшті болса, сол жеңіске жеткен. Жиын-тойларда ғана күш сынасып қоймай, кім жеңеді деп егеске түскен екі балуан кездескен жерде ат үстінен түсе қалып, белдесе кететін болған. Күрестің ұлттық түрі «қазақ күресінің» даму тарихы қазақ халқының тамыры тереңнен тартылатын тарихымен тұтасып жатыр. Түрлі бас қосулар мен мереке тойлар спорттың осы түрінің сайысынсыз өткен емес. Күші басым түсіп, жеңіске жеткен балуандар халықтың төбесіне тұтар құрметті адамына айналған. Қазақтың ұлы батыры Қажымұқан есімі қазақ халқының тарихына ғана еніп қойған жоқ, сонымен бірге спортшылардың әлемдік элитасының қатарына кірді. Ел ішінде атақтары жайылған Қажымұқан, Балуан Шолақ, Битабар т.б. осындай алып балуандар болды. Төреші күресуге шыққан балуандарды қолдарын айқастыра ұстап белдестіреді. Бұл белдесуді қазақтар «қоян-қолтық ұстасу» деп атайды. Белдесу барысында, ереже бойынша, қолды белбеуден босатуға болмайды. «Қазақша күрес» бойынша бірінші ірі жарыс 1938 жылы ауыл шаруашылығы аймақтары арасындағы спартакиада аясында өткен. Сол сәттен бастап жарыс дәстүрлі түрде республика қалаларында тұрақты өткізіліп келеді. Ірі Халықаралық турнирлер 1952 және 1975 жылдары Азия аймағы спортшыларының қатысуымен өткізілді. Ұлттық күрестің дамуы Қазақстан егемендік алғаннан кейін жаңа серпін алды. 1991 жылдан бастап республикалық чемпионаттар мен біріншіліктер жыл сайын өткізілетін болды.

2004 жылы Қазақтардың Берлиндегі Бүкіләлемдік Құрылтайында конференция болып, сонда «Қазақша күрес» күресі бойынша халықаралық федерация ұйымдастырылды. Федерацияның президенті — Түкиев Серік Адамұлы. 2005 жылы Ресейде (Алтай өлкесі) «Қазақша күрес» күресі бойынша I Азия Чемпионаты өтті. 2005 жылы қарашада Астанада ҚР Президентінің жүлдесіне «Қазақша күрес» күресі бойынша ірі халықаралық турнир болды. Оған әлемнің 25 елінен 100-ден аса спортшы қатысты. Олардың қатарында Германия, Түркия, Голландия, Франция және басқалары бар. Биылғы жылдың шілдесінде Монғолияда «Қазақша күрес» күресі бойынша II Азия Чемпионаты өтті. 2011 жылы тамызда қазақша күрестен Қазақстан біріншілігі болып өтті.

Қазақша күресте қолданылатын әдіс-тәсілдердің негізгі түрлері мыналар:

- Иықтан асыра лақтыру әдісі (лақтырылған балуан құламай орнында тұрып қалуы керек);
- Әдіс қолданған балуан өзі құлай беріп, қарсыласын астына түсіру;
- Қарсыласын жамбасқа салып жығу;
- Іштен шалып жығу;
- Сырттан шалып жығу;
- Қарсыласын қырқа шалып жығу (артқа құлату).

Күрескен кезде, қолдануға рұқсат берілмейтін әдіс-тәсілдер:

- Белдесе күресу барысында қолды белбеуден босатуға болмайды (тек әдіс қолданғанда ғана бір қолды босатуға рұқсат етіледі);
- Қарсыласын ұруға, итеруге болмайды;
- Тамақтан, саусақтан, құлақтан ұстауға болмайды;
- Лақтырған кезде қарсыласын жерге басымен түсіруге рұқсат етілмейді;
- Құлап түскен қарсыласының аяғын, қолын, т.б. мүшелерін бұрауға болмайды;
- Белбеуден басқа киімнен ұстауға рұқсат етілмейді;
- Астында жатқан қарсыласын тіземен, шынтақпен нығарлап басуға болмайды;
- Қарсыласына белбеуден ұстамай қолданған әдіс-тәсілді орынды деп есептемейді.

Белдесу барысында жеңіске жеткен балуан орнында қалады. Егер ол өзімен белдесуге шыққан жаңа балуанмен күресуден бас тартып, басқамен күресемін десе, онда оған рұқсат етіледі. Бірақ соңында жеңімпаз аталатын балуан біреу ғана. Оның барлық кездесуде де жауырыны жерге тимеуі керек.

Жалпы белдесу барысында қарсыластардың біреуі жығылып, жауырыны жерге тисе және қарсыласы оның басынан аттап кетсе, ол жеңілген болып есептеледі. Егер де, қарсыластың біреуі әдіс қолданғанда, екіншісі оған қарсы әрекет жасап, екеуі бірдей құлап түссе, онда бұл белдесу «итжығыс» (ешқайсысы жықпаған) деп аталады. Мұндайда, төреші оларды қайта күрестіреді.

Бұрын белдесу барысында тең түсу немесе ұпай санымен ұту деген болмаған. Белдесудің уақыты шектелмегендіктен, міндетті түрде қарсыластың біреуі жеңіске жеткен. Жоғарыда баяндалғанның бәрі сонау ықылым заманнан бері келе жатқан дәстүрлі спорт ойындарының ерекшеліктері саналады. Қазақша күрестің дәстүрлі белдесуі 1950 жылдардан бері қарай мүлде өзгеріп кетті десе де болады. Қазір бұл ойын «қазақша күрес» деп аталғанымен, күрес түрі айла-тәсілдері жапонның «дзю-до» деп аталатын күресіне ұқсап шықты. Оны мынадай белгілер арқылы байқауға болады:

Біріншіден, балуандар кілем үстіне шыққанда «қоян-қолтық ұстасып» белдеспейді, жапон күресіндегі сияқты кілем үстінде еркін жүріп күреседі. Олар бір-бірінің қай жерінен ұстаса да, өз еркілерінде.

Екіншіден, бұрынғы қазақша күрестің ережесінде ұпай санымен жеңісті анықтау ережесі енгізілді.

Үшіншіден, тең аяқталған белдесу түрі де пайда болды. Кейде төрешілер жеңісті айырықша қайсарлық көрсеткен балуанға береді. 1971 жылдан бері қазақша күрестен үлкен нәтижелерге жеткендерге берілетін «Қазақстан спорт шебері» деген атақ белгіленді. Жарысқа қатысатын балуандар міндетті түрде дәрігерлік комиссиядан өтеді және жарыс барысында дәрігерлік бақылауда болады. Қазақша күресте балуандар 11 салмақ дәрежесі бойынша күреседі. Қазан төңкерісіне дейін ас беру, қыз ұзату, күзем алу, наурыз сияқты жиын-тойларда белдесу күресі өтетін жерге арнаулы текемет төселіп, балуандар күресуге шыққанда, аяқтарына мәсі киіп немесе жалаң аяқ шыққан. Үстеріне тізеден төмен түсетін шапан киіп, беліне екі-үш қабат белбеу байлаған. Әдістемелік оқулықтың негізгі мақсаты ұстаздар жаттығуларды жасатқанда жұмыстарын ғылыми негізге сүйене отырып жаттығу сатыларын дұрыс ұйымдастырып, уақытылы палуанға қажетті әдіс-тәсілін, күшін шыдамдылығын, ептілігін, иілгіштігін бойына сіңіріп санасына жеткізе және жетілдіре білгенде ғана келешекте дүние жүзіне танымал қазақ елінің абыройын көтеретін балуандарды дайындайды.

Қазақша күрестің техникасы дегеніміз жеңіске жетуге бағытталған белгілі бір әрекеттер жүйесі. Күрес тактикасында аса тиімді әр түрлі әрекеттер сараланып шықты. Оларды шабуылдау, қорғану, қарсы шабуылдау әрекеттері деп бөлуге болады. Осылардың ішінде палуанның техникалық шеберлігін арттыруға ең пайдалысы шабуылдау әрекеттері болып табылады. Күрес техникасына нашар палуандар әдетте, өзіне қолайсыз әрі тиімсіз амалдарды пайдаланады. Сөйтіп, көбінесе қарсыластарының бетін қайтаруға ғана күш салады. Ал мұндай амалдар шабуылдаушы жақтың күші басым болса ғана нәтиже береді. Техникасы жақсы палуандар көбінесе күші басым қарсыласын да жеңіп кетеді. Бұл үшін олар түрліше қимылдар жасап, қорғанып, қарсы шабуылға шығып, не күш жағынан, не уақыт жағынан ұтады. Күрес техникасын анықтау үшін күресушілердің барлық негізгі қимылдарын талдаудан өткізу

кажет. Мұндай талдауды ең алдымен ол қимылдарды орындауға жұмсалатын механикалық күш тұрғысынан қарау керек. Қазақша күрестегі техникалық тәсілдері. Күрес жеке-жеке қарапайым қозғалыстан (ол қозғалыс кеңістік және уақыт арқылы бір-бірімен байланысты) тұратын тұтас әрекет болып табылады. Яғни әрбір әдіс, қол, аяқ, дене арқылы жасалатын қарапайым қозғалыстан тұрады, ол қарапайым қозғалыс деп аталады. Күресте шартты түрде қозғалыстар былайша бөлінеді: Қолдардың қозғалысы – ұстау, орап ұстау, қиысу, итеру, жұлқу, тұю, тарту, тіреу, басу, т.с.с. Аяқтардың қозғалысы – қою, аттау, кейін қою, адымдап кету, бүгу, жазу, іліп шалу, қағу, үстіне салу, итеру, т.с.с. Дененің қозғалысы – еңкейу, тік көтеру, бұрылу, қысу, итеру, құлату, т.с.с.

Палуанның қимылдарының біразы бір мезгілде, біразы бірінен соң бірі орындалады. Барлық әдістерді шартты түрде қарапайым қозғалыс және қозғалу деп бөлуге болады. Күресушінің негізгі жағдайы және қозғалыстары, олардың биомеханикалық талдауы (тіреу алаңы, жалпы ауырлық центрі) Қазақша күрес те айқасудан басталады. Сондықтан күресушілер қозғалған кезде тепе - теңдікті сақтау заңдылықтарын ескерулері қажет. Күрес үстінде шабуылдағанда күресушінің бірі екіншісін тепе – теңдіктен шығаруға, екіншісі жығылып қалмау үшін тепе – теңдігін сақтап, сондай жағдайда қарсыласын түсіруге тырысады. Бірақ қарсыласын тепе – теңдіктен шығарғанда палуанның өзі де тепе – теңдікті сақтай алмайды. Өйткені осындай қимылдарды бір орында тұрып орындау мүмкін емес. Сөйтіп, күрес кезінде екі жақ та ұдайы тепе – теңдігінен айырылып және оны сақтап тұрады. Күрескен кезде кезде палуандар көбінесе тіреу алаңының көзбен бақылайды. Мұндай жағдайда тіреу алаңы екі табаны мен табандарының арасы мен табандарының арасындағы кеңістік болып табылады. Палуанның жағдайына қарай оның аяқтарын тірейтін алаңы неғұрлым үлкен болса, палуанның берік тұратындығы да табиғи нәрсе. Жалпы ауырлық центріне түсетін түзу сызық тіреу алаңының шетіне келсе немесе одан шығып кетсе, тепе – теңдік бұзылады. Сондықтан палуан қимылдаған кезде ауырлық центрінің түзу сызығы тіреу алаңының ортасына жақын болуының маңызы зор. Тепе – теңдікті сақтау өнері мынаған саяды: Тіреу алаңы тез өзгертіп, қауіпті бағытта орнықтылық бұрышын арттыратын қимылдар жасау; қарсыластың жұмсаған күшін бейтараптау немесе кері серпу үшін тиісті бұлшық қатайту немесе босату. Осындай қимыл жасау үшін ең қолайлы жағдайды күресті палуанның тұрысы деп атайды. Бұл мынадай жағдай: аяқтары иығынан сәл алшақтау, бір аяғы бір табан алға қойылған; тізелері аздап бүгілген, бұлшық еттері бос, кез – келген бағытта тез қимылдауға дайын, денесі сәл ғана еңкейген, ал алға қойған аяғы жағындағы иығы да солай қарай бұрылған. Әсіресе, жалпы ауырлық центріне ерекше көңіл аудару қажет. Ол шабуылдау кезінен басқа уақытта тіреу алаңының ортасында болуы тиіс. Тәсіл түрлерінің құрылымы. Бір әдістің өзі қозғалыс формасы, қарапайым қозғалыстар саны бойынша, яғни құрылымы жағынан әр түрлі болып орындалуы мүмкін. Ол әдіске жана қосымша элемент қосылғандықтан да, сондай ақ элементтердің орындалу әдісі бойынша да өзгеше болады, сонымен қатар бір әдістің өз уақыты, бағыты, жылдамдығы және жұмсалатын күші жағынан да әр түрлі орындалады; бір элементтер бір мезгілде, басқалары бірінен соң бірі және бұлшық ет күші түрліше дәрежеде жұмсалып орындалуы мүмкін. Осылайша негізгі тәсілдердің түрлері шығады. Бірақ тәсіл түрлерінің осылайша көп болу мүмкіндігі не қарамастан жеке – жеке әдістердің құрылымын қажеттілігіне орындалу формасында ортақ жалпы заңдылықтар болады. Әдіс жасағанда алуан оның қозғалыстары жиынтығының көп күш кетпейтіндей болып әрі оңай орындалып, жеңіске жетуге мүмкіндік беруіне көңіл аударуы тиіс. Ол қимылдар жиынтығын орындағанда айналу оңай бола ма, бұлшық еттерге күш қалай түседі, өзінің салмағын палуан тиімді пайдалана ала ма, қарсыласты ауырлық центрінен оңай тайдыруға бола ма, сөйтіп аз уақыт жұмсап жеңіске жетуге мүмкін бе? Міне, осының бәрі палуанның назарында болуы керек. Сонымен, күрес малдарының құрылымы қарапайым құрылымы дегеніміз қарапайым құрылымдардан формасы бойынша құрылған қозғалыс қана емес. Сондай-ақ ол қимылдардың биологиялық қимылдардың биологиялық байланыстар бойынша да ұштасуы. Амалдарды орындаған кезде бұлшық еттердің қатты қимылдайтыны және қимылға онша қосылмайтыны да болады. Тіпті бір амалды әр палуан орындағанда да олардың бұлшық еттері әр түрлі қозғалады.

Жоғарыда біз тәсілдер құрылымын қарағанда қарсыласты шартты түрде қимыл көрсетпейді деп алған болатынбыз. Алайда күрескен кезде қарсылас әр уақытта дерлік қозғалыста болады. Ол әр уақытта тепе – теңдіктен ауытқып, қайтадан қалпына келіп, өз тарапынан шабуылдаушы палуанды тепе – теңдіктен тайдырып, оның әрекетін бейтараптауға тырысады. Қандай амал қолданса да шабуылдаушы палуан қарсыласының тойтарысына ұшырайды. Палуанның қарсыласы бұлшық еттеріне күш салып, денесін әр түрлі күйге келтіріп шабуыл бағытында палуан ала алмайтындай орнықтылық бұрышын жасайды. Міне, осындай жағдайда шабуылдаушы палуан екі дене қозғалысының өзінің ойға алған белгілі бір амал құрылымын орындауға мүмкіндік беретін қолайлы сәтін тандап алуы тиіс. Сөйтіп, амал құрылымының негізін қолдану уақытқа тығыз байланысты болып шығады. Амал екі палуан денесінің

де орнықтылық бұрышы жығылатындай дәрежеге жеткен сәтте және жығылатын бағытта орындалуы тиіс. Күрестегі мұндай жағдай динамикалық қолайлы сәт деп аталады.

Күрес кезінде мынадай бес қолайлы динамикалық сәт кездеседі:

1. Жығатын бағытта қарсыласты орнықтылық бұрышын жеңуге болатын сәт

2. Жығатын бағыттағы қарсыластың орнықтылық бұрышы оның жалпы ауырлық центрінің тіреу алаңының шетіне жақындау есебіне азайту сәт;

3. Қарсылыстың жалпы ауырлық центрі шапшаң жоғары жылжитын сәт.

4. Жалпы ауырлық центрінің тіреуін оңай қағып жіберуге болатын сәт

5. Қарсылас өлі нүктеде болатын сәт

Әдетте, әдісті қолдануға дайындық пен әдісті орындау тұтаса келетін шабуыл палуанды жеңіске жеткізеді.

Тәсілдерді қорғану амалдары мен қарсы әдістерді қолданғанда қарсыластың ауырлық күшін тіреу реакциясын, инерция және қарсыласу күшін пайдалану – күрес техникасындағы палуанның шеберлігін жетілдіру жолындағы елеулі факторлардың бірі. Мұның барлығы қозғалыс механизміне тәсілді орындау кезіндегі биомеханикалық заңдылықтарға тікелей байланысты.

Қазақша күрес техникасында қозғалыс механизмін негізінде қарсыласының денесін белгілі бір бағытта айналдыратын қозғалыс жатыр. Өйткені шабуылдаушы палуанның қимыл формасымен қозғалыс механизмі қарсы палуанның денесінің айналу бағытына байланысты. Егер түрегеліп тұрған палуанды арқасымен немесе кеудесімен кілемге қарай бұру қажет болса онда ол көлденен осы бойынша айналады. Сөйтіп, кілемге кеудесі немесе арқасы тиген кезде денесі шамамен 90 градусқа бұрылады. Бұл оның кілемге құлайтын ең қысқа жолы. Қарсыласты көбінесе кілемге жауырынымен түсірген дұрыс. Мұндай жағдайда таза жеңіске жету мүмкіндігі молырақ. Сондықтан қарсыласты арқасына қаратып айналдыру шабуылдаушыға тиімді. Ал оған қауіпті. Алайда қарсылас мұндай әрекетке қарсы тұрады. Ол еңкейеді, бір аяғын артқа қойып палуан ала алмайтын орнықтылық бұрышын жасайды. Мұндай жағдайда палуан қарсыласын бір қырына немесе алға құлату арқасына аудара алады.

Техникалық шеберлікті шыңдау жаңа әдістер ойлап табуға ретсіз, бет бұрушылық емес, керісінше бұрын жақсы, нәтижелі меңгерілген әдіс-айлаларды қайтадан жаңғыртып оны әрбір күрес сәтінде пайдаланылып қалуды үнемі ескерту – бапкерлер әдістемесіндегі ұтымды кезең. Техникалық шеберлікті үрделендіру үшін әрбір бапкер ұстаз жарысқа баптап жүрген шәкірттеріне тегеурінді қарсылық жасай білетін бәсекелес тыңдай білуі орнады. Себебі, жарысқа дейін өзіне төтеп бере алатын күш иесімен бетпе-бет келіптер төкпеген балуан, жарыс барысындағы өз қарсыласына жұмсайтын күш-қуатының мөлшерін дұрыс бақылай алмайды да, жекпе-жекте болашақ бәсекелесіне алдын ала даярлаған әдіс-айласын сынап көру т.б. сияқты. Жаттығу кезеңіндегі қарсыласын таңдау-алдағы өткізілетін жарысмерзіміне байланысты болып жоспарлануы керек, себебі, ойға алған техникалық тәсілін бұларға пайдалану онша күшті қажет етпейді, ал жарыс жақындаған сайын өз салмағындағы уақытты қарсыласы мен белдескені тиімді болмақ.

Жаттығу барысында кейбір техникалық әдістерді, орындауда шәкірттер қателіктер жіберері хақ. Сондықтан да, жаттығу шеберлікті шыңдау кезеңі тек жаңа әдістерді ғана үйренуімен шектелмей, өткен жаттығуларда меңгерілген әдіс-айлалардағы сәтсіздікке алып келетін қателіктерді түзетуге арнауы өмір талабы, жаттығу мазмұны болуы міндетті. Тәжірибелі жаттықтырушыға тән педагогикалық шеберлік үнемі өткен жаттығуларға талдау жасай отырып қателіктерге жол бермеу әдістемесінің жаңа көздерін қарастыруға арналады. Белдесуге деген күштарлық жақсы меңгерілген әдіс-айладан ғана туындап отыратын құбылыс. Сондықтан да әдіс-айланы толық меңгертпей тұрып жарыс жолына шығуға шәкірттерді асықтырмау бапкер әдептілігі болып саналады.

Халқымызда – «Буынсыз жерге пышақсалма-жүзін қайтарасын» деген нұсқа бар. Егер сіз бабына келмеген, белдесу шеберлігі әлі де піспеген жасты додаға салып алғашқы сәтсіздігі мен бетін қайтарсаңыз, оның жанын жаралағаныңыз болып саналады. Мұндай психологиялық күйзеліс, шәкірттің жігерін қайтарып, оның бойына біткен қабілетіне нұқсан келтіреді. «Аттың-шабысы бабында» деген емес пе? Сол сияқты - әрбір жаңа бастаған балуанға – демей-ақ чемпиондық тәжді киесің деп жеңіл олжаға ойын үйрету үлкен қателік. Үлкен спортшы болу үшін талай тер төгіліп, талай шапан жыртыларын дәйім ескерту қажет.

Күрестің биомеханика зерттеу жұмыстарының дайындығы педагогикалық практика және әдебиет деректеріне сүйене отырып талдау негізінде тақырыпты тандап алудан, болжам жасаудан, ізденістер жоспарын жасаудан, зерттелетін нәрсені іріктеуден, ізденіс әдісін таңдаудан, қажетті материалдық жағдайларды және нәтижені есепке алатын құжаттарды жасай білетіндігінен құралады. Зерттеуді жүргізу алға қойылған міндеттерді шешетін әдіс есебінде тандап алынған әдістерді тиімді түрде қолданудан тұрады. Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың эксперименттік әдісі педагогикалық

процессе әсерінің тиімділігін зерттеу үшін жана педагогикалық факторды (құрал, оқыту әдісі т.б.) енгізуді қарастырады. Бақылау әдісі, онда эксперименттік әдіспен алынған нәтижелерді салыстыру үшін бұрыннан қалыптасқан оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен формасының критерий ретінде сақталуға тиісті.

Қазақша күрес тактикасы мен техникасы. Егер бұл жоғарыдағы күрес өнеріне тән ерекшеліктерді балуандар арнайы жаттығу барысында дұрыс меңгерген болса, кілем үстінде өткізілетін жекпе-жек бәсекелерде балуанның мерейінің үстем боларына күмән жоқ. Мысалы, қарсыласының қазақша қимыл жасауына кедергі келтіру үшін, оған әлденеше рет тәсіл қолдануды ниет еткен болып, қарсыласын ретсіз алаңдатып өзі ойлаған нағыз күрес тәсілін пайдаланып жеңіске жетеді. Қазақша күрес ережесіне сәйкес жалған тәсіл жасайтындай бола тұрып, оған қарама-қарсы бағыттағы қимыл арқылы қарсыласын аса қауіпті жағдайға немесе қарсыласының өзі жақсы меңгерген әдіс айласына қарама-қарсы тәсілді кедергі етіп пайдалану тактикасы т.б. сияқты. Ал жұлқылап-сілкілеу арқылы кілем үстінде тең басып тұрып қалпынан тайдыру үшін шалт қимыл мен аяғына өту, иығынан итеріп қалу немесе қолтықтасу кезеңінде ту сыртынан өтіп қос аяқтай шалу арқылы қарсыласын етпетінен түсіру амалдарын пайдаланады. Бұл әдіс айдаларды жаттығу барысында толық меңгерген балуан аз ғана күш жұмсай жеңіске оңай жетіп отырады. Кілем үстіне шығу мен белсенді күрес қимылына өту арқылы қарсыласына да белсенділік көрсетуге жағдай жасау нағыз күрес өнерін меңгерген балуанға тән қасиеттердің бірі. Мұндай балуандар тарапынан байқалатын жақсы бастаманы төрешілер алқасы бағалап, олардың белдесулерін барлық жағдай туғызады және мұндай жекпе-жек уақыт мөлшерінен ерте аяқталып нәтиже беруінің таза жеңісі арқылы қорытындыланады. Қарсыласын жекпе-жек күш сынасуға шақыру кезінде әрбір балуан өз қимылын қарсыласынан ерте бастауға ұмтылуы міндетті. Жаттығу барысында күрес тактикасына бағышталған арнайы сабақтарды бапкерлер тарапынан жүйелілікпен алдын-ала жоспарлануының ерекше педагогикалық мәні бар. Себебі, қазіргі күрес өнері тек қана қара күштің нәтижесі ғана емес: Бұл арнайы бағдарлама арқылы ұзақ мерзімге жалғасатын жаттығу процесінің нәтижесі болып табылады. Яғни, түлкідей айлакер, арыстандай айбатты, пілдей шыдамдылықты көріпкел сәуегейлікті талап ететін күрделі өнер жиынтығы сондықтан да кілем үстіне шығып өнер көрсету мен қарапайым жаттығу арасындағы үйлесімділікті жатығушыларға дер кезінде ескертіп отыру күрес барысын балуандардың өз іс-әрекетін басқара алуға жағдай жасайды.

#### Әдебиеттер

1. М.Болғанбаев. Қазақтың ұлттық СПОРТ түрлері. – Алматы 1985ж.
2. Қазақша күрес (Ұжымдық жинақ) Алматы: Қ.А.Зақпарат 2002.
3. Ә.К.Әбділлаев. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. Кентау 2007ж.
4. В.К. Бальсевич. Физическая культура для всех и для каждого. М., 2004.
5. Н.Спорттық күрес бағдарламасы. Алматы, 2001.
6. Ж.Н. Қобланов, Ж.Ж. Ысқақов. Спорт терминдерінің сөздігі мен тарихы. Шымкент, 2002.
7. Г. Ильясова Спорт түрлерінің физиологиясы (оқу құралы) - Түркістан 2004ж.

ӘӨЖ 796.859

### АУДАРЫСПАҚ СПОРТШЫСЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Уанбаев Е.К.** ҚазСТА профессоры, **Белегова А.А.** қауымдастырылған профессор,  
**Қожаканов Ж.** магистр, Алматы қ.

**Аңдатпа.** Мақалада қазақтың ұлттық спорт түрі аударыспақ спортшысын даярлаудың техникалық ерекшеліктері туралы жазылған. Авторлар жалпы техникалық даярлықтың негізгі мәселелеріне, оның кезеңдері мен сипаттамаларына тоқталған. Техникалық даярлықтың деңгейін анықтайтын бес түрлі жағдайларды анықтап, негіздеген. Аударыспақ спортшысы техникасының төрт жақтарын зерттеп, анықтаған. Оны кесте түрінде көрсеткен. Аттың үстінде ертоқыммен және ертоқымсыз, жайдақ отыру техникасы анықталған. Оң жақтан, сол жақтан шабуылдау және қорғану техникасы зерттелген, ол техникаларды қолдану әдістемесі ұсынылған.

**Кілт сөздер:** техника, аударыспақ, қорғану, шабуылдау, ертоқым, жайдақ.

**Annotation.** The article describes the technical features of the training of the Kazakh national sport athlete. The authors focused on the main issues of general technical training, its stages and characteristics. Five different situations that determine the level of technical training are defined and based on. Uudarispaq studied and identified four aspects of the athlete's technique. It is presented in the form of a table. The technique of sitting on a horse with and without a saddle



is defined. Techniques of attack and defense from the right and left sides are studied, the methodology of using these techniques is presented.

**Keywords:** technique, translation, defense, attack, ertokym, field.

**Кіріспе (өзектілігі).** Ұлттық спорт түрі аударыспақ Қазақстан егемендігі алған кезеннен өте қарқынды дамып келеді. Ол спорт түрі ретінде танылып, Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі спорт мектептерінде жүздеген аударыспақ бапкерлері жұмыс істеп жатыр. Аударыспақ спорт түрі спорттық классификацияға енгізіліп, көптеген спорт дәрежесін, спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері атактарын орындаған спортшылар пайда болды. Аударыспақтан жыл сайын Қазақстан біріншілігі, әртүрлі Облыстық, Республикалық, Халықаралық турнирлер, екі рет Азия біріншілігі өткізілді. Бірақ, ұлттық спорт түрі аударыспақ спортшысын даярлау техникасы туралы оқу, оқу-әдістемелік, әдістемелік құралдар, ғылыми мақалалар жазылмаған, аударыспақ спортшысының техникасы ғылыми түрде зерттелмеген, бұл мақала осы ұлттық спорт түрі аударыспақтың техникалық дайындығына арнап жазылған еңбек. Кез келген жаттығуды екі түрлі техникасын, тәсілін дұрыс немесе тәсілсіз, техникасын қате орындауға болады. Жаттығудың тәсілі, техникасы дегеніміз не? Қимыл-әрекетті тиімді жолмен орындау жаттығудың тәсілі, техникасы деп аталады. Тиімділік дегеніміз жаттығудың ағзаға ұтымды әсер етуі және әрекеттің нәтижелілігі (мысалы, аударыспақ спортшысының ердің үстінде отыру қалыптары, қолмен, аяқпен тиімді, нақты, дұрыс қозғалулары нәтижесінде қарсыласын ер үстінен аударуы).

**Мақаланың мақсаты:** қазақтың ұлттық спорт түрі аударыспақ спортшысының негізгі техникалық даярлығын, оның түрлерін ғылыми зерттеп, анықтау.

**Міндеттері:** аударыспақ спортшысының техникалық даярлықтары жағдайын анықтау, техника туралы жазылған әдебиеттерді оқу талдау, ғылыми зерттеу әдістері қолдану арқылы техникалық даярлық түрлерін нақтылап, оны жетілдіру әдістемесін ұсыну.

**Ғылыми зерттеу әдістері:** ретиспективті зерттеу әдістері, әдебиеттерді оқу, талдау, кәсіби мамандармен әңгіме, сұхбат, сауалнама, техниканы жазу, көзбен көру, салыстыру, бағалау, хронометраж жасау және т.б.

Жаттығуды орындау техникасы әрқашанда дамып отырады. Ескі тәсілдер орнына жаңа, тиімді тәсіл, жаттығуды орындау техникасы келеді. Бұл құбылыс жаттығуды орындаудың жетілген жолын үздіксіз ізденуге, үйрену әдістемесінің кемеліне келуіне, осы арқылы күрделі, тиімді жаттығуларды орындауға қол жеткізеді. Спорт дайындығының деңгейіне қойылатын өскелең талап, жаңа жетілдірілген спорт құрал-жабдықтардың пайда болуы, ескі тәсілдің орындалуының өзгеруі, жаңа жетілген жаттығу техникаларының пайда болуы. Мысалы, жүгіріп келіп биіктікке секіру техникасын алсақ, ерте кезде аяқты кезекпен қайшылап секірсе, келе-келе қырымен келіп аунап секіру, ал қазіргі кезде арқаны бере аунап секіру техникалары өмірге келді. Әрбір техника түрі ауысқан сайын биіктік планкасы да, әлемдік рекордтар да жоғарылай берді [1].

Дене тәрбиесі жаттығуларының эталондық орындау тәртіптері бар. Бірақ әрбір спортшы, өзінің дене күшінің мүмкіндігін, психоқимылдық қабілетін ескере отырып, өзіне ғана тән техника қолданады. Жаттығулардың техникасының өзіне тән бөлімі, бөлшегі болады. Жаттығу техникасының негізі – спортшының толық жаттығу орындаған қозғалыс суретінен тұрады. Мысалы, аударыспақ спортында аттың үстінде отырып оң жақтан келген атты балуанға шабуыл жасау техникасын алсақ ол атты жақындатып, белбеуден ұстау, қарсыласты жұлқа тартып, ердің үстінен жұлып алу, оны қозғалысты тоқтатпаған қалыпта ат үстінен жерге түсіру секілді техника бөлшектеріне бөлінеді. Қозғалысты орындау кезінде ең керекті шешуші техника бөлшегі болады. Мысалы, аттың үстінде отырып оң жақтан келген атты балуанға шабуыл жасау техникасы кезінде шешуші техника бөлшегі – екі қолдың күшімен жұлқа тарту, атты тебіну. Басқа техника бөлшектері атты жақындатып, белбеуден ұстау, қозғалысты тоқтатпаған қалыпта ат үстінен жерге түсіру – ол негізгі дене қозғалысына көмектесетін қосалқы қимылдар. Жаттығуды орындау техникасы үш кезеңге бөлінеді:

Дайындық кезеңі – негізгі қозғалыс әрекетіне жақсы жағдай тудыруға арналған қимыл қозғалыс. Мысалы, аттың үстінде отырып оң жақтан келген атты балуанға шабуыл жасау техникасы кезіндегі атты жақындатып, белбеуден ұстау.

Негізгі кезең – негізгі мақсатты орындауды шешетін қимыл қозғалыс. Мысалы, қарсыласты жұлқа тартып, ердің үстінен жұлып алу.

Қорытынды кезеңі – қозғалыстың аяқталу кезі. Мысалы, қозғалысты тоқтатпаған қалыпта қарсыласты ат үстінен жерге түсіру [2,36-37].

Қозғалыс техникасының сипаттамалары. Қай жаттығудың орындалу техникасын алсақ та олар бір-біріне кеңістік, уақыт, кеңістікті-уақыт және қозғалыс тәрізді сипаттамаларда болады. Кеңістік сипаттамасына жататындар: дене мен дене мүшелерінің тұрысы, қалпы, қозғалыс траекториясы.

Кеңістіктегі дене тұрысын біз иық және аяқ-жамбас буындарының орналасу тәртібіне қарай білеміз. Ол тік болуы мүмкін – тік тұру, ілініп тұру тіреліп тұру немесе көлденең және сүйену түрінде де кездеседі. Мысалы, аударыспақ спортында ер-тоқымның үстінде аударыспақ балуанының тік отырып, иық және аяқ-жамбас буындарының орналасу дұрыстығы.

Дене мүшелерінің бір-біріне үйлесімді орналасуы, дененің қалпы жаттығуларды орындау техникасында үлкен рөл атқарады. Тәжірибеде ол үш түрлі жағдайларда кездеседі:

– жаттығудың басында. Жаттығудың басында дұрыс алынған негізгі дене қалпы жаттығуларды орындауда ең тиімді жағдай жасауға және белгілі бір анатомиялық, физиологиялық тиімді әсерге жетуге көмектеседі. Мысалы, аударыспақ балуанның аттың үстінде өз әдісіне керек қалыпты ұстауы т.б.;

– қозғалыс кезінде. Қозғалыс барысы кезінде керек дене қалпын сақтау спортта көп кездеседі. Мысалы, конькимен сырғанаушының жартылай отыру қалпы, шаңғышының секіру кезіндегі ұшып келе жату қалпы т.б.;

– жаттығуды аяқтағандағы керек дене қалпын сақтау. Мысалы, гимнастикадағы спортшының снарядтағы жаттығуды орындап болғаннан кейінгі секіріп түсіп, дұрыс дене қалпын сақтауы. Аударыспақ балуанының қарсыласын ат үстінен аударғаннан кейін өз атының үстінде отырған күйін сақтауы. Аударыспақ балуаны қарсыласын аттың үстінен итеріп, аттың арғы жағына аудару шабуылын орындаса ол аттың үстінде қалуға, немесе қарсыласын аударғаннан кейін өзі де ат үстінен ауып бара жатса қарсыласынан кейін жерге түуге тырысуы керек болады [2,37-39].

Әрбір қозғалыста ең алдымен қозғалып келе жатқан дененің, дене мүшелерінің траекториясын айыра білу қажет. Траектория дегеніміз – кеңістіктегі қозғалыс шамасы және елестеткендегі қозғалған дене ізі. Траекторияға қарап дене мүшелері қозғалысының бағытын, түрін, амплитудасын анықтайды. Қозғалыс траекториясы түзу сызықты және қисық сызықты болады. 100 метрге жүгіруді – түзу сызықты, ядро итеруді – қисық сызықты деп шартты түрде айтамыз. Өйткені тәжірибе бойынша таза түзу сызықты қозғалыс жоқ. Олардың ішінде әрқашанда қисық сызықты қозғалыс жүреді. Жаттығушылардың ағзасына дене тәрбиесі жаттығуларымен тиімді әсер ету және қозғалыс техникасын жақсы орындау, қозғалып келе жатқан дене немесе оның мүшелерінің траекториялық бағытына байланысты (мысалы, аударыспақ спортында қарсыласын ат үстінен итеріп аудару үшін спортшылар ер үстінен екі аяқпен үзенгіден дұрыс серпілу бұрышын, тиімді қозғалыс бағытын дұрыс анықтай білуі керек) [3].

Қозғалыс бағыттары: жоғары-төмен, алға-артқа, оңға-солға болып бөлінеді. Дене мүшелерінің бір шеткі қалыптан екінші шеткі қалыпқа дейін жеткізе сілтеген қозғалысын қозғалыс амплитудасы дейміз (мысалы, аяқты алға-артқа сілтеу қозғалысы). Қозғалыс амплитудасы белсенді және енжар болып екіге бөлінеді. Белсенді қозғалыс амплитудасы – жаттығушының жаттығуды өзінің, өз бұлшық еттерінің күшімен орындауы. Енжар – серігінің, тренажердың көмегімен орындалатын керілу, созылу икемділік жаттығулары. Белсенділік амплитудасы енжар амплитудаға қарағанда әрқашанда аз болады. Мысалы, аударыспақта қарсыласынды құлату барысында тез, жылдам қарқынмен оң немесе сол жаққа бұрылып қашқан кезде ұстаған қолыңның бұлшық еттерінің созылуы неғұрлым шыдамды болуы.

Уақыт сипаттамасы уақыт ұзақтығы, қарқын және қимыл ырғағы деп бөлінеді. Ұзақтық – әрбір қозғалысқа кететін уақыт шамасы. Мысалы, 1000 метрге жүгіру. Жаттығу уақытын азайта отырып, спортшы өзінің шеберлігін арттырады немесе жүктеме көлемін азайтады, көбейтеді. Қарқын – белгілі бір уақытта қайталана беретін қозғалыс (мысалы, палуанның бір минуттағы қарсыласын лақтыру саны, ескек есушінің ескекті бір минутта 40-45 рет есуі т.б.) Қозғалыс қарқынын өзгерте отырып, жүктеме шамасын басқаруға болады. Уақыт азайса, қозғалыс қарқыны артады, ал уақыт көбейсе, қозғалыс қарқыны азаяды. Уақыт мөлшері мен қозғалыс бөлімдерінің ұзақтық қатынасын ырғақ деп атаймыз. (мысалы, уақыт бойынша шаңғымен жүгірудегі алма-кезек екі адым әдісінің фазаларын өзгерту). Ырғақ тек қана күрделі қозғалыстарда болады. Баланың жасы ұлғайған сайын, спорттық дайындық деңгейі жоғарылаған сайын өзгеріп отырады (мысалы, аяқ қолдың күштері көбейген сайын қозғалыс фазаларына кететін уақыт азайып отырады). Мысалы, аударыспақта берілген уақытта қарсыласына көбірек шабуыл жасап, жылдамдықты арттырып мүмкіндік бермей шаршату.

Кеңістікті-уақыт сипаттамасы – жылдамдық және үдеу. Спортшының кеңістікте шапшаң қозғалуын жылдамдық дейміз. Бір уақыт мөлшерінде спортшының жылдамдығын көбейте, өзгерте қозғалуын үдеу деп атаймыз. Ол болымды үдеу (мысалы, 100 метрге жүгіруде сөреден шыға үдей жүгіріс) және болымсыз үдеу (мысалы, мәре сызығынан өткеннен кейінгі ақырын жүгіріс) деп аталады. Спортшының кеңістікті уақыт қозғалысын білуі, кеңістік сипаттамасы (мысалы, жүгіргендегі адым ұзындығы) және уақыт сипаттамасының (мысалы, жүгіру қарқыны) тиімді арақатынасын табуына, жүгіргенде қатты бар мүмкіншілігімен жүгіре алуына, жақсы көрсеткіш көрсете алуына көмектеседі. Мысалы, аударыспақшының атпен оңға, солға бұрылу жылдамдығы, атты басқару, ширақ қимылдар орындауы [4].

Қозғалыс сипаттамасы. Адамның қозғалу үрдісі кезінде ішкі және сыртқы күштердің біріге жұмыс істеуі қозғалыс сипаттамасын көрсетеді. Ішкі күштерге жататындар: бұлшық еттердің тарту, созылу, қарсыласу күші және қозғалыс кезіндегі пайда болған дене мүшелерінің біріккен күші. Сыртқы күштерге жататындар: дене мүшелерінің тірелу нүктесі, сырқы ауырлық заттар, сыртқы ортаның үйкелу және қарсылық күші, басқа жанды, жансыз денелердің, нәрселердің қозғалып келе жатқан күштері. Дене мүшелерінің тірелу нүктесі – жүгіріп келіп планкыға, гимнастикалық көпірге, сырыққа тіреле секіру, қарға тірей шаңғымен жүгіру, суға тірей ескек есу т.с.с. Аударыспақ спортында тірелу өте үлкен рөл атқарады, спортшы ат үстінде шабуыл жасағанда аттың қапталына, арқасына, үзенгіге тірелмесе күш ала алмайды. Сондықтан ол ат үстінде белдесу кездерінде тірелу нүктелеріне: аттың қапталына, арқасына, үзенгіге аяғының табанымен, тізесімен, шынтағымен, қолдарымен тіреледі.

Сыртқы ауыр заттар – штанга, гантельдер, гирлер, күрестегі маникендер ж.т.б. Сыртқы ортаның үйкелу және қарсылық күші – су, ауа, қар, құм т.б. Бұлар адам жүгіргенде, қозғалғанда үйкеледі, қарсылық тудырады. Басқа күштер – адамның өз дене салмағының ауырлық күші, басқа дене күштері. Сондықтан да аударыспақ спортшысының әрбір қимыл әрекетін өзінің бұлшық етінің тарту, итеру, созылу күшімен бірге сыртқы және ішкі күштерге де байланыстыра қарастыру керек [5].

Техникалық дайындық деп жарыс жаттығуларын орындауды жоғары деңгейде меңгеру үрдісін айтамыз. Оның негізгі міндеті – спорт түріндегі негізгі қозғалысты шеберлікпен меңгеру, дағдылану.

Әрбір спорт түрлерінде жаттығу техникасы әртүрлі болып келеді. Мысалы, гимнастика, конькимен мәнерлеп сырғанау спорт түрлерінде жақсы техника қозғалыс әдемілігі және нақтылығымен бағаланады. Төзімділікті керек ететін спорт түрлерінде техниканы жетілдіру қимыл-қозғалысты тиімді экономиялы түрде орындауға байланысты. Мысалы, жүгіру техникасын дұрыс, экономиялы орындау. Зерттеулер нәтижесінде спортшының жүгіру қарқыны, адым ұзындығы және физиологиялық көрсеткіш - оттегі қолдану мүмкіншілігі араларында өте мәнді байланыс бар екені анықталған. [6].

Әрбір спорт түрлерінде жаттығуларды орындаған кезде «эталондық» орындау керек деген көзқарас қалыптасқан. Ол ең жақсы спортшының өз спорт түрінде негізгі жаттығуды орындауы. Ол кітапта жазылған, суретте, кинотүсірулерде көрсетілген жаттығуды орындау түрі, техникасы жаттығуды үйренуге негіз болуы керек. Ал спортшыдан дәл осындай орындау керек деп талап еткен дұрыс болмайды. Спортшы сол көрсетілген жаттығуды орындау техникасын негізге алып, өз ерекшеліктерін ескеріп жаттығуды орындауы керек. Ол ерекшеліктер: дене құрылысы, дене қуаты дайындығы, физиологиялық, психикалық ж.б. қасиеттер.

Техникалық дайындық кезінде спортшылар мынандай талаптарды орындауы керек:

1 Техника нәтижелілігі – жарыс жаттығу техникасының нәтежелі орындалуы. Мысалы, аударыспақшының қарсыластан жылдамдығын асырып тез, қимыл қозғалыс әрекеттерімен, айла тәсілдерімен аттан жерге түсіру, құлату. Қарсыласын ұпай санына лақтыруы.

2 Тиімділігі – биомеханика заңдылықтарына сай тиімді қозғалыс құрылысын орындау.

3 Тұрақтылығы – тұрақты жоғары көрсеткіштер көрсетуге бағытталған қозғалыс техникасын құрастыру.

4 Бейімділігі – спортшының жетілдірілген қозғалыс техникасын барлық жарыс жағдайында орындай алуы.

5 Үнемділігі – энергияны неғұрлым аз жұмсайтын қозғалыс құрлымы.

**Зерттеу нәтижелері (нәтижелерді талқылау).** Аударыспақшыны техникалық дайындығы мынандай топтарға бөлінеді (кесте №1).

**1-кесте.** Аударыспақ спортшысының техникалық даярлығының негізгі түрлері

Аударыспақ спортшысының техникалық даярлығы			
1	2	3	4
Ер-тоқымды аттың үстінде отыру техникасы.	Ер-тоқымсыз аттың үстінде отыру техникасы.	Шабуылдау техникасы.	Қорғану техникасы.
аттың үстінде тік, тақымын қысып, бір қолымен тізгінді, бір қолымен қамшыны ұстап	балуанның тақымын қысу, тақым бұлшық еттерін дамыту үшін қолданылады.	өзіңе қарай жұлқа тартып ердің үстінен жұлып алу.	атты жақындату, алыстату
шабуылдаушы спортшының оң жағынан келсе, қорғанушы сол қапталына жантайды	балуанның ат үстіндегі тепе-теңдік қалпын сақтау техникасын дамытуға қолданылады	үзенгіге тіреліп жатқан аяқты шығарып жіберіп, қарсыласты ат үстінен аударып жіберу.	атпен оң жақтан шабуылдардан қорғану
шабуылдаушы спортшының оң жағынан келсе, қорғанушы сол қапталына жантайды		итеріп аттың арғы жағына аударып жіберу.	атпен сол жақтан шабуылдардан қорғану

1. Ер-тоқымды аттың үстінде отыру техникасы.

Атқа отыру алдында бос жүрген ат ұсталынып, аттың басына жүген салынады, атты жақсы басқару үшін ауыздық кигізіледі. Атқа ер-тоқым салынады, ер-тоқым алдына не артына сырғымауы үшін құйысқан, өмілдірілік тағылады. Ер-тоқымның төс және шап айылы салынып, қатты тартылады. Аударыспақшы аттың үстіне мініп, аттың үсінде тік, тақымын қысып, бір қолымен тізгінді, бір қолымен қамшыны ұстап отырады. Ат үстіндегі күрес жағдайына байланысты, шабуылдаушы спортшының оң жағынан келсе, қорғанушы сол қапталына жантаяды, сол аяқ тізе буынынан бүгіліп, аттың сол қапталына жауырын тұсына тіреледі, ал оң аяқ үзенгіге тіреле түзуленеді. Аударыспақшылардың үзенгілері жай аттылардың үзенгілеріне қарағанда қысқа, қысқалығы үш қарысқа таяу болып қысқартылады. Оң аяқ түзуленіп, үзенгіге тіреліп, шіренгенде, ер-тоқымға шамамен 90 градус бұрышта болады. Ал егер шабуылдаушы сол жақтан келсе, аттың оң жақ қапталына жантаймыз, аяқ қалыптары айналы көрсетілу түрінде өзгертіледі. Қамшы ауызға салынып, тіспен тістеледі, тізгін қолдың шынтақ тұсына ілінеді екі қол шабуылшының белбеуіне, қолдарына қарсыластың қозғалыс әрекеттері, не өзінің шабуыл әрекеттері бойынша қозғалуға көшеді.

2. Ер-тоқымсыз аттың үстінде отыру техникасы. Ер-тоқымсыз атқа отыру техникасы балуанның тақымын қысу, тақым бұлшық еттерін дамыту үшін қолданылады. Сонымен қатар балуанның ат үстіндегі тепе-теңдік қалпын сақтау техникасын дамытуға қолданылады.

3. Шабуылдау техникасы. Шабуылдау техникасы үш түрде орындалады.

А) Қарсыластың белбеуінен екі қолмен ұстап, өзіңе қарай жұлқа тартып ердің үстінен жұлып алу.

Б) Қарсыласты екі қолмен иық тұсынан итеріп аттың арғы жағына аударып жіберу.

Г) Белдесу кезінде қарсыластың белбеуінен ұстап жатқан екі қолды қоя беріп, үзенгіге тіреліп жатқан аяқты шығарып жіберіп, қарсыласты ат үстінен аударып жіберу.

4. Қорғану техникасы. Қорғану техникасы атты жақындату, алыстату, атпен оң жақтан, сол жақтан шабуылдарға аттың тұрыстарын өзіңе қолайлы қалыптарға келтіру. Жақындап келіп қолдарымен өзіне қолайлы ұстауларға жібермей өзіңе қолайлы ұстауларға қол жеткізу. Қарсыластың ұстаған қолдарын үзу, қорғаныс жасау.

**Қорытынды.** Аударыспақ спорт түрінің техникасы сырт көзге қарапайымдылау болғанымен өзіндік қиындықтары бар. Өйткені спортшының өз қозғалыс әрекеті ғана емес аттың қозғалысы, аттың өзін сол мезетте қалай ұстайтынының да үлкен маңызы бар. Сонымен қатар бұрынғы кездерде аударыспақ спортшысының техникалық дайындығының, тек қана техникалық емес барлық бес дайындық жақтарының ғылыми зеттелмегені, әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілмегені де үлкен проблемалар тудырып отыр. Ал техникалық дайындық, дене қуаты дайындығынсыз, ол екеуі жарысқа дайындық және жарыс кезіндегі тактикалық, психологиялық дайындықсыз іске аспайтынын, олардың бір-бірімен байланысын спорт мамандары жақсы біледі.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Абишев К. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Нур принт, 2012. – 99 б.
2. Уанбаев Е.К. Спорт және дене тәрбиесін оқыту әдістемесі. –Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2014 ж. -268 б.
3. Уанбаев Е.К. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдіснамасы Алматы: Үш Қиян баспасы, 2022. -386 б.
4. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта. -М.: Академия, 2017. – 478с.
5. Уанбаев Е.К., Уанбаева Ф.Ж. Мектеп жағдайында ұлттық спорт түрлерін өткізу әдістемесі. // Вестник Казахстанско-Американского Свободного университета. Научный журнал. №1, 2011 С.40-43
6. Дүйсенбай Б, Қанағатов Е. Сайыс. –Алматы: Арда баспасы, 2017. -160 б.

## СПОРТ МЕКТЕПТЕРІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТАБЫСТЫ БАСҚАРУ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Р.К. Шахарбек** 1-курс магистранты ҚазСТА, Алматы қ.  
Ғылыми жетекші: PhD докторы **Дошыбеков А.Б.**

**Аңдатпа.** Мақалада спорт мектептері мұғалімдерінің табысты басқару іс-әрекетін дамыту мәселесі қарастырылады. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде «басқару», «басқарушылық іс-әрекет» ұғымдарының мәні ашылады.

**Кілт сөздер:** спорт, спорт мектебі, басқару іс-әрекеті, мұғалім, табыс.

**Annotation.** The article discusses the problem of developing successful management activities of teachers of sports schools. Based on the analysis of scientific and pedagogical literature, the essence of the concepts of "management", "managerial activity" is revealed.

**Keywords:** sports, sports school, management activities, teacher, income.

Кез-келген ұйым тек оны құрған адамдар немесе қоғам үшін белгілі бір құндылыққа ие болғандықтан ғана -қоғамда дамиды, мақсаттарын жүзеге асырады. Ол белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруы керек, жеке, топтық немесе қоғамдық сұраныстарға жауап беретін тұтынушылық құндылықтарды құруы керек. Ұйымдардың абсолютті көпшілігі өнімді жасайды немесе сұранысқа ие және басқалар тұтынылатын қызметті ұсынады. Ұйымның табыстылық дәрежесі, сәйкесінше, өнімнің немесе қызметтің тұтынушының қаншалықты сұранысқа ие екендігімен, оның әлеуметтік сұраныстарға жауап беретіндігімен және ол шығаратын өнімнің немесе қызметтің қаншалықты сапалы екендігімен анықталады.

Егер ол қоғамның өзгеріп отырған сұраныстарын, мемлекет, клиенттердің қажеттіліктері (балалар, ата-аналар, жұмыс берушілер) елемейтін болса, мектеп әлеуметтік институт ретінде жоғалады,

Ол әлеуметтік жағдайдан абстракция жасай алмайды; сонымен бірге мектеп өзінің қоршаған ортасына да, жалпы қоғамға да айтарлықтай әсер ете алады.

Осы тұста бүгінгі қоғамдағы оң өзгерістер сол мектепте қызмет ететін мұғалімді ең алдымен өзгертуі шарт, себебі мұғалім заманға сай оқыту әдістемесіне өзгеріс, жаңашылдық енгізбесе, бүгінгі ХХІ ғасыр жастарының қызығушылығын оятып, белсенді оқыту үрдісіне қатыстыру оңайға түспесіз.

Сонымен қатар соңғы жылдары спорт мектебінің мұғалімдерінде дәстүрлі оқыту, тәрбиелеу, дамыту іс-әрекеттерімен қатар, оның кәсіби даярлығына жаңа талап ретінде басқару іс-әрекетін меңгеру жүктелуде. Бұл әрекет оқыту үрдісінде түрлі әдістемелерді, құралдарды пайдалана отырып, балаларға білім алуға жағдай жасауды басқару. Заманауи педагогқа өз іс-әрекет нәтижесін талдап, оны жақсарту жағынан шешімдер қабылдау тән нәрсе болып шарт. Осы тұста спорт мектептері мұғалімдерінің табысты басқару іс-әрекетін дамыту өзекті мәселе деп айта аламыз.

Қазіргі білімнің өзекті мәселесі педагогикалық қызмет туралы мәселе тек құзыреттердің болуына байланысты емес пәнді оқыту әдістемесі, сонымен қатар білімалушылардың оқу және танымдық іс-әрекетін кәсіби басқару құзыретінің болуымен анықталады.

Басқару және педагогикалық қызметті салыстыра отырып, Челнокова Е.А. және т.б. олардың ұқсас функцияларын атап көрсетті: мотивациялық, конструктивті, ұйымдастырушылық, ақпараттық, бақылау және шешім қабылдау функциясы, сурет-1 [1]. Оқытушының позициясын өзгерту тұрғысынан басқаруды жүзеге асыру кезінде талап етілетін әрекеттерді талдай отырып, аталмыш ғалымдар басқарушылық және педагогикалық іс-әрекетті интеграциялау мәселесін қарастырады.

Е.А. Иванцовтің пікірінше оқыту үдерісін басқару – оқытуға тұлғалық бағдарланған тәсілмен, оқытушының оқу үдерісінің менеджері ретіндегі рөлінің өзгеруімен шартталған білім беру үдерісін құруға инновациялық тәсілге негізделген оқу және танымдық іс-әрекет рәсімін дәйекті және кезең-кезеңімен іске асыру [2].



Сурет -1 Басқарушылық және педагогикалық іс-әрекеттің ұқсас функциялары (Челнокова Е.А. және т.б.)

Н.М. Борытқоның пікірінше, білім беру саласындағы басқару білім беру мекемесі қызметкерлерінің нәтижелі ұжымдық қызметі үшін қолайлы сыртқы және ішкі жағдайлар жасау мақсатында оқу орнының жұмыс істеуі мен даму процесін жетілдіруге бағытталған белгілі бір қызмет түрін білдіреді [3].

Қазіргі уақытта педагогтың кәсіби қызметін тиімді ұйымдастыру мақсатында ол өз бойында келесі дағдыларды дамытуы керек:

- кез-келген жағдайда икемді бейімделу мүмкіндігі;
- заманауи технологияларды пайдалана отырып, туындаған проблемаларды тиімді түрде шешу мүмкіндігі;
- туындаған мәселелерді шешу мақсатында, қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу қабілеті;
- сыни ойлаудың болуы;
- ақпаратты сауатты талдай білу;
- қолда бар білімді қалай және қайда пайдалану керектігін толық білу;
- жаңа идеяларды қалыптастыру және оларды шығармашылықпен түсіну қабілеті [4].

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында мұғалімнің басқару іс- әрекеті -басқару циклі деп аталатын келесі функцияларға негізделген: жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау, сурет-2.

Педагогикалық басқару тікелей адам қызметіне бағытталған және менеджменттің негізін қалаушылар Ф. В. Тейлор мен А. Файоль, Э. Мэйо идеяларынан бастау алады.

Ф.В. Тейлордың негізгі идеясы басқару ғылымы болды: ол белгілі бір нәрсеге негізделуі керек және арнайы әзірленген әдістердің көмегімен жүзеге асырылады: еңбекті нормалау, таңдау, жұмысшыларды орналастыру және ынталандыру, жұмыс операцияларын стандарттау.

А. Файольдің қосқан үлесі жоспарлау, ұйымдастыру, басқару, үйлестіру және бақылау сияқты басқару функцияларын тұжырымдау болып табылады. Сонымен қатар, ол менеджердің жеке басын жеке қасиеттерін дамыту мүмкіндігімен ұйымның өркендеуінің маңызды факторы деп анықтады [5].

Э. Мэйо ұйымдағы әлеуметтік жағдайларға назар аударады: еңбек өнімділігі, сонымен қатар басқа жағдайлар ұжымдағы психологиялық ахуалға және басшының жұмысшылармен қарым-қатынасына байланысты деп тұжырымдаған [6].



Сурет-2 Мұғалімнің басқару іс -әрекетінің функциялары (Басқару циклы)

Сонымен, жоғарыда қарастырылған көзқарастарды түйіндей келе, "басқару" – бұл қолдану саласына байланысты әр түрлі көрініс формалары бар күрделі көп қырлы ұғым.

Басқару қызметі-әлеуметтік ұйымдардың жұмыс істеуінің ажырамас және маңызды құрамдас бөлігі.

Басқару қызметі-бұл кәсіби қызмет түрі, оның ерекшелігі оның негізгі және жалпы міндетімен анықталады-жалпы мақсаттарға жету жолында басқа адамдардың қызметін ұйымдастыру қажеттілігі, сонымен бірге иерархия принципіне сүйену.

**Әдебиеттер:**

1. Челнокова Е.А., Булганина С.В., Казначеев Д.А. Управленческая деятельность педагога // Проблемы современного педагогического образования. 2019. №65-3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/upravlencheskaya-deyatelnost-pedagoga>
2. Иванцов Е.А. Управление образовательным процессом – специфика термина в педагогической науке. Вестник Московского института государственного управления и права. 2015. №11. С. 161-163
3. Юденкова И.В., Дёрова Е.Н. Формирование управленческой культуры педагога образовательной организации // Молодой ученый. 2017. №48. С. 216-219.
4. Прохорова М.П. Инновационные процессы в профессионально-педагогическом образовании // Наука и школа. 2011. № 5. С. 4-6.
5. Морозова И.М., Гроссман И.Б. Содержание и структура готовности педагога профессионального обучения к управленческой деятельности // Педагогическое образование и наука. 2012. № 1. С. 87-92.
6. Челнокова Е.А., Коровина Е.А., Агаев Н.Ф. Педагогический менеджмент как вид управленческой деятельности педагога // Современные наукоемкие технологии. 2015. № 12 (часть 1). С. 165-168

## СПОРТ ҰЙЫМДАРЫ БАСШЫЛАРЫНЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПРИНЦИПТЕРІ

**Е.М.Айдарханов 1-курс магистранты ҚазСТА, Алматы қ.**  
**Ғылыми жетекші: PhD докторы-Дошыбеков А.Б.**

**Аңдатпа.** Мақалада спорт ұйымдары басшыларының басқарушылық құзыреттілігін жетілдіру мәселесі қарастырылады. Автор арнайы, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде «басқарушылық құзыреттілік» ұғымын жан-жақты сипаттай келе, толыққанды мағынасын ашуға тырысады. Мақалада спорт ұйымдары басшыларының басқарушылық құзыреттілігін жетілдірудің принциптері анықталған.

**Кілт сөздер:** спорт, спорт ұйымы, басқарушылық құзырет, басшы, құзырет, басқару, қасиеттер, қабілет.

**Annotation.** The article discusses the issue of improving the managerial competence of heads of sports organizations. Based on the analysis of Special, Scientific and pedagogical literature, the author tries to reveal the full meaning of the concept of "managerial competence", describing it in detail. The article defines the principles of improving the managerial competence of heads of sports organizations.

**Keywords:** sports, sports organization, managerial competence, manager, competence, management, qualities, ability.

**Зерттеу өзектілігі:** Білім беру мен спорт жүйесін түбегейлі жаңғырту кезеңінде жұмыс істеп тұрған спорт мектеп басшыларының басқарушылық құзыреттілігін дамыту, бастамашылық пен стандарттан тыс қабілетті жаңа, креативті, инновациялық типтегі басшылардың корпусын қалыптастыру проблемасы басқару шешімдері, қазіргі таңда әсіресе өзекті.

Көптеген спорт мектеп басшыларының басқарушылық құзыреттіліктің қажетті деңгейі болмауы оларды қызметтің жаңа жағдайларына бейімделуді, білім беруді жаңғыртуды және табысты қайта құруды жүзеге асыруды айтарлықтай қиындатады.

Заманауи спорт мектепке бірқатар жаңа функциялардың дәстүрлі функцияларымен қатар орындалуын қамтамасыз ететін басқарушылық құзыреттілікті дамытудың жоғары деңгейіне ие жаңа типтегі басшы қажет, олардың арасында: дамуды болжау, сапа мен өзгерістерді басқару, инновацияларды анықтау және қолдау, басқару бағыныштылардың уақыты мен уақыты, фандрейзинг және маркетинг, брендті басқару және т. б.

Жаңа типтегі басшы тек харизматикалық көшбасшы, кәсіби маман ғана болуы керек емес педагогикалық білім беру, сонымен қатар "білім беру менеджері" біліктілігін меңгеру, мекемеде болып жатқан процестерді стратегиялық жобалау, мониторингілеу және жүйелі модельдеу, ұжымда тиімді

тұлғааралық және кәсіби коммуникацияларды ұйымдастыру, ақпаратты, білімді алу және тиімді қолдану және т. б. дағдыларға ие болу керек.


Осы тұста спорттағы қалыптасқан экономикалық қатынастар жүйесін жаңғырту, оның жұмыс істеу параметрлерін сапалы жақсарту, дене шынықтыру және спорт саласындағы жоғары деңгейлі және кәсіби дайындалған мамандар ғана мүмкін. Өз кезегінде мұндай мамандарды спорт экономикасы, менеджмент және кәсіпкерлік саласындағы заманауи білімсіз даярлау мүмкін емес, өйткені бұл білімді алу және оларды спорт мектептерінің менеджментіне енгізу жоғары жетістіктер спортының резервін тиімді дайындау үшін шешуші болып табылады.

Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, басшы-белгілі бір қасиеттер мен кәсіби дайындықты қажет ететін ерекше мамандық. Жаңа типтегі басшы - бұл креативті және ұтымды ойлайтын, қажетті кәсіби қасиеттері, бастамасы бар кең білімді көшбасшы.

Басқару қызметінде осындай үлкен және жылдам өзгерістер орын алады, сондықтан көптеген менеджерлер жұмыс барысында мінез-құлқын түбегейлі өзгертуі керек және кәсіпорынның тиімді қызметі мен жетістігі олардың шешімдеріне, әрекеттері мен пікірлеріне байланысты. Сондықтан, спорт ұйымдары басшыларын кәсіби даярлауға қатысты, олардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру маңызды болып табылады, ол менеджерлердің қызмет түрлері мен міндеттерін қамтиды: менеджменттің мәнін құрайтын жоспарлау, ұйымдастыру, басқару, үйлестіру және бақылау.

М.П.Шамина бойынша, бастауыш сынып мұғалімінің басқару құзыреттілігі-бұл бастауыш мектептегі білім беру процесінің барлық субъектілерін оқыту, тәрбиелеу және дамыту мақсатында басқару функциялары мен жеке қасиеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін Функционалды және жеке компоненттердің интегративті бірлігі [1].

Ғалымның пікірінше, басқарушылық құзыреттілігінің құрылымы екі компоненттен тұрады: функционалды басқару құзыреті және тұлғалық басқару құзыреті, сурет-1.




Сурет-1 Мұғалімнің басқарушылық құзыреттілігінің құрылымы (М.П.Шамина)

Функционалды басқару құзыреттілігі оқыту процесінде алынған білім мен дағдылардың жиынтығымен қамтамасыз етілген және мұғалім орындайтын басқару функциялары негізінде ерекшеленетін нақты дағдыларды қамтиды: аналитикалық, мақсатты, болжамды, ұйымдастырушылық және реттеуші. Мұғалімнің тұлғалық басқарушылық құзыреттілігі бастауыш сынып мұғалімінің сәтті кәсіби қызметінің ерекше маңызды факторы болып табылатын мұғалімнің жеке басының басқарушылық қасиеттерінен тұрады: элеуметтік интеллект, коммуникативті қабілеттер, ұйымдастырушылық қабілеттер, ерікті қасиеттер, субъективті бақылау деңгейі, тұлғаның кәсіби қызметке бағытталуы.

Болашақ маманның басқару құзыреті болашақ маманның кәсіби қызметінің танымдық, пәндік-практикалық және жеке тәжірибесінің күрделі синтезі ретінде әрекет етеді және оның жалпы кәсіби мәдениетінің бөлігі болып табылады. Егер оқу процесінде студент нақты жағдайларға жақын, одан құзыретті әрекеттерді, алынған тәжірибенің рефлексиясын талап ететін жағдайлар тізбегінен өтсе, басқарушылық құзыреттілік тиімді қалыптасады (В.П. Симонов, В.В. Сериков). Демек, болашақ маманның кәсіби қызметінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде басқарушылық құзыреттілік сонымен бірге кәсіптік оқытудың тікелей өнімі және оқытудың барлық кезеңдерінде болашақ маманның өзін-өзі дамытуының салдары болып табылады.

Е.Н. Сепиашвили ойынша, болашақ маманның басқарушылық құзыреттілігі келесідей іс-әрекет түрлерін қамтиды (нормативтік-аналитикалық, бақылау-диагностикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық), сурет-2 [2].





Сурет-2 Болашақ маманның басқарушылық құзыреттілігіндегі іс-әрекет түрлері

Арнайы әдебиеттер талдауы көрсеткендей, дене шынықтыру-спорт мекемелерінің өзгермелі түрлерінің инфрақұрылымын дамытудың, халықтың әртүрлі санаттарына қолдау көрсетудің, әлеуметтік қызмет көрсетудің қазіргі жағдайында осы мекемелердің мамандарының басқару құзыреттілігін игеру қажеттілігі өзекті болып отыр.

Маманның басқарушылық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне жетуі-бұл маманның одан әрі кәсіби өсуі үшін негіз ғана емес, сонымен қатар дене шынықтыру жүйесін дамытудың міндетті шарты.

Басшының басқарушылық құзыреттілігі жүйе құраушы ретінде қарастыруға болады тұтастықты қамтамасыз ететін осы мекеменің жұмыс істеу тиімділігінің факторы оның қызметі және ұйымның дамуы.

Менеджердің бұл құзыреттілігі кәсіпорынды стратегиялық басқарудың нәтижелілігі ұзақ мерзімді перспективада өзін-өзі дамыту және халыққа сапалы және жоғары кәсіби қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді.

Басқарушылық құзыреттілік нарықтық экономиканың бәсекелестік ортасы жағдайында дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардың табысты кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруының кепілі болып табылады.

Басқару қызметінің тетіктерін талдау, оның сәттілік факторлары модельді тиімді іске асырудың негізгі принциптерін анықтауға мүмкіндік берді:

– дене шынықтыру және спорт саласындағы менеджердің кәсіби ұтқырлығы мен бәсекеге қабілеттілігін дамыту принципі,

– дене шынықтыру және спорт саласындағы менеджерді даярлаудағы нормативтік-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтанулық, психологиялық-педагогикалық, арнайы-басқарушылықтың бірлік мен сабақтастық принципі,

– жағдаят принципі (басқарушылық құзыреттердің әртүрлі түрлерін көрсету қажет болатын басшының кәсіби қызметінің жағдайларын таңдау және оларды талдау негізінде оқу процесін ұйымдастыру),

– креативтілік принципі.

– дене шынықтыру және спорт саласының менеджерін кәсіби-басқарушылық даярлаудың озық сипатындағы болжамдылық принципі.

Сонымен, жоғарыда қарастырылғанды түйіндей келе, маманның басқарушылық құзыреттілігі деп нарықтық экономиканың бәсекелестік ортасы жағдайында кәсіби қызметте тиімді болуға мүмкіндік беретін дене шынықтыру және спорт саласындағы маманның өлшенетін сипаттамаларының жиынтығын білдіретін кәсіби құзыреттіліктің ерекше түрін түсінуді ұсынамыз. Адамды анықтайтын сипаттамалар кез-келген деңгейдегі көшбасшы ретінде тек кәсіби және басқарушылық білім, дағдылар ғана емес, сонымен қатар басқарушылық қызметте көрінетін мотивация, сендіру, психофизиологиялық ерекшеліктер сияқты жеке сипаттамалар болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. М.П.Шамина Формирование управленческой компетентности будущего педагога начальной школы. диссерт.к.п.н.Москва 2013
2. Е.Н.Сепиашвили Формирование управленческой компетенции у студентов экономических специальностей ССУЗа.диссерт. к.п.н.,Краснодар 2010

ҒТАХР 00.00.00

### ЖАЯУ ЖҮРУДІҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА ӘСЕРІ

**М.Ж.Буркитбаева** – дене шынықтыру және спорт кафедрасының п.ғ.м., аға оқытушысы  
(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.)

**С.А.Ниязакынов** – дене шынықтыру және спорт кафедрасының магистр., аға оқытушысы  
(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.)

**А.Ажибеков** – 2 курс магистранты, КазАСТ

**Аңдатпа.** Мақала жаяу жүруді дәріптеу арқылы денсаулыққа әсері жақсы екенін насихаттау, сонымен қатар қарастырылып отырған мәселенің өте қажет екенін түсіндіріп жеткізу. Денсаулықты сақтауға, оны нығайтуға жаяу жүрудің маңызы зор болып табылады. Сондықтан осы мәселені шешуде жаяу жүрудің қажеттілігі пайдалы және денсаулыққа әсері жақсы.

**Түйін сөздер:** жаяу жүру, жаттығулар, қан айналысы.

### ВЛИЯНИЕ ХОДЬБЫ НА ЗДОРОВЬЕ

**Буркитбаева М.Ж.** – м.п.н., старший преподаватель кафедры физической культуры и спорта  
(Казакский государственный женский педагогический университет, г.Алматы)

**Ниязакынов Е.Б.** – м.п.н., старший преподаватель кафедры физической культуры и спорта  
(Казакский государственный женский педагогический университет, г.Алматы)

**А.Ажибеков** – 2 курс магистрант, КазАСТ

**Аннотация.** Статья посвящена укреплению здоровья, пропагандируя ходьбу, а также разъясняя актуальность вопроса. Ходьба важна для поддержания и укрепления здоровья. Поэтому необходимость ходить полезна в решении этой проблемы и положительно влияет на здоровье.

**Ключевые слова:** ходьба, упражнения, кровообращение.

### IMPACT OF WALKING ON HEALTH

**Burkitbaeva M.Zh.** – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of Physical Culture and Sports (Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty)

**Niazakynov E.B.** – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of Physical Culture and Sports (Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty)

**A.Azhibekov** – 2nd year undergraduate, KazAST

**Annotation.** The article is devoted to health promotion, promoting walking, as well as explaining the relevance of the issue. Walking is important for maintaining and promoting health. Therefore, the need to walk is useful in solving this problem and has a positive effect on health.

**Keywords:** walking, exercise, blood circulation.

Жаяу жүру - өзіңізді бір қалыпта ұстаудың қарапайым жолы. Кейбір спорттың түрі адамдарға кері әсерін тигізуі мүмкін. Ал жаяу жүрудің ешқандай зияны жоқ. Керісінше оның адам денсаулығына пайдалы тұстары өте көп.

Біріншіден салмағыңызды бір қалыпта ұстауға көмектеседі. Аустралиялық ғалымдар 2013 жылы зерттеу жұмысын жүргізді. Олар 822 адамның салмағын өлшеп, әр қатысушының 4 жылдың ішінде 1 килограмм 400 грамм қосқанын анықтады. Жұмысқа көлікпен барғандардан, жаяу барған адамдардың салмағы 900 граммға кем екені мәлім болды.

Екіншіден қаныңыздағы қант мөлшерін реттейді. Жаяу жүрудің арқасында қаныңыздағы қант мөлшерін реттеуге болады. Diabetes Care журналында жарияланған ғалымдардың зерттеуі бойынша, тамақтан кейінгі 15 минуттық серуен қандағы қант мөлшерін реттеуге көмектеседі.

Үшіншіден көңіл-күйіңізді көтереді. Америкалық психолог Роберт Тайер "10 минут жаяу жүрсеніз, 2 сағат көңіл-күйіңіз көтеріңкі жүреді", - дейді.

Төртіншіден есте сақтау қабілетіңізді арттырады. Аптасына 3 рет 40 минуттан жаяу жүретін жандардың есте сақтау қабілеті 2%-ға жақсарады.

Бесіншіден жаяу жүру жүрек ауруларының алдын алады. Күніне кем дегенде 15 минут жаяу жүрген адам жүрек ауруларының алдын алады.

Алтыншыдан қатерлі ісіктің кейбір түрінен сақтайды. Жаяу жүру зат алмасу процесін жақсартып, иммунитетіңізді көтереді. Америкалық онкологиялық орталық күніне 1 сағат жаяу жүрген әйелдердің сүт безі қатерлі ісігіне қарсы күресуге қауқары бар екенін айтады.

Жетіншіден жаяу жүру - тегін әрі пайдалы. Жаяу жүру үшін тек ыңғайлы аяқ киім мен ынта болса болды.

Жаяу жүру арқылы арықтағыңыз келсе, ең алдымен оның қағидаларын білгеніңіз жөн. Жаттығу барысында жылдамдығыңызды ауыстырып тұрыңыз. Егер 2 минут жай жүрсеңіз, 2 минут тезірек жүруге тырысыңыз. Жаяу жүрудің пайдасын бәрімен бөлісіңіз.

Қимыл-қозғалыстардың қарапайым түрі - жүру. Жүру жаттығулары, оның ішінде табанның сыртқы, ішкі қыры, өкше, аяқтың саусақтары, яғни ұшымен жүргенде, табандағы бүкіл ішкі ағзадағылардың басқару нүктелеріне әсер етіп, оларды орындалатын жұмысқа дайындайды. Көптеген мамандардың айтуы бойынша дене шынықтыру жаттығуларының ішіндегі өте тиімді, көптеген бұлшық ет топтарына, ішкі құрылыс органдарына, физиологиялық жүйеге белсенді әсер етуші осы "жүру" деп танылуда. Жүру кезінде ауыртпалықты жедел түрде өзгертуге болады, сонымен қоса жүрудің бірнеше түрлері: серуендеу, жедел және әртүрлі қарқындағы спорттық жүрістер. Олар құрал-жабдықтарды қолдана отырып әртүрлі жағдайда (сатымен жоғары, төмен; таудан тауға, құмды-тасты жерлермен, сумен т.б.) орындалуы қозғалыс белсенділігінің көлемімен қамтамасыз ету бұл жағдайда денені таныс ауыртпалыққа үйретпеу.

Ауа райының өзгеруіне қарамай күнде жаяу жүруді әдетке айналдыру керек. Ол үшін: аяндап, серпінді және спорттық жүріспен орташадан жоғарғы қарқынды жүру. Жүргенде ішті тартып, иықты түзеп, басты түзу ұстап жүру керек. Жүрістің түрлері: аяқтың ұшымен, өкшеден бастап саусаққа дейін толық басып, аяқтың ішкі, сыртқы қырымен, жүру қарқынын өзгерте, қашықтықты ұзарту түрлерін пайдаланып отыру керек. Денеге түсетін ауыртпалық күніне 1 сағаттай, жүру кезіндегі негізгі шарт ширақ қозғалып, батыл адымдау. Денеге түсетін ауыртпалықты көтеру үшін сатымен көтерілу, екінші баспалдақты баспай үшіншісінен басу, бұл жаттығу аяқтың күшін дамытады, өкшенің сырт жағы қалыптасып, табанның жалпақтануы азайып, буындардың қозғалысы жақсарып, арнайы төзімділік дамиды. Сатымен көтерілгенде қарапайым ережелер сақталуы керек, олар: баспалдаққа аяқты толық басу; арқаны түзу ұстау; қарынды ішке қарай тартып, баспалдақ басушы аяқты толық түзетіп, аяққа қарамау керек. Демді біркелкі алып, демігу басталған болса, қозғалыс қарқынын азайтып, қозғалыс пен тыныс алу бір сарында орындауға тырысу қажет. Сатыға көтерілу жүрісін өзгертуге болады, кезекпен оң жақпен қырындап, одан соң сол қырынмен, шалыс жүріс, көзді жұмып, артқа шегіншектеп жүру т.с.с. Мұндай жүріс түрлері шаршағандықты ұмыттырып, көңілін көтеріп, күні бойғы келеңсіз жағдайлардың маңыздылығын әлсіретеді.

Жаяу жүру – жүрек қан тамырларының жұмысын қалыпқа келтіруге ықпалы зор. Сол арқылы қан бүкіл ағзаға тарап, қан айналысы жақсарады. Денеміздегі барлық органдарымыз қимыл-қозғалысқа түседі, яғни органдардың бұлшық еттерінің жұмысы жақсарады. Жаяу жүрген кезде өкпегеде әсері жақсы, тыныс алу жолдары кеңейеді. Тиімдісі жүргенде таза ауамен демаламыз. Таза ауада көп серуендеген адамның тамаққа тәбеті артады. Егерде керісінше тамақты көп ішіп қойсақ, жаяу жүру тамақтың сіңірілуі мен артық салмақ қоспауға және де артық салмақтан арылуға көмектеседі. Таза ауада көп жүрген адамның терісі оттегімен толықтырылады, токсиндерден тазартылады, демек таза ауада жаяу жүрудің терігеде әсері бар екенін түсінуіміз керек. Сондай-ақ адам жаяу жүргенде жүйке жүйесін тыныштандырады.

Жалпы күніне жарты сағаттан жаяу жүру біздің өмірімізді көп жылдарға ұзартады деп ойлаймын. Мысалы ауыл адамдары күні бойы даланың жұмысымен айналысады, оларда көп қозғалыс, демек олардың қан айналысы жақсы жұмыс істейді. Қан айналысы дұрыс адамдарда ауруда болмайды. Ал керісінше қаланың адамдары көбінесе автокөлікпен, автобуспен көп жүреді, жұмыстары да компьютердің алдында, оларда отырыстан шаршап энергияларын құртып алады. Сондықтан жаяу жүруді адам шаршамай, арнайы жаттығу ретінде қарастырғанымыз жөн болар. Кешкі астан кейін таза ауа шығып жүріп серуендеу пайдалы, түнгі ұйқымыздың тыныш болуына әсері зор.

Жаяу серуендеу - шаршатпайтын жаттығу емес. Серуендеу кезінде адам көңілділік пен күш-қуаттың жоғарылауын сезінеді, содан кейін ол қарын ашудан зардап шекпейді. Оқу барысында, Ұлыбританияда жүргізілген бір сағаттық серуендеу тәбетті реттейтін екі гормонның құрамын өзгертетіні анықталды: грелин (тәбетті ынталандыратын және пептид YY, аштық орталығын басады).

Бүгінгі күні серуендеу семіздікке ем болатыны даусыз дәлелденді. Жаяу жүру инсулинге төзімділікті төмендетуге көмектеседі (инсулинге сезімталдықтың IR-төмендеуі) - негізгілерінің бірі артық салмақтың себептері. Глюкоза рецепторлары әртүрлі себептермен инсулинге сезімталдықты төмендетеді, соның ішінде жас, және тұрақты, дозаланған жүру инсулинге төзімділікті қалыпқа

келтіреді және осылайша қант диабеті мен қант диабетінің дамуының алдын алу шарасы ретінде қызмет етеді. Дегенмен, егер сіз қалпына келтіру мақсатында ғана емес, сонымен қатар арықтау үшін жүрсеніз, келесі ережелерді ұстаныңыз:

1. Жылдам жүру. Жай серуендеу сізді қалаған мақсатыңызға жақындатуы екіталай. Салмақты жоғалту үшін оңтайлы жаяу жүру жылдамдығы 5,5-6 км / сағ. Асыққан адам сондай қарқынмен жүреді. Әдетте кезінде мұндай қарқынды жүруде аздап терлеу болады. Бұл қарқынмен жүру барлығына пайдалы. Сағатына 5-5,5 шақырым жылдамдықпен жаттығулар кез келген себептерден мезгілсіз өлім қаупін 20%-ға төмендететіні туралы деректер бар. Дегенмен, оны асыра алмаңыз. Сезімдеріңізге назар аударыңыз және импульсты бақылаңыз. Есіңізде болсын: 50 жастан асқан адамдар үшін жұмыс істейтін жүрек соғу жиілігі минутына 100-120 соққы. Бұл көрсеткіштерден асып кету үлкен қиындықтарға әкелуі мүмкін.

2. Жаттығуларды жүйелі түрде орындаңыз. Кездейсоқ серуендеуден нәтиже күтудің қажеті шамалы (бірақ мүлде жүрмегеннен гөрі осылай жүру жақсы). Бірақ мүмкіндігінше, күн сайын 30-40 минут, кейін жаяу жүру жақсы аптасына екі рет екі сағаттан.

3. Қарқынды өзгертіңіз. Сарапшылар мұндай жаттығуларды «интервалды жаттығулар» деп атайды. Практикада былай көрінеді – 1 минут жылдам қарқынмен, 3 минут – ақырын қарқынмен жүресің. Аралық жаттығулар шамамен 10-15% көп каллорияларды жағады, нәтижесінде салмақ жоғалту тұрақты болады. Ережеге сәйкес, аралық жүктемелерді жиі қолдануға болмайды аптасына үш рет.

4. Қалыпты сақтаңыз. Жаттығу процесіне бұлшықеттер қаншалықты көп болса, соғұрлым көп энергия жұмсалады. Ал барлық бұлшықеттерді пайдалану үшін жаяу жүру кезінде дұрыс қалыпты ұстау керек - арқаңызды түзетіңіз, иықты түзетіңіз, ішіңізді тартыңыз, қолыңызды шынтақтан сәл бүгіңіз.

5. Тамақтануды бақылаңыз. Егер сіз көп жұмыс істеп, өзіңізді қосымша рациондармен марапаттасаңыз, салмақ қосуға кепілдік беріледі. Дегенмен, азық-түлікке қатаң шектеулер де құпталмайды - тұрақты жаттығулардың фонында тағамның күрт төмендеуі денені сарқып, ауыр ауруларды тудыруы мүмкін. Тамақтану толық және теңдестірілген болуы керек, бұлшық еттерге қажетті ақуыз жеткілікті болуы керек (дене салмағының 1 кг-ға 0,8 грамм ақуыз мөлшерінде). Қалаулы бос асқанға серуендеуге бармаңыз (тіпті таңертең жаттығу жасасаңыз да - жеңіл тағамдар қажет).

Шешімдерді іздеу жаттығуы: Ешкім сізді алаңдатпайтын және оңай тыныс алатын тыныш жерде әдеттегі қарқынмен жүресіз. Тыныс алу біркелкі, бөгде ойлар құстар сияқты алысқа барады, аспанға самғайды. Дене кернеулі емес, тек қозғалыс процесіне қатысатын бұлшықеттер жұмыс істейді. Сізге жоғарыдан берілген процесс ретінде өз бойыңызда қуаныш, жайлылық, өмірге деген сүйіспеншілік сезімін жасауға тырысыңыз. Енді өзіңізді және отбасыңызды теңізде демалып жатқаныңызды елестетіңіз. Ең кішкентай бөлшектерді көрсетіңіз. Міне, сіздің ұлыңыз сізді қолыңыздан ұстап, толқынмен жүру үшін теңізге апарады, бірақ бүкіл отбасы кешкі курорттық қаланы аралауға жиналды. Әркімнің жүзінен күлкі, көзінде бақыт. Осы күйде болуы мүмкін барлық эмоцияларды сезініңіз. Бүкіл отбасымен теңіздегі мерекенің суреттерін анық елестету ғана емес, сонымен қатар дәл қазір шын мәнінде болып жатқандай барлық эмоцияларды сезіну өте маңызды. Бұл жаттығуды қолданып көріңіз және оның қаншалықты жақсы жұмыс істейтінін жақын арада көресіз. Шындығында, терең сезілетін эмоция өмір жағдайларын өзгерте бастайтын ерекше механизмдерді қамтиды, осылайша ойластырылған шындыққа айнала бастайды. Эмоция жүру кезінде күшейеді, өйткені денедегі энергия айналым күйінде, белсендірілген.

Жаттығу: "Қадамдар мен тыныс алуды санау". Жаттығу баяу қарқынмен жүру кезінде орындалады. Сіз барып, екі қадамды санауыңыз керек – сол аяғы, оң аяғы-бір цикл. Сонымен қатар, біз тыныс алу циклдерін қарастырамыз-дем алу – дем шығару-бір цикл. Екі есепті бір уақытта бақылау үшін қадамдарды ақылмен санау ұсынылады, ал тыныс алу циклдері сандар түрінде ұсынылады – бір, екі, үш... Бастапқыда бір тыныс алу циклі үшін бес қадам алынады. Біртіндеп тыныс алу тереңдігін арттыра отырып, сіз бір циклды он сатыға дейін жеткізе аласыз. Осылайша, кем дегенде үш жүз қадам циклінен өтіп, сіз кеңістіктік және логикалық ойлауды қарқынды түрде қалай бастағаныңызды сезінесіз. Бұл жаттығу таңертең жұмысқа барғанда өте жақсы. Бұл мидың жаңа күнге қосылуына көмектеседі, сіздің санаңыз айқын болады, өзін-өзі бақылау күшейеді, өйткені сіз "күннің шындығынан" біраз уақыт алыстайсыз. Тағы бір фактіні атап өткен жөн – егер сіз жаттығу кезінде тыныс алуды баяулатсаңыз, сіз жаңа күнге толық дайындала алатын өкпеге жақсы жүктеме аласыз.

Жаяу жүру процесін жақсы көретін көптеген адамдар зейінді жақсарту үшін жиі жаттығулар жасайды. Шығармашылықтың шегі жоқ. Әр адам әртүрлі вариацияларда өздері үшін қызықты және ерекше нәрсе ойлап таба алады.

**Қортынды.** Сонымен қорыта келгенде жаяу жүрудің пайдасы, ағзаға әсері зор екенін біле тұра, іс жүзінде орындай бермейміз. Сондықтан адамдар жаяу жүрудің өзін шаршамай, арнайы жаттығу ретінде қарастырғаны тиімді болып табылады. Ақылды жүру адамға өзін-өзі тануға ғана емес, сонымен қатар әлемді танудың жаңа көзжиектерін ашуға көмектеседі. Ең бастысы - бәрін сүйіспеншілікпен және сауатты жасау.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Жулидов, Максим Бег и ходьба вместо лекарств. Самый простой путь к здоровью / Максим Жулидов. - М.: АСТ, 2011. - 183 с.
2. Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/Zdorove/31281/>
3. Ақпарат дереккөзі: <https://docplayer.com/208816186-Sovety-po-hodbe-sbornik-materialov-i-publikacij-chelovekidushchiy-rf-chelovekidushchiy-aleksey-kalinchev-yuliya-verklova-alena-murlaeva.html> .

*Ғылыми басылым*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК СІңІРГЕН ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ,  
ПРОФЕССОР ШЕПЕТЮК МИХАИЛ НИКОЛАЕВИЧТЫҢ 70-ЖАС МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН  
«БІЛІМ БЕРУ, ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ, ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТТАҒЫ ИННОВАЦИЯ»  
VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ**

**МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

*Алматы қ., Қазақстан, 1 желтоқсан 2023 ж.*

**ИБ №60**

Басуға 14.12.2023 жылы қол қойылды. пішімі 60x84 1/16.  
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Көлемі 14,7 б.т.

«Smart University Press» баспа үйі баспаханасында басылды.  
050028, Алматы қаласы, БЦ Бизнес-Сити, Байтұрсынов к-сі, 85/114, блок Ж.